Подробности всех перипетий в Казани и Москве Шейх-Али изложил в своих «Воспоминаниях по истории возникновения Завода пишущих машин в Казани».

После ознакомления с конструкцией ПМ «Яналиф» сотрудниками Института техники управления, специалистами (во главе с главным инженером) строящегося в г.Лигово завода пишущих машин и Центрального объединения «Оргметалл» был сделан справедливый вывод — в Казани решена задача огромной важности, имеющая всесоюзное значение. В Москве были «изумлены смелостью», с какой была сделана ПМ «Яналиф».

После экспертизы в Институте техники управления при Наркомате рабоче-крестьянской инспекции СССР (Москва) было дано заключение о

целесообразности наладить массовый выпуск пишущей машины «Janalif» в Казани.

В декабре 1930 г. Постановлением Совнаркома ТАССР мастерская была переименована в Фабрику пишущих машин. Первое время Шейх-Али занимал две должности — директора фабрики и технорука, что, конечно, давалось ему нелегко. Нужно было организовывать новые цеха, участки, набирать и обучать рабочих, ИТР. 31 декабря 1930 г. директором фабрики был назначен старый большевик и опытный технарь И.А.Жирнов. Оставаясь в должности технорука (так тогда именовалась должность главного инженера), Шейх-Али много сил вкладывал в перевооружение фабрики, открытие которой состоялось в первых числах января 1931 г. Было запланировано изготовление в текущем году 100 пишущих машин.

Шейх-Али мечтал о монтаже поточных линий, конвейеров, освоении технологии взаимозаменяемости деталей и т.д.

Планов громадье было нарушено отстранением с должности А.А.Шейх-Али в мае 1931 г. 6 мая 1931 г. на фабрике А.А.Шейх-Али был арестован и без предъявления обвинения заключён в тюрьму. Через год, перед отправкой в ГУЛАГ, ему объявили, что он осуждён на 5 лет по печально знаменитой 58-й статье. Сталинская мясорубка судеб не забыла упоминавшееся выше «Письмо 82». Ведь в то время никто в стране не мог иметь собственного мнения.

У потомков А.А. Шейх-Али сохранились собственноручно написанные воспоминания Аскара Алиевича о том периоде – «Записки заключённого».

Инженерный ум и талант изобретателя А.А. Шейх-Али проявлялись и в заключении: им была решена сложнейшая проблема в области гидроэнергетики в пос. «Медвежьегорск» (ГУЛАГ), за что срок заключения сократили до 3 лет и освободили досрочно.

Но последствия заключения ещё долго, целых двадцать лет, коверкали его жизнь, лишая права проживать в столицах и режимных городах, в том числе в Казани. Разумеется, он честно работал после освобождения, но уже не на любимом, созданном им заводе, а конструктором в области механической обработки древесины, которая начала развиваться в городе Волжске (Марийская республика).

В 1959 г. при пересмотре дел ОГПУ А.А. Шейх-Али был полностью реабилитирован «за отсутствием в его деле состава преступления».

Возвратившись в Казань в 75-летнем возрасте, А. А. Шейх-Али до самой смерти (июль 1968 г.) не терял интереса к технике и не прекращал заниматься всевозможными усовершенствованиями.

ПМ «Яналиф» не является изобретением в силу своей непатентоспособности. В конструкции ПМ «Яналиф» А.А.Шейх-Али реализовал лучшие инженерные решения того времени. Главная его заслуга состоит в организации с «чистого листа» серийного производства

ПМ в аграрной стране, в условиях разрушенного хозяйства, отсутствия обученных кадров.

Трагедия А.А.Шейх-Али — это трагедия в масштабе страны. Сколько его талантливых идей остались невоплощёнными...

Однако и сейчас с настойчивостью, достойной лучшего применения, появляются публикации по истории создания ПМ в Казани, где идея Шейх-Али даже не упоминается, а его заслуги приписываются другим.

Пришло время покаяния, долг живущих — воздать должное уму талантливого изобретателя, правнука хана Жангира — почетного члена Казанского Императорского Университета, основателя Казанского завода «Пишмаш» А. А.Шейх-Али.

Список литературы

1. Дневники семьи Шейх-Али. Воспоминания дочери А.А. Шейх-Али – Диноры (пра-правнучки хана Жангира) и внука А.А. Шейх-Али – А.М. Хлопушина (хранятся в семье потомков А.А. Шейх-Али г. Казань).
2. А.А. Шейх-Али «На постройке Беломоро-Балтийского водного пути. «Воспоминания заключенного» (Документы хранятся в семье внука А.А. Шейх-Али А.М. Хлопушина г. Казань).
3. А.А.Шейх-Али «Воспоминания по истории возникновения завода пишущих машин в Казани» (Документы хранятся в семье внука А.А. Шейх-Али А.М. Хлопушина г. Казань).
4. М.Ш. Бадрутдинова, Г.Х. Галимуллина «Пишущая машина» Татарская энциклопедия (ТЭ) 2008 г. с 634–635.
5. М.Ш. Бадрутдинова А.А. Шейх-Али – основатель первого в СССР завода пишущих машин. Научно-практическая конференция, М. 2–4 декабря 2009 г., с 101–104 (Политехнический музей М., Ассоциация научно-технич. Музеев ИСОМ. РАН, Институт истории естествознания и техники им Вавилова).
6. М. Бадрутдинова, Г. Галимуллина, Трагедия изобретателя, газета «Татарский мир» М, №4 (6315) 2010 г., с13.
7. М. Бадрутдинова, С. Колина, Казань в переплетении судеб. Журнал Казань ISSN 0869–6616 №5, 2012 г., с 50-55.
8. М.Ш. Бадрутдинова . Шейх-Али Али Давлетович. Татарская энциклопедия (ТЭ), 2014 г. том 6, с 402-403
9. М.Ш. Бадрутдинова, Г.Х. Галимуллина. Шейх-Али Аскар Алиевич. Татарская энциклопедия (ТЭ) , 2014 г. том 6, с 403.

**«ШҰҒЫЛА» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКТОРЫ, ҚР ЖУРНАЛИСТЕР
ОДАҒЫНЫҢ МҰШЕСІ. ЖӘНІБЕК АУДАНЫ, БАТЫС
ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ**

ОТТЫ ЖЫЛДАРДАН ОРАЛМАҒАН ОРДАЛЫҚТАР

Батыс Қазақстан Сталинград майданының ең жақын тылы болған соғыс жылдары Орда өңірінің тұрғындары да Ұлы Отан соғысының қанды шеңгелінен біраз ауыртпалық тартты. Киелі Орда жерін де соғыс шарпып өтті. Қалай айтсақ та кең байтақ қазақ жерінің Жәнібек және Орда аудандары отты жылдар ойранын бастан кешті. Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағаты Жалпақтал филиалы мен Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағатында әлі күнге сақталған құжаттар сонау соғыс жылдарынан мол мәлімет берері анық. Сонымен қатар С.П.Беланның 1990 жылы Алматы қаласындағы «Ғалым» баспасынан жарық көрген «Казахстанцы в битве на Волге» атты кітабында және К.Доскалиевтің 1983 жылы Алматы қаласынан шыққан «Сражающемся Сталинграду» атты кітабында бұрынғы Орда ауданы аумағындағы соғыс жылдарындағы жағдайлар кеңінен сипатталған. Елімізге танымал журналист Жанболат Аупбаевтың 2001 жылы 31 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан «1942 жыл. Қазақ даласы, құмға құлаған «Юнкерс» атты мақаласы, ордалық өлкетанушы, журналист Амантай Хамзин ағамыздың әр жылдары жазған тарихи мақалалары арқылы Орда жерінің Ұлы Отан соғысы жылдарынан сыр шертер мағлұматтар алуға болады. Жоғарыда атап өткен еңбектерге тоқталмайын. Десек те құр сөзбен емес, тарихи құжаттарды тілге тиек етемін. Ендеше, КСРО Қорғаныс халық комиссары Иосиф Сталиннің 1941 жылғы 26 қарашадағы КСРО еуропалық бөлімінің әскери округтер құрамының аумағы туралы № 0444 бұйрығы кімді болсын бейжай қалдырмасы анық. Құжатты орыс тіліндегі нұсқасымен еш өзгертпестен сол қалпында назарларыңызға ұсынамын.

«... С 1 декабря 1941 г. территориальный состав округов европейской части Союза ССР иметь в следующем составе:

Сталинградский военный округ: Сталинградская область (исключая района Еланский, Урюпинский и Ново-Анненский), Ростовская область с границей на юге по р.Дон до границы со Сталинградской областью, Калмыцкая АССР, Астраханский округ, западная часть Западно-Казахстанской области (районы Джаныбекский, Казталовский, Урдинский, Фурмановский).

Штаб округа – Сталинград.

Командующим войсками военных Сталинградского военного округа – генерал- лейтенант Герасименко Василий Филиппович.

Командующим войсками военных округов передачу войсковых частей, учреждений и заведений, переходящих территориально в состав других военных округов, закончить к 5 декабря 1941 г. и донести мне с приложением перечней передаваемых частей.

Приказ ввести в действие по телеграфу».[1: Қор №4. Тізім № 11. Іс №66]

Тарихи деректерге көз жүгіртсек, сол бір ер басына ауыр күн түскен заманда көппен бірге ел қорғауға аттанған азаматтар майдан даласынан оралмады. Олар кейінгі ұрпаққа бейбіт күнді сыйлап, өздері Отан үшін қаза тапты, хабар-ошарсыз кетті, жау қолында тұтқында азапты күндерді бастан кешіп, қайтыс болды. Жеке ізденіс барысында сол соғыстан оралмаған ордалықтар туралы біраз тың деректерге тап болдым. Ендеше, майданда жау қолына тұтқынға түсіп, елге оралмаған, алайда 1999 жылы Орал қаласынан жарық көрген «Боздақтар» кітабының алтыншы томына түрлі себептермен енбеген 19 ордалық туралы мағлұматтар төмендегіше сыр шертеді. Құжаттар неміс тілінде жазылған. Әр тұтқынға фашист офицерлері жеке іс қағазын ашып, толтырған. Онда олар тұтқынның және оның ата-анасының аты-жөндері мен мекенжайларынан мәлімет келтірген. Сонымен қатар тұтқындар қойылған сұраққа дұрыс жауап бермесе, ол үшін жазаланатыны жеке іс қағаздарында көрсетілген. Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатынан алынған неміс тіліндегі құжаттарды қазақ тіліне аударуға үлес қосқан Жәнібек ауданының орталығындағы Т.Жароков атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Әсемгүл Жұмабайқызы Ақбаеваға алғысым шексіз.

«Боздақтар» кітабының 6-томының 310-бетіндегі мына бір мәлімет қате берілген. Қараңыз:

Ақбашин Құспан Орда с. 1905 ж. туған. Қазақ. Жауынгер. 1943 ж. қаңтарда Германияда тұтқында қайтыс болған. РФ ҚМОН алынған мына дерек төмендегіше өрбиді. Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар ақ пен қарасын ажырата жатар. Аталмыш кітапта Ақбашин Құспан десе, мұрағат құжаттарында Ақбалин Хусаин деп мәлімет келтіріледі. Мұнда ордалық азаматтың туған жылы, туған жері және қайтыс болған мезгілі сайма-сай келіп тұр. Тек аты-жөнінде айырмашылық бар.

Енді сол РФ Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағаты мұнан әрі (РФ ҚМОН) www.obd-memorial.ru сайтынан алынған деректерге көз жүгіртейік.

Сонымен [3:Қор:58. Тізімдеме:977521. Іс:2056. Парақ:76] құжатында жазылған дерекке назар аударайық:

Ақбалин Хусаин, 1905 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауылында туған. 1942 жылы 7 шілдеде Донда тұтқынға түскен. Соңғы қызмет орны: 93-інші атқыштар полкі. Әскери шені: қатардағы жауынгер. 1943 жылы 19 қаңтарда тұтқында қайтыс болған.

Проскуров/Раковада жерленген. Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Орда.

Батыров Юсупкали, 1906 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауылында туған. 1942 жылы 24 қарашада жау қолында тұтқында қайтыс болған. Әскери шені: қатардағы жауынгер. Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Орда ауылы. [3: Қор:58. Тізімдеме:977520. Іс:2701. Парақ:16]

Гумаров Насыр Гумарович, 1896 жылы Орал облысында туған. Лагерьдегі нөмірі:70306. 1942 жылы 4 шілдеде Курскіде тұтқынға түскен. Лагерь: шталаг VI К (326). Соңғы қызмет орны: 416-ншы жұмысшылар батальоны. Әскери шені: қатардағы жауынгер. 1943 жылы 21 наурызда қайтыс болған. Жерленген жері: Баторн. Туысы мен мекенжайы: Норжама Гумарова (құжатта солай) Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Житвайск деревнясы (құжатта солай). [3:Қор: 58. Тізімдеме: 977521. Іс: 1338. Парақ:5]

«Боздақтар» кітабының 6-томының 333-бетіндегі мына бір мәлімет қате берілген. Назар аударайық: «Дүйсенғалиев Шәпен. Орда с. 1910 ж. туған. Қазақ. Жауынгер. 1942 ж. желтоқсанда тұтқында қаза болған».

Ал, [3: Қор:58. Тізбе: 977520. Іс:2614. Парақ:58] құжатта Шәпен емес Шарпен десе есімін, жерлесіміздің туған жылында да айырмашылық бар. Кітапта 1910 жылы туған десе, қолымыздағы тұтқынға қатысты құжатта 1904 жылы туылғаны жазылған. Бірақ бір нәрсе анық. Кітапта да және құжатта да Ш. Дүйсенғалиевтің қайтыс болған жылы бірдей. Және бір айта кетерлігі, кітапта ордалық азаматтың жерленген жері жазылмағанмен, мұрағат құжатында Проскуров/Раковада мәңгілік мекенін тапқаны көрсетілген. Ендеше, құжатты сөйлетіп көрелік:

Дүйсенғалиев Шарпен, 1904 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауылында туған. Соңғы қызмет орны: 29-ыншы атқыштар полкі. Әскери шені: қызыл әскер. 1942 жылы 9 тамызда Донда тұтқынға түскен. 1942 жылы 3 желтоқсанда тұтқында қайтыс болған. Проскуров/Раковада жерленген. Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Орда ауылы.

Езаханов Ишанғали Езахатович, 1905 жылы 12 қыркүйекте Қазақ КСР-і, Викатайда туған (Бекетай деп оқысақ дұрыс болар. Автор). Лагерьдегі нөмірі:146637. 1942 жылы 12 маусымда Артемовскіде тұтқынға түскен. Лагерь: шталаг X В. Соңғы қызмет орны:6-ншы атқыштар полкі. Әскери шені: қатардағы жауынгер. 1943 жылы 7 қазанда қайтыс болған. Жерленген жері: Зандбостель. Туысы мен мекенжайы: әйелі Жаниль Езаханова Астрахан облысы, Захма деревнясы. [3:Қор: 58. Тізімдеме: 977521. Іс: 1888. Парақ:52]

Исангазеев Байдаулет Исангазиевич, 1919 жылы Батыс Қазақстан облысы, Торғай ауылында туған (құжатта солай). Лагерьдегі жеке белгісі №148970. Соңғы қызмет орны: 12-нші атқыштар полкі. Қатардағы жауынгер. 1941 жылы 7 қазанда тұтқынға түскен. Лагерь шталаг IV В. 1943

жылы 25 қарашада қайтыс болған. Жерленген жері: Цайтхайн (III қорым.). 58 учаскедегі зират, I блок, 12 қатар, 19865 зират. Мекенжайы мен туысы: Мирсий Исангазеев Орал облысы, Орда ауданы, Торгай деревнясы (құжатта солай).[3: Қор:58. Тізбе: 977520. Іс:1919. Парақ:24]

Калханов Сапарғали Калханович, 1896 жылы 4 мамырда Батыс Қазақстан облысында туған.Лагерьдегі жеке белгісі № 70121.Соңғы қызмет орны:416-ншы жұмысшы батальоны. Қатардағы жауынгер. 1942 жылы 4 шілдеде Курскіде тұтқынға алынған.Лагерь шталаг VI К (326). 1943 жылы 6 наурызда қайтыс болған. Жерленген жері:Арнольдсвайлер. Мекенжайы мен туысы: әйелі Даникел Азаматова (құжатта солай) Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Житово деревнясы (құжатта солай).[3: Қор:58. Тізбе:977520. Іс:2970. Парақ:90]

Кубашев Кафдин Кубашевич, 1914 жылы Азгерда туған (Азғыр ауылы болар.Автор). Лагерьдегі жеке белгісі №95536. Соңғы қызмет орны:1836 атқыштар полкі. Қатардағы жауынгер. 1941 жылы 24 маусымда Гродно қаласында тұтқынға алынған.Лагерь шталаг III А. 1942 жылы 21 сәуірде қайтыс болған. Жерленген жері:Реппен.[3: Қор:58. Тізбе:977526. Іс:65. Парақ:25]

Кубжан Шатбай Кубжанович, 1902 жылы Батыс Қазақстан облысында туған. Лагерьдегі жеке белгісі №7915. Әскери шені:қатардағы жауынгер. 1942 жылы 6 шілдеде Воронежде тұтқынға түскен. Лагерь шталаг IX В. 1943 жылы 12 наурызда тұтқында қайтыс болған. Мекенжайы мен туысы: Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Деректильский ауылдық кеңесі (құжатта солай). [3: Қор:58. Тізбе: 977520. Іс:2739. Парақ:55]

Кушалиев Шертай, 1901 жылы Орда ауылында туған.1942 жылы 20 тамызда Донда тұтқынға түскен.Шталаг 355. Әскери шені: қатардағы жауынгер. Соңғы қызмет орны: 144-інші атқыштар полкі. 1943 жылы 28 сәуірде қайтыс болған. Мекенжайы: Б-Қазақстан облысы, Орда ауданы, Орда ауылы.[3: Қор:58.Тізімдеме:977520. Іс:2652. Парақ:62]

Мурзашев Курман, 1904 жылы Батыс Қазақстан облысында туған. 1943 жылы 22 маусымда Белгородта тұтқынға түскен.Лагерьдегі нөмірі:146099. Лагерь: шталаг VI К (326).Соңғы қызмет орны: 975-інші атқыштар полкі. Әскери шені:қатардағы жауынгер.1944 жылы 15 мамырда қайтыс болған.Жерленген жері:Витмаршен. Туысы мен мекенжайы: анасы Силиха Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы. [3: Қор:58. Тізімдеме:977521. Іс:1782. Парақ:45]

Муртағалиев Исит, 1918 жылы 5 қаңтарда туған.1941 жылы 26 маусымда Минскіде тұтқынға түскен.Лагерьдегі нөмірі:3966. Лагерь:шталаг IV Н (304).Соңғы қызмет орны: 55-інші атқыштар полкі. Әскери шені: қатардағы жауынгер. Қайтыс болған уақыты: 12.1941. Жерленген жері: Цайтхайн (орыс мәйіті). Зират 16 қатар, VII блок.Туысы мен мекенжайы: анасы Муртағалиева Слше Қазақ КСР-і, Заюгин стансасы,

Мордин ауданы, (құжатта солай. Сайқын стансасы, Орда ауданы деген сөз болар.Автор.) Азгир ауылы. [3: Қор:58.Тізімдеме:977520. Іс:1227. Парақ:64]

Мухамбетов Жанан Мухамбетович, 1897 жылы Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауылында туған. Лагерьдегі жеке белгісі №64786. 1942 жылы 7 тамызда Донда тұтқынға түскен. Әскери тұтқындар лагері шталаг XII А. Соңғы қызмет орны: 35-інші атқыштар полкі. Қатардағы жауынгер.1943 жылы 30 маусымда тұтқында қайтыс болған. Жерленген жері Больхен.Мекенжайы:Орал.Орда.Теректі. Әйелі Дарий Мухамбетова.[3: Қор:58.Тізбе:977521.Іс:1824.Парақ:19]

Мухтаров Халиулла Мухтарович, 1915 жылы Орал облысы, Ордада туған.Лагерьдегі нөмірі:32260. 1941 жылы 13 шілдеде Гомельде тұтқынға түскен.Соңғы қызмет орны: 605-інші атқыштар полкі.Әскери шені:қатардағы жауынгер.1942 жылы 28 мамырда қайтыс болған.Жерленген жері: Пржекопана зират 12. Туысы мен мекенжайы: Таисия Мухтарова Молотов обл.,Орда ауданы, Джякум (құжатта солай.Жиекқұм болар.Автор).[3: Қор:58.Тізімдеме:977520. Іс:2929. Парақ:25]

«Боздақтар» кітабының 6-томының 380-бетіндегі мына бір мәлімет бізді бейжай қалдырмады. Назар аударайық: «Наурызов Лұқпан.Орда с.1913 ж. туған. Қазақ. Аға сержант. 1941 ж. желтоқсанда хабарсыз кеткен».

Ал шын мәнінде осы ордалық жерлесіміз Ұлы Отан соғысында хабарсыз кетпеген. Жау қолында тұтқында қайтыс болған. Оған дәлел Ресей Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатынан «обд-мемориал» сайты арқылы алынған мына бір мәлімет [3:Қор:58. Тізімдеме:977520. Іс:2750. Парақ:54]. Сонымен, Лұқпан Наурызовтың мұрағат қорында сақталған жеке картотекасы былайша сыр шертеді.Оқып көрелік:

Наврусов Лукбан Наврусович, 1913 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауылында туған. Лагерьдегі нөмірі:23518. 1941 жылы 10 қарашада Черниговте тұтқынға түскен.Картотекада тұтқынның фотосы бар. Лагерь: шталаг 324. Әскери шені:қатардағы жауынгер.1942 жылы 21 желтоқсанда қайтыс болған. Жерленген жері: Хорош. Туысы мен мекенжайы: Наурус Нурманхамбе (құжатта солай) Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Орда деревнясы.Бір назар аударарлығы Лұқпан Наурызовтың әскери шені кітапта аға сержант десе, мұрағат құжатында қатардағы жауынгер делінген. Ал, кітап пен құжатта аты-жөні мен туған жерінде айырмашылық жоқ.

Нурашев Ирен Нурашевич, 1900 жылы Қазақ КСР-і, Ордада туған. Лагерьдегі нөмірі:146675.1942 жылы тамыз айында Донда тұтқынға түскен. Лагерь: шталаг X В. Әскери шені: қатардағы жауынгер. Картотекада тұтқынның фотосы бар. 1944 жылы 24 ақпанда қайтыс болған. Жерленген жері:Зандбостель. Туысы мен мекенжайы: Насып Нурашева

Қазақстан, Орда деревнясы . [3: Қор:58.Тізімдеме:977521. Іс:1986. Парақ:45]

Сакауп Нажи, 1903 жылы Орал облысы, Теректі ауылында туған. Соңғы қызмет орны: 35-інші атқыштар полкі. Қатардағы жауынгер. 1942 жылы 7 тамызда Донда тұтқынға түскен. 1942 жылы 6 желтоқсанда тұтқында қайтыс болған. Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Тирикта деревнясы (құжатта солай).[3: Қор:58. Тізбе: 977520. Іс:2682. Парақ:64]

Сахиев Писенгали Сахиевич, 1896 жылы Батыс Қазақстан облысы, Житовай ауылында туған. Лагердегі нөмірі:70125. Соңғы қызмет орны: 416-ншы жұмысшы батальоны. Әскери шені:қатардағы жауынгер. 1942 жылы 4 шілдеде Курскіде тұтқынға түскен.Шталаг VI К (326).1943 жылы 15 маусымда тұтқында қайтыс болған. Жерленген жері: Арнольдсвайлер. Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Одим ауданы, Житовай ауылы (құжатта солай). [3: Қор:58. Тізбе: 977520. Іс:2744. Парақ:16]

Сулейманов Кадыр Сулейманович, 1909 жылы 28 қарашада Сайкинде туған (құжатта солай).1942 жылы 15 тамызда Сталинградта тұтқынға түскен. Лагерьдегі жеке белгісі № 1812. Лагерь шталаг 366.1944 жылы 3 мамырда тұтқында қайтыс болған.Әскери шені: лейтенант. Германия, Падерборн ауданы, Форелькругте жерленген.[3: Қор:58.Тізімдеме:А-71744. Іс:3]

Сункарнай Ишангали, 1898 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жылқы зауытында туған. 1942 жылы 20 қыркүйекте Донда тұтқынға түскен.Әскери шені:қатардағы жауынгер.1943 жылы 29 наурызда қайтыс болған. Жерленген жері:Проскуров/Рако. Туысы мен мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Жылқы зауыты, (Кезінде Орда ауданында №67 жылқы зауыты болды.Автор).[3: Қор:58.Тізімдеме:977521. Іс: 1606. Парақ:20]

Турмышев Мағзун Турмышевич, 1901 жылы 3 ақпанда Орал облысында туған. Лагерьдегі жеке белгісі №70120.Картотекада тұтқынның суреті бар. Соңғы қызмет орны:416-ыншы жұмысшы батальоны. Әскери шені:қатардағы жауынгер.1942 жылы 4 шілдеде Курскіде тұтқынға алынған.Лагерь шталаг VI К (326). 1944 жылы 8 наурызда қайтыс болған. Жерленген жері Цайтхайн (Полигон) зират I блок, 14 қатар. Мекенжайы мен туысы: әйелі Тармыш Марзаганова (Тырмышева Мырзағаным болар.Автор) ҚазКСР-і, Орда ауданы, Жетвай деревнясы (құжатта солай).[3: Қор:58.Тізбе:977520. Іс: 1309. Парақ: 71] Бір айта кетерлігі, Тырмышев Мағзомның ұрпағы Қазыбек Тырмышев бүгінде Жәнібек ауданының орталығында тұрады.

Шакиров Кавир Шакирович, 1919 жылы Батыс Қазақстан облысы, Житовай ауылында туған. Лагерьдегі нөмірі:24259.Соңғы қызмет орны:223-інші артполк. Қатардағы жауынгер. 1941 жылы 11 шілдеде тұтқынға түскен.1942 жылы 15 тамызда тұтқында қайтыс болған.

Мекенжайы мен туысы: әкесі Шакир Избанов Батыс Қазақстан облысы, Житовой ауылы (құжатта солай).[3: Қор:58. Тізбе: 977520. Іс:2635. Парақ:95]

«Боздақтар» кітабының 6-томының-306 бетінде Орда аудандық әскери комиссариаты арқылы ұрыс майданына 4613 адам аттанып, олардың ішінен майдан даласынан оралмағандары-3028 адам; ұрыс даласында қаза болғандары-1408 адам; хабар-ошарсыз кеткендері-1410 адам; қан майдандағы жарақаттан қайтыс болғандар-206 адам; ал азап түнегіндегі тұтқында көз жұмғаны-4 адам деп дерек келтірілген. Ендеше, жеке ізденіс барысында «Боздақтар» кітабындағы кейбір деректерге өзгеріс енгізуге болатынына анық көз жеткіздім. Сонымен жау қолында тұтқында қайтыс болды деген 4 адамға жоғарыда анықтаған 19 адамды қосу керек. Аталмыш кітапта Ақбалин Құсайын мен Дүйсенғалиев Шарпен бар. Ал, хабарсыз кетті деген Лұқпан Наурызов тұтқында көз жұмған. Сонда соғыс жылдары тұтқында қайтыс болған ордалықтар саны 23 болады.

Енді бір айта кетерлігі, соғыста тобықтан қан кеше жүріп, жау қолына тұтқынға түсіп, кейін елге аман-есен оралған Зейнолла Нагиев пен Тасқара Сәрсенғалиев те осы аталмыш кітапқа қаза тапқан деп еніп кеткен. З.Нагиев пен Т.Сәрсенғалиев соғыстан кейінгі бейбіт өмірде қайтыс болды. Олардың ұрпақтары Жәнібек ауданында тұрады. Жоғарыдағы майдан даласынан оралмаған 3028 адамнан екеуін алып тастауға тура келеді. Сонда 3026 болады.

Өзге әскери комиссариаттар арқылы әскерге шақырылғанмен Бөкей Ордасы ауданының «Боздақтар» кітабына еніп кеткен Аbugалиев Даулет-Калит [315 п.], Батталов Салим [2:321 п.], Боранбаев Кумар [2:327 б], Жусупов Кенжеғали [2:347 п.], Култанов Рустам [2:367 п.], Уразов Сабыр [2:384 п.], Утешев Рамазан [2:386 п.], Паурин Матвей Кириллович [2:386 п.] сияқты қайран боздақтарды бұрынғы Орда ауданының есебіне неге кіргізген? Ендеше, осы сегіз боздақты жоғарыдағы 3026 санынан алып тастауымыз қажет. Сонда 3018 боздақ соғыстан оралмаған. Ал майданнан елге оралмаған 3018 адам деген дерекке бұрын-соңды ешқандай мәлімет болмаған тұтқында қайтыс болғаны мен анықтаған 19 адамды қосайық. Сонда бұрынғы Орда ауданы бойынша 3037 адам соғыстан оралмаған болады. Сонымен қоса, жеке ізденіс барысында майдан даласынан оралмаған 57 ордалықтың «Боздақтар» кітабының 6-томына енбей қалғанын анықтадым. Оның ішінде 13 жерлесіміз хабарсыз кеткен. 44 аға ұрпақ өкілі ұрыс даласы мен госпитальдерде қаза тапқан және әртүрлі аурулардан қайтыс болған. Ендеше, жаңағы майданнан оралмаған 3037 боздаққа 57 боздақты қосайық. Сонда 3094 адам оралмаған болады. Аталмыш кітапта майданда қаза тапқанмен, жерленген жерлері белгісіз 16 азаматтың мәңгілік мекендерін анықтадым. Тағы бір айта кетерлігі, Жәнібек және бұрынғы Орда ауданының «Боздақтар» кітабында 22 жерлесіміз қатар жазылған. Ордалық соғыстан оралмағандарға арналған

«Боздақтар» кітабының ішінде мына төмендегі аты-жөндері аталған азаматтар екі қайтара жазылып кеткен. Назар аударайық:

«Ермағамбетов Байдыш Сайқын с. туған. Қазақ. Жауынгер. 1943 ж. желтоқсанда қаза болған. Запорож. обл. Н-Харопица х. жерленген».[2:336 п.]

«Ермұхамбетов Білдаш Сайқын с. туған. Қазақ. Жауынгер.1943 ж. желтоқсанда майданда қаза болған. Запорож. обл. Н-Харапица х. жерленген». [2:336 п.]

«Қайдаров Зинет. 1911 ж.Атырау обл. Азғыр а. туған. Қазақ. Жауынгер. 1943 ж. наурызда жарақаттан қайтыс болған. Саратов обл., Ртищево қ. жерленген».[2:359 п.]

«Қойдаров Зинет. Орда ауд. 1911 ж. туған.Қазақ. Жауынгер. 1943 ж. наурызда жарақаттан қайтыс болған. Саратов обл. Ртищево қ. жерленген». [2:364 п.]

«Қойшанов Рахман 1919 ж. Жетібай а. туған. Қазақ. Жауынгер. 1944 ж. қаңтарда жарақаттан қайтыс болған. Кировоград обл. Новопрага ауд. жерленген».[2:364 п.]

«Хайтанов Рахман. 1919 ж. Жетібай а.туған. Қазақ.Аға с-т. 1944 ж. қаңтарда жарақаттан қайтыс болған. Кировоград обл. Александр Пушенкова д. жерленген».[2: 406 п.]

Сонда деймін жоғарыдағы қайта оралмас шығындар жөніндегі 3094 санынан үш санды алуға тура келеді. Сонымен соғыс жылдары қан майданнан оралмаған ордалықтар туралы барлық шығын әзірге 3091 болады.

Бұл сандар әлі де өзгеріске ұшырауы әбден мүмкін. Осы бір ізденіс жұмысыма нүкте қойылмайды дегім келеді. Тек игілікті істе қолдау көрсетер азаматтар табылса екен.

«Біреулер ойлап жүргендей, тарих дегеніміз сабадағы саумал емес – үстіне не құйсада божып тұра беретін. Тарих – өзін-өзі тазартып тұратын телегей теңіз іспетті. Ол өз табиғатына жат дүниені ешқашан қабылдамайды. Сырттан келіп қосылған кір-қоқыс, жапырақ-жаңқаны толқынмен шайып, жағалауға шығарып тастайды», - деп ақтангер жазушы Қабдеш Жұмаділов айтпақшы, қатпары қалың, терең ізденіс пен телегей білімді, тағатты төзімді қажет ететін Ұлы Отан соғысы тарихын зерделеп, «Боздақтар» атты тағзым кітабын шығарған әріптестерімнің еселі еңбегіне ризашылығымды білдіре отырып, жүйеленген зерттеу жұмысымды ұсынғандағы біздің мақсат түпсіз тұңғыық іспетті соғыс тарихына тамшыдай болса да үлес қосу болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. www.dean.usma.
- 2.Боздақтар. Книга памяти VI том. 1941-1945 ж.ж. Орал қаласы, 1999.
- 3.Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағаты
http :
// obd-memorial@elar.ru сайты

**«ӨРЛЕУ» БАҰО АҚ ФИЛИАЛЫ АСТАНА
ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ПҚ БАИ**

ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ОҚЫТУ ОРЫНДАРЫ

Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Оның бүгінгі өресі биік өскелең мәдениетінің түп төркіні сонау VI – VIII ғасырлардағы Орхон –Енисей ежелгі түрік жазбаларынан бастау алады. Бүкіл әлемдік өркениет тарихынан ерекше орын алатын әмбебап ғұлама әл-Фараби бабамыздан бастап, түркітілдес халықтарға ортақ өшпес асыл мұра қалдырған орта ғасыр ойшылдары: Баласағұни, Қашқари, Йассауи трактаттары, сондай-ақ Алтын Орда дәуірінің даналары: Хорезми, Сарай, Дулати, Жалайри, Әбілғазы, т.б. ғұламалардың еңбектері-халқымыз үшін теңдесі жоқ асыл қазыналар. Ал, Асанқайғы, Жиёмбет, Ақтамберді, Шалкиіз, Бұқар, Дулат, Мұрат, Махамбет, Майлықожа т.б. сол сияқты күміс көмей, жезтаңдай ақын-жыраулардың әртүрлі өмір құбылыстары, адам мен қоғам, жан мен тән, тіршілік тынысы туралы терең толғаныстарының, дана өсиеттерінің қазақ ұлтының сана-сезіміне, өркендеу дәрежесіне берген пайдасы, қосқан үлесі қаншама.

Қазақ халқы өзінің даму сатысында мүлде қараңғылықта өмір сүрді деп айтуға болмайды. Халық санасының ояу болуы, сол кезеңнің өз даму деңгейіне байланысты басқа да елдермен түрлі қарым-қатынаста болуына байланысты өрбіді. Ғылыми зерттеу деректері бойынша Қазақстанда, әсіресе отырықшы өңірлерінде VII–VIII ғасырларда мұсылманша бастауыш оқу орны, медреселер, діни білім беретін ортадан жоғары оқу орындары жұмыс істеген. «Сен білесің бе?» энциклопедиясының түсіндіруінше, «Көне замандағы медреселер қазіргі университеттердің дәрежесінде болған. Әуелі Құранның түсініктемесін оқып, екі жыл бойы жүзден астам сүремен танысқан да жағырапия, астрономия, пәлсапа пәндерінен дәріс алған. Отырар, Самарқанд, Бұхара медреселерінде Аристотельдің, Платонның, Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармаларын оқытушылардың көбісі өз өмірін білімге арнаған ғұламалар болған».

Ертедегі Исфиджаб, Тараз, Сайрам, Түркістан, Отырар т.б. қалалардағы медреселер саны 84-ке жетіп, бұларда 5 мыңға жуық шәкірттердің білім алғандығы жөнінде деректер бар. Мұсылмандық бастауыш оқу орыны – мектептер еліміздің түкпір-түкпіріндегі ауылдарда ашылып, татар, башқұрт, қазақ молдалары сабақ берді. Оқыту ақысы халықтан жыйналды. Балалар қыс, күз айларында – жылына 4–6 ай ғана оқып, білім алды. Оқуға жеті жастан бастап қабылданып, олар 9 жастағы балалармен де бірге сауаттарын ашты. Медреселердегі ұстаздар мен муддаристер араб, парсы дүниесі мен ғылымынан, мәдениетінен мол

хабардар жандар болып, көршілес елдердегі мұсылмандардың діни білім ошақтарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеді. Қазақ еліндегі алғашқы оқу орындарына Таяу және Орта Шығыс елдерінен де саяхатшы, жиһангерлер, ғылым, білім өкілдері келіп, олар да дәріс өткізді. Қазақтардың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары Шаш, Бұхара, Самарқанд, Мерв, Термез, одан арғы Тегран, Исфиһан, Шираз, оның арғы жағындағы Каир, Бағдад, Басра, Дамаскіге дейін барып, мұндағы білім ошақтарынан тағылым, білім алды. Сырдың оңтүстігіндегі Хорезм елімен де ғылыми, мәдени байланыс жасады.

Мұсылмандық бастауыш мектептер мен медреселерде сауат ашу араб хариіптері мен сөздерін жаттаудан, құранның араб тіліндегі мәтінін жатқа айтудан бастау алды. Шаһарлардағы медреселерде ауылдық жерлердегі оқу орындарының молдалары, қазилар, діндар сопылар, шарифат заңдары мен шарттарын түсіндіретін жоғары лауазымды дін қызметшілері дайындалды. Ауыл, қалалардағы бастауыш мұсылман мектептері Ислам діні мен рәсімдерін таратушы, халықтың ірі мәдениет орталығы болды.

Дегенмен замана өзгерісіне, уақыт талабына байланысты XIX ғасырдың жиырмамыншы және алпысыншы жылдары - Ресейлік патша үкіметі жүргізген реформалар қазақ даласын жаңа әкімшілік-территориялық бөліктерге бөліп қана қоймай, көптеген өмірдің барлық салаларын қамтитын өзгерістер енгізді. Жаңа қалыптасқан жағдайға бейімделу үшін халыққа өзінің өмір салтын өзгерту керек болды, өз болашағын өзі ойлау, өзінің қамын өзі ойлауға тиіс жағдайда болды. Сөйтіп халық ой-санасында бірте-бірте бетбұрыс жасала бастады. Бұрын мән берілмеген білімге назар аудару қажет болды. Патшалық Ресейдің қоластында болғандықтан, ресми тіл орыс тілі болғандықтан, орыс тілін үйрену, орыс мәдениетімен танысуға мәжбүрлі болды. Барлық өмірдің салалары, күнделікті шешуін таппайтын мәселелер отаршылармен қарым-қатынаспен байланысты болғандықтан, халық жаңа өмір салтын құруға мәжбүрлі де, мүдделі де еді. Сондықтан да осы уақытта ресейлік, орысша білімге деген қажеттілік пайда болды. Бірақ, кейін, бұл қажеттілік орыс тіліндегі білімге қызығушылық тудырып, құштарлыққа да айналып кетті.

Орыс-қазақ мәдени қатынастары Қазақстанның Ресейге қосылуының басталуымен байланысты. Осы кезеңде қазақ даласының басқа аймақтарына қарағанда Бөкей Ордасында жергілікті адамдар арасында сауаттылыққа, бастауыш білім алуға деген құлшыныс артты. Бөкей ордасында Ресеймен экономикалық және саяси байланыстың күшеюі де сауатты адамдарды көптеп қажет етті. Бөкей ордасының ханы Жәңгір ел басқару ісіне білімді жастарды кеңінен қатыстыра отырып, ескі рулық, старшиналық, сұлтандық басқару жүйесінің түп тамарына балта шабуды ойлады. Сондықтан да ол өз саясатын жүзеге асыруда білімді жастарға арқа сүйеуді қажет деп тапты.

Қазақ даласында қазақ мектептерін ашу туралы бастама тек қана отарлау саясатын көздеген патша өкіметі тарапынан шыққан жоқ, сонымен қатар қазақтың белгілі атқа мінерлері, ру басылары, орысша оқыған, білім алған өкілдері арасынан да шыққан болатын. Атап айтар болсақ, орысша білім алған, Ішкі Орданың ханы Жәңгір Бөкеевтің тікелей араласуымен 1841 жылы Хан Ордасында, Ордада екі сыныптық бастауыш мектеп ашылды.

«Жәңгір мектебі 1841 жылдың 6 желтоқсанында ашылды. Қала училищелері үлгісімен салынған парталы, тақталы тұңғыш мектептің қоңырау қағу салтанатына қатысқан Орынбор Шекара комиссиясының шенеуніктері таңданыстарын жасыра алмады. Алдымен Хакім молда құран оқып, шәкірттерге шашу шашылды.

- Қазақтың жас балалары болашақта оқу орындарына түсуі үшін өз ордамнан мектеп ашып отырмын. Шәкірттерді мұнда орыс, араб, парсы, қазақ тілдерінде оқып-жазуға үйретемін. Әсіресе, орыс тілінен қазақ тіліне және қазақшадан орысшаға аударуға, математикадан, географиядан бастапқы білімге және мұсылмандық ережелеріне оқытуды қолға аламын, - деп Жәңгір сөзін аяқтағанда Жасқұс көшесінің тыныштығын түріп, сыңғыр-сыңғыр жез қоңырау қағылды.

Мектеп табалдырығын аттаған 25 оқушының ең кішісі Жәңгірдің өз балалары 7 жастағы Ысмайыл мен Ыбырайым болды. Жеті бала мектеп жанындағы жатақта, қалғандары үйден келіп оқыды. Хан өз қаражаты есебінен әр жылы 8-15 баланың оқу шығынын көтерді. Қазақ жеріндегі тұңғыш интернат-жатақ та Жәңгір мектебі жанынан ашылды. Мектептің қамқоршысы да, алғашқы инспекторы да Жәңгірдің өзі еді. Оқу жылы барысында ханға шәкірттердің тізімі мен пәндер бойынша үлгерім бағалары көрсетілді. Жыл сайын 6 желтоқсанда мектепте салтанат ұйымдастырылды.»[1, 172-173]

Алғашында мектеп 25 балаға арнап салынған мектеп, 1848 жылға дейін Жәңгір ханның өз қаражаты есебінен жұмыс істеді. Ел ішінде бұл мектеп «Жәңгір мектебі» деген атауға ие болды. 1848 жылдан бастап, бұл мектеп Халық ағарту министрлігінің қаражатына көшіріліп, екі сыныптық училище дәрежесіне теңестірілді. Мектептің негізгі міндеті – мектеп қабырғасында алғашқы сауаттарын ашып, білім алған қазақ балаларын Орынбор Неплюев кадет корпусына, гимназияларға және басқа да оқу орындарына түсу үшін даярлау.

«Жәңгір мектебін бітірген шәкірттердің Неплюев кадет корпусына түсуге даярлығы жеткілікті болды. Мектеп білімімен Орынборға аттанғандардың бірі Салық Бабажанов болатын. Қазақ этнографы кейіннен: «Біздер Жәңгір мектебінде тәрбиеленген едік. Бір күні біздерді сарайға шақырып, хан сендермен кадет корпусына түсуге ықыластықтарыңды сұрайды деп ескертті. Хан біздерді өте ақжарқын отырып қабылдады және оқуға бару ықыласымызды сұрап білді. Бәрімізге

уыс-уыс күміс мәнет үлестірді. Бұл 1845 жылдың басындағы қыс еді. Келісім бойынша 1 шілдеде Торғын өзені бойында ханның жазғы жайлауында жиналуға тиіс болдық. Біздерді Орынборға жібергендері әлі есімде, ол мереке-той ретінде өтті. Ханның өзі жиналған 80 кісіні бастап, біздерді шығарып салу үшін атқа отырды. Бес шақырымдай жүрген соң бәрі тоқтап, балаларды ханның алдына келтіріп, жолымыз болып, аман жүруіміз үшін тілектер айтып, бата қылып, қоштасты. Білімге ден қою, хан өмірінің соңғы кезінде қазақ арасындағы ең қадірлі дәстүрге айналды» - деп естелік қалдырған» [1, 173]

«Осы тұста Неплюев кадет корпусына қабылданғандар арасында Мұхаметжан Бекмұхаметов та бар еді. Мұхаметжан кейіннен Исатай-Махамбет көтерілісі бұрқ еткен ереуілді аймақ – Теңіз округін қырық жылдай басқарып, әділдігімен қазаққа Мақаш әкім атанбақ. Өзге әкімдерге, қазақ ауқаттыларына тағылымдай болған «Қазақ даласындағы қайырымдылық» атты мақала жазбақ. Сөйтіп, кезінде Махамбет қарумен орнатпаққа арпалысқан әлеуметтік теңдікті Мұхаметжан білім-парасатымен орнықтыра алды.» [1, 173]

Сонымен, сабақ орыс тілінде жүрген бірінші қазақ мектебі 1841 жылы Хан Ордасында ашылса, екінші қазақ мектебі 9 жылдан кейін, 1850 жылы Орынборда шекара комиссиясының жанынан үстем тап, яғни сұлтандардың, билердің және ауқатты қазақтардың балаларынан хат жүргізушілерді және аудармашыларды дайындау мақсатында ашылды. Қазақ халқының тұңғыш педагогі, ағартушы-демократы, ақын-жазушысы Ыбырай Алтынсарин осы мектепті бітірген. Балғожа би (Ыбырайдың атасы) немересі Ыбырайды 1850 жылы Орынбор шекаралық комиссиясы жанынан қазақ балалары үшін ашылған жетіжылдық мектепке оқуға береді. Оны Ыбырай 1857 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Сөйтіп, ол математика, физика, биология, жағырафия, тарих, әсіресе орыс тілінен өз заманына сай терең де жан-жақты білім алады.

Ұрпақ сабақтастығы қашанда өз жалғасын тауып жатады. «Жәңгір мен Ыбырайдың есімдерінде о бастан-ақ бір жарасымдық жалғасын үзбей өтті! Айталық, Жәңгір тұңғыш мектеп ашып, Жасқұста алғашқы қоңырау соғылған 1841 жылы Қостанай өңірінде болашақ ағартушы-ғалым Ыбырай Алтынсарин дүниеге келді. 1845 жылы хан ұлы Ысмайылды Неплюев корпусы болып қайта ірілендірілген бұрынғы әскери училищеге бергенде, атасы Балғожа би де Орынборға бес жасар немересі Ыбырайды жетектеп келіп, оқуға кандидат етіп жазғызды. Ұлтын өнер-білімге жетелер кезде екі тұлғаның ой-ниеттері де орайлас шығыпты.

Жәңгір: Мынау заманда тек оқу мен жазуды ғана емес, түрлі ғылымды игермей болмайды. Онсыз хақ тағала пайғамбарымыз дарытқан дінімізді де ден қоя үйрене алмаймыз, - деген үгітін жеке үлгісімен дәлелдеді.

Ыбырай: Өнер-білім бәрі де оқуменен табылған. Оқу білген таниды бір жаратқан Құдайды, танымаған Құдайды неғылғанда ұнайды, - деуімен жасөспірім достарын ілгері жетеледі.» [1, 174-175]

Жәңгір хан мектебінің түлектерінің ішінде қазақ халқының көрнекті ғалымдары, ағартушы-демократтары, белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері, белгілі өнер адамдарын көптеп кездестіруге болады. Атап айтқанда, XIX ғ.екінші жартысында өмір сүрген қазақтың көрнекті ғалымдары, ағартушы-демократтары Мақаш Бекмухамедовті, Мұхамед-Салық Бабажановты, Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін бітірген Бақтыгерей Құлмановты, Сәлімгерей Жантуринді, ағайынды Батырқайыр, Әбділкәрім Ниязовтарды, Тарту университетінің түлегі Сәлімгерей Нұралихановты, Қазан университетінің заң факультетін бітірген Уәлихан Танашевті, Қазан, Саратов университетінің медицина факультетін тамамдаған Мажит Шомбаловты, Махмұт Шолтыровты, белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері Сейтқали Меңдешевті, Алма Оразбаеваны, халқымыздың алғашқы инженер қызы Мәдина Бегалиеваны, көрнекті ақындар Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қараш және есімдері кеңес өкіметі емес, патшалық Ресей тұсында да танымал болған тұңғыш қазақ генералдары Ғұбайдолла Жәңгіров пен Рамазан Құрманалиевті, Шәкір Жексенбаевты, осы Ордадағы Жәңгір мектебінің түлектері екендігін мақтан етуге тұрарлық.

Хан Ордасында 1841 жылы Жәңгір ханның ұйымдастыруымен қазақ даласында бірінші ашылған жаңа типтегі, ескі мұсылман мектептері мен медреселерінен ерекше екі сыныпты орыс-қазақ мектебінің төңкеріске дейін және одан кейін алғашқы ұлт кадрларын даярлауда рөлі ерекше. Мектеп Жәңгір ханның қаражатына салынды. Қазіргі уақытпен алғанда Жәңгір хан ұйымдастырған мектептің 175 жылдық тарихы бар. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында осы мектеп базасында республикада алғаш рет өтпелі дәуірдегі жоғары оқу орны - Бөкей халық ағарту институты жұмыс істейді. Бірақ бұл институттың ғұмыры ұзаққа бармады, жаңа өкіметтің оған қажетті маман, керекті қаражат жағынан дұрыс көңіл бөлмеуі салдарынан ол жылдан соң, 1923 жылдан бастап педагогика техникумы, педагогикалық курс болып қайта құрылды. Кейіннен мектеп жалпыға бірдей орта білім беретін орта мектеп болып, өз білімін жалғастыра берді.

Әдебиеттер:

1. Ақ Жайық журналы № 1 / 2016 ж.
2. Интернет материалдары.

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДОЦЕНТІ, ТАРИХ. ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ,
КАНДИДАТЫ, ҚАЗАҚСТАН, ОРАЛ ҚАЛАСЫ.**

**ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ БӨКЕЙ ӨЛКЕСІ
ТАРИХЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ**

XX ғасыр басындағы Бөкейлік алаш зиялыларының бірі және бірегейі,- Ғұмар Қараш.

Демек, Бөкей өлкесінің тарихында ерекше орын алатын саяси тұлға еліміз тәуелсіздігінің арқасында ғана бүгін күні ұрпақ мақтанышына айналып отыр. Өкінішке орай, оның есімі мен халық игілігі үшін атқарған қызметі ұзақ уақыт көмбеде қалып келді.

Тарихшы ғалым И.Кенжалиев: «Ғұмар Қараш» еңбегінде: «Ғұмар Қараш - қазақтың ұлы педагогі. Ол орыс, татар, араб, парсы т.б. тілдерде көп оқыған, сол білігін қазақтың ежелгі педагогикалық, этикалық тәжірибесі, ұстамымен ұштастыра отырып, өзінше жаңа заман талабына сай ұсыныстар жасаған. Ол 1919 ж. Қазақтың алғаш педагогикалық “Мұғалім” журналын шығаруға қатысып, жетекші болып, қазақта тұңғыш рет ғылыми педагогика мәселесін жазған» [1, 46-б.], - деп тұжырым жасайды.

Ұлт келешегіне, ұлтымыздың даму мәселелеріне көңіл бөліп, Ғұмар Қараш басты назарды надандықпен күреске, саяси теңдікке аударып, тәуелді жағдайда әуелі оқу, білім, ғылымды насихаттады:

Тыңда қазақ сөзімді
Білім, өнер қаруың
Құралданып бойыңа,
Жігер жаһан қылышын
Ғибратпен ұстап қолыңа
Әзірлен, қазақ, әзірлен, - деп шақырды.

Қазақстанда Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан-ақ халықтың сауатсыздығын жою ісіне ерекше мән беріліп, халық ағарту саласындағы сиездер өткізіліп, түрлі қаулы қарарлар қабылдағаны тарихтан белгілі.

1918 жылдың 1-10 қыркүйек күндері Бөкей облыстық II Кеңестер сиезі өткізіліп жатқан кезде, екінші қыркүйекте Бөкей губерниялық мұғалімдер сиезі ашылады. Осы сиезге Ғұмар Қараш та қатысады. Сиездің бірінші күні РКСФР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының Қазақ бөлімінің бастығы Мұхамедияр Тұңғашин оқу-ағарту ісі жайында баяндама жасады. Оқу комиссары Сейтқали Меңдешев есеп береді. Қалған екі күн бойы сиезде өлкедегі мектептердің жайы, мектептен тыс білім беру мәселелері талқыланады. Ауыл мектептерін молдалардың қолынан алып,

жаңа үлгідегі 90 мектеп ашу белгіленді. Сиездің соңғы мәжілісінде 7 баптан тұратын қаулы қабылданады:

1. Далалық жерлерде 30 көшпелі оқырман кітапханалары ашылсын.
2. Жалпы білім беретін және ауыл шаруашылығы пәндері бойынша дәрістер оқу үшін далалық 7 бөлімге 7 лектор тағайындалсын.
3. Бөкей Ордасында ересектер үшін 4 сауат ашу курстары ұйымдастырылсын.
4. Ересектерді оқыту ісі ауыл мұғалімдеріне жүктелсін.
5. Мектептен тыс білім беруге қажетті қаржы смета бойынша Орталық Қырғыз Комиссариатынан бөлінуі тиіс.
6. Шығыс қаржысын есептеу үшін 4 адамнан құрылған комиссия тағайындалсын.
7. Осы мәжілісте комиссия құрамына мына адамдар сайлансын: Ғұмар Қараш, Иса Қасымов, Нұрмұхамед Шигиров, Ізбасар Камалов [2, 198-б.].

Сонымен осы Бөкей губерниялық мұғалімдер сиезінің шешімімен Ғұмар Қарашқа ересектердің сауатсыздығын жоюға шығатын шығыс қаржы жобасын дайындайтын комиссияны басқару тапсырылады.

Сондай-ақ ғалым Мақсат Тәж-Мұрат өзінің «Ғұмар Қараш» еңбегінде 1919 жылғы 3-15 қаңтар аралығында өткен мұғалімдердің екінші сиезі туралы да толық деректер келтірген. Халық ағарту саласындағы бағдарламалық, ұйымдық мәселелер туралы маңызды шешімдер қабылдаған бұл сиездің басынан бастап 11 мәжілісі Ғұмардың төрағалығымен өткенін баяндайды.

Ғұмардың осы сиездегі белсенділігі туралы Ж.Сәрсековтың 1963 жылы жазылған естелігінде былайша келтірген: «Мен бұл адамды (Ғұмарды – М.Т.М.) күз айларының бірінде (1919 ж. қысы – М.Т.М.) болған мұғалімдер сиезінде тағы да көрдім. Ол сол сиездің председателі болып сайланды. Осы алты-жеті күнге созылған сиездің басынан аяғына дейін қатысты... Осы сиезде Ғ.Қарашев бірнеше рет сөз сөйледі. Сол кісінің ұсынысы бойынша Орда қаласында педтехникум ашу, “Мұғалім” атты журнал шығару, болыс сайын бастауыш мектеп ашу (сол кезде Бөкей Ордасында 84 болыс болатын) туралы қарар қабылданғаны есімде бар» [3, 72-б.], -деп жазады..

Сондай-ақ деректерден Бөкей өлкесінде өткен осы сиез мәжілісіне Ғұмар Қараштың белсене қатысқанын анық көруге болады: «Кто может быть мугалимом и какое образование нужно для этого?, «Сиезд после долгого совещания постановил: Тот, кто преподает в нац. школе I ступени, в данный момент, в I отделении, тот может быть мугалимом, и тот, кто знает родной язык и прошел пятигодичный курс нац. школы или имеет аттестат III отделения... Немесе: «10-ыншы мәжіліс 12-ғинуар күндізгі сағат 10-да Ғұмар Қарашев тарапынан ашылды. Мектептердің басқарылу

реттері туралы. Әрбір мектепте мектеп советі құрылысын да, мектептердің басқарылуы солардың қолында болсын».

Сонымен бірге сиезде оқу үрдісі бойынша ұлттық ерекшеліктер ескеріліп, бірқатар қаулылар шығарылады.

1. Уақытша қазақ тұрмысына қарап, 9 бенен 10 жастағы балаларды бастауыш мектептің бірінші синифына қабыл алынсын.
2. 11 мен 12 жастағы балалар да қабыл алынсын. Бірінші синифтың екінші тобы (группасы) болып оқытылсын һәм бұл топ (группа) баланың саны 5-ке толғанда ашылып, 15 балаға қадар алынсын [4].

Сиез халық ағартушысының қазақ халқының бостандық жолындағы дұшпандарының үлкені надандық екендігі, сол үлкен дұшпан надандықпен күресу жолында қол бастап, көкірек керіп, қарсы күресетін күш мұғалімдер екендігі туралы айтқан қорытынды сөзімен жабылады.

Осы екінші мұғалімдер сиезінде қазақ тарихындағы тұңғыш арнаулы педагогикалық әдістемелік басылым «Мұғалім» журналын шығару туралы қаулы қабылданған еді. Қазақ тарихындағы тұңғыш арнаулы педагогикалық әдістемелік басылым «Мұғалім» журналы ел ішіне тез тарап, белгілі басылымға айналады.

Қараштың ағартушылық қызметінің пәрменді дамыған тұсы 1919 жылдары деп «Мұғалімнің» бірнеше сандарында жарияланған, «Педагогика» атты еңбегін дәлел ете отырып, айтуға болады (Алайда оның бұл «Педагогика» еңбегі аталмыш журналдың №2 және №7 сандарында ортасынан соңына дейін жарияланған күйінде ғана жеткен).

Зерттеуші М.Ысмағұлов «Шын мәнісінде педагогика қағидасын ана тілімізде жазған тұңғыш автор Ғұмар Қарашев», -деген ой түйіндейді [5].

Ал ұлттық педагогика тарихын зерттеушілер арнайы «Педагогика» деген ат қойылып, 1919 жылы жазылған еңбек – Ғұмар Қараштың мақаласы екенін, ал Мағжан Жұмабаевтың осы аттас екінші көлемді еңбегі 1922 жылы жарық көргенін жазады. Міне, осы тұрғыдан Ғұмардың «Педагогика» еңбегі өз халқын білім мен ғылымға, мектеп ашып, балаларды оқытуға, адамгершілікке шақырудағы көп жылдық ұстаздық қызметінің, жан-жақты ізденісінің жемісі – оның ғылым саласындағы қазақ тілінде тұңғыш жазылған «Педагогика» еңбегі.

Педагогикада жас ұрпақ тәрбиесіне жауапты ата-аналар мен тәрбиешілер үшін бүгінгі күнде де өзінің мәнін жоғалтпай отырған қағидалар мен тұжырымдамалар айтылады. Мысалы: «Шәкірттеріңізге ауыздай үгіт бермеңіз, пайдалы нәрсені өздері тәжірибе арқылы тапсын.

Оларды еште жазаламаңыз. Олар айыпты болудың не екенін білмейді.

Оларды еш уақытта кешірім сұрарлық халге түсірмеңіз. Олар сізді жәбірлей алмайды... .

Ғұмар Қараш бала тәрбиесіндегі мұғалімнің роліне айрықша мән береді. «Балаларға тәрбие берушілер мүмкін болғанша жастардан болу керек. Осылай болғанда тәрбие беруші өзінің шәкіртіне ең жақсы жолдас, ең сенімді сырлас болып, оның түрлі жұбаныш халдерін ортақтасар, бөлісер еді» [6],-деп тәрбиенің кешенді (комплексті) жүргізілуін және тәрбие берудегі үш принцип – ақыл тәрбиесі, ой тәрбиесі, дене тәрбиесін бір-бірімен ажыратпай байланыстыра қарастыруды меңзейді.

1911-1913 жылдары Ғұмар Қараш Орда, Орал қалаларында Е.Бұйрынмен бірігіп «Қазақстан» газетін шығарады.«Газет Ғұмар Қараштың ұсынысымен «Қазақстан» деп аталады. Оның алғашқы екі саны Орда қалашығында 1911 жылы 16 наурыз, 27 мамырда жарық көреді» [1, 84-б.]. «Қазақстан» газеті революцияға дейінгі жарық көрген басқа да мерзімді басылымдармен салыстырып қарағанда өзінің демократиялық, реформаторлық идеяларымен яғни әлеуметтік прогрестің жаршысы сынды сапасымен ерекшелене түседі [7, 52-б.].

Бізге жеткен деректерге сүйенсек 1917 жылдың сәуір айында өткізілген I Бөкей сиезі Ғұмарды Мәскеуде болатын Ресей мұсылмандарының жалпы сиезіне өкіл етіп жібереді. Ресей мұсылмандарының уақытша Орталық бюросының (Милли Шуро) ұйымдастыруымен өткізілген бұл I Мұсылмандар сиезі-жадидтік бағыттағы Ресей мұсылмандарының тұңғыш бос қосуы еді. Мәскеу сиезінде Ғұмар қазі қызметіне бекітіліп, 1917 жылдың маусым айының соңында Уфаға аттанады. Башқұртстан Республикасының Орталық тарихи архивінде сақталған Орынбор діни басқармасының құжаттары Ғұмардың мүфтиліктің тікелей міндетіне жататын істердің барлығына дерлік белсенді араласып отырғанын дәлелдейді [8].

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен II жалпықазақ сиезінде Ғұмар Қараш сиез төрағасы Бақтыгерей Құлманұлының серігі (орынбасары) болып сайланады.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1918 жылдың жаз айларынан бастап, Ғұмар Қараш партиялық және Кеңес органдары қызметіне белсене араласады.

1919 жылдан партия мүшесі Хамит Чурин былай деп жазады: «После установления советской власти в Букеевской области, начиная с 1918 года он стал на платформу Советской власти, являлся преподавателем Букеевского педагогического техникума, организованного в г. Урде. Он являлся человеком высокоэрудированным».

Халқының ұлттық мүддесін ойлап, қоғамда болып жатқан өзгерістерге белсене араласқан Ғұмар Қараш 1919 жылы Ордада Иманғали Мендіханов, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Бисен Жәнекешов, Нұғман Манаев, Ғабіғали Сұлтанов, Ғали Беғалиев, Халел Есенбаев сияқты жәдид мұғалімдер тобымен «Жазушылар құрамасы» деген атпен ұйым құрады.

Сондай-ақ халық арасында беделі зор Ғұмар кең түрде үгіт-насихат жұмысын жүргізіп, өзінің кір жуып, кіндік кескен жерінде шаруалардан «Құрқұдық» деп аталатын ауыл шаруашылық артелін ұйымдастырады және оған өзі тікелей басшылық жасайды.

Ғұмар Қараш 1920 жылы 21 мамырда ІІ Бөкей губерниялық партия конференциясында үгіт насихат бөлімінің меңгерушісі болып бекітіліп, ал 1920 жылы мамыр айында Ордада Бөкей губерниялық Советтерінің ІV сиезіне делегат ретінде қатынасып, сиезде хатшы міндетін атқарады. Мәжілісте ұлт қатынастары, таптық мәселе тұрғысында өз ой пікірлерін батыл ұсынып отырады.

Алаш қайраткері Ғұмардың жоғарыда көрсетілген сан қырлы қызметтері тірі кезінде бағаланып, ел арасында үлкен құрметке ие болады. Сол кезде Орда қаласында жарық көрген «Киргизская правда» газеті 1920 жылғы №20 данасында Ғұмар Қараштың халық үшін жасаған игі істері туралы: «Во всей киргизской степи таких смельчаков, борившихся и будивший свой народ для идейной работы насчитывалось отдельными единицами. В Зауральских степях Абай, а у нас в Букеевской Орде Гумар Карашев» [9],- деп жазды. Бұл пікір алаш қайраткері Құмар Қараштың Бөкей өлкесінің тарихында ерекше орын алатынын дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, Ғұмар Қараш ұлт мүддесін көздеп, патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы батыл пікірлерін білдірген саяси ірі тұлға. Ғұмар Қараш сияқты Бөкейлік алаш азаматтары армандап өткен тәуелсіздіктің тұғырын берік ұстау бүгінгі ұрпақ міндеті болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Исатай Нәскенұлы Ғұмар Қараш. Орал, 2004. – 116-б.
2. Тәж-Мұрат М., Ғұмар Қараш. – Ақтөбе: А-Полиграфия ЖШС 2004. – 384 б.
3. Боранбаева Б. Ғұмар Қараш. Қоғамдық саяси-қызметі. Монография. – Алматы: Арыс. 2014. – 232-б.
4. Екінші толық мұғалімдер сиезі. // Қазақ дұрыстығы. 1919. №8. 15 январь
5. Ысмағұлов М. Ғұмар Қарашев. Қолжазба. Батыс Қазақстан облыстық тарихи өлкетану мұражайының (БҚОТӨМ) қорында.
6. Ысмағұлов М. Ғ.Қараштың тәлім-тәрбие туралы пікірлері // Қазақстан мұғалімі. 1959. 21-май.
7. Өзбекұлы С. Арыстары Алаштың. – Алматы: 1998, – 220-б.
8. Башқұртстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архив (БРОМА). 295- қ., 11-т., 921-іс.
9. Несколько слов о киргизской литературе и Тамирлар // Киргизская правда. 1919. №20.

**КАНДИДАТ ГЕОГРАФИЧЕСКИХ НАУК, ДОЦЕНТ КАФЕДРЫ
«ПРОМЫСЛОВАЯ ГЕОЛОГИЯ, ГИДРОГЕОЛОГИЯ И ГЕОХИМИЯ
ГОРЮЧИХ ИСКОПАЕМЫХ» АСТРАХАНСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕЩЕРА КЕНЕНБАЙ

О карстовых пещерах на территории Западного Казахстана в пределах Прикаспийской низменности в научной и научно-популярной литературе имеется весьма скудная информация. Не смотря на то, что изучению карстовых форм и процессов, имеющих место на данной территории, уделено немало внимания со стороны представителей академической науки.

Карстовые формы рельефа, как подземные, так и поверхностные приурочены к небольшим разобщённым карстовым районам, обусловленным выходами на дневную поверхность растворимых природными водами осадочных горных пород нижнепермского возраста, представленных гипсами и каменной солью. Эти породы вынесены на поверхность земли благодаря внедрению соляных масс из глубинных толщ в виде соляных куполов.




Рис. 1. Возвышенность Биш-чохо (Бесшоки) (М 1:100 000)

Одним из таких карстовых районов является возвышенность Биш-чохо (Бесшоки), расположенная в Атырауской области Республики Казахстан (рис. 1). Она находится в западной части Рын-песков и приурочена к Шунгайской зоне поднятий. Она представляет собой плоскую возвышенную денудационную равнину, окружённую бугристыми закреплёнными и барханскими полузакреплёнными песчаными массивами. Возвышенность вытянута в северо-восточном направлении на 10 км и имеет ширину около 3,5 км. Она располагает овальными очертаниями и приподнята над окружающей местностью на 30 м. Возвышенность Биш-чохо имеет площадь 35 км² и представляет собой плоскую поверхность, осложнённую гипсовыми буграми (с абсолютной отметкой до +14,6 м) и карстовыми формами рельефа.

Карстующиеся породы представлены нижнепермскими средне- и крупнозернистыми гипсами кепрока соляного купола. Согласно районированию карста Русской равнины возвышенность Биш-чохо входит в Прибаскунчакский округ Нижневолжско-Уральской карстовой области.

С пещерами возвышенности Биш-чохо астраханским спелеологом впервые довелось познакомиться в 1987 году. Более детальное их обследование было осуществлено только спустя 10 лет, в ходе последующих четырёх комплексных научно-исследовательских экспедиций по территории Волго-Уральских песков, организованных Астраханским отделением Русского географического общества в 1997-1999 г.г. и в 2009 году.

Следует отметить, что пещеры на возвышенности Биш-чохо известны давно. Так, например, геолог И.Б.Ауэрбах в 1854 году, в ходе своих исследований, проводившихся по поручению Императорского Русского Географического общества, обнаружил здесь в этом районе две пещеры. Вот, что он пишет о них: - «...Две из них, лежащие в равнине, у северного подножия Бисчохо, были посещены нами; одна из них ... удобно-доступна по наклонному скату и представляется внутри, по своду, покрытою мелкими гипсовыми сталактитами или гипсовой накипью, образующею гроздевидную поверхность; соседние киргизы устроили себе в ней нечто в роде подземной молельни, где по временам совершают своё богослужение; другая же имеет стены совершенно отвесны, вышиною метра в четыре (2 саж.), и в неё можно проникнуть, только спустившись на канате...» [1, с. 67].

Однако это, пожалуй, единственное описание исследования пещер данного района. Все имеющиеся в литературе сведения о пещерах возвышенности Биш-чохо даются со ссылкой на данные И.Б.Ауэрбаха и имеют слишком беглый и общий характер. Поэтому, найденная в ходе экспедиционных работ карстовая пещера Кененбай (рис.2) была по возможности наиболее полно описана автором настоящей статьи [2, с. 68].

Пещера получила своё название по имени богатого местного бая, который по преданиям местных жителей - казахов, в смутные революционные годы скрылся в этой пещере. Эта легенда, пока единственное объяснение происхождения названия пещеры и встречается в разных вариациях и подробностях. Так, в одних случаях, бай не ушёл, а ускакал в пещеру, в других, что он скрылся там со всей своей семьёй. Но всегда говорится о том, что он так и не вышел из неё.




Рис. 2. План и разрезы пещеры Кененбай [2].

Руководствуясь приведённым у И.Б.Ауэрбаха [1, с. 67] описанием пещер возвышенности Биш-чохо, можно смело предположить, что пещера Кененбай и есть та пещера, в которой киргизы устроили подземную молельню.

Пещера Кененбай располагается в северо-восточной части возвышенности Биш-чохо. Данная подземная полость имеет карстовое происхождение и заложена в нижнепермских гипсах, имеющих не большой угол падения (12°) в северо-западном направлении и с небольшим уклоном (3°) на северо-восток.



Рис. 3. Вход в пещеру Кененбай
(фото: И. Головачев)




Рис. 4. Пещера Кененбай
(рисунок из книги И.Б. Ауэрбаха)

Вход в пещеру расположен в северной бортовине крупной ассиметричной карстовой воронки провального генезиса, в склонах которой обнажаются крутообрывающиеся сильно выветрелые с поверхности гипсы. Воронка имеет в плане сложную форму, обусловленную провалом в гипсовой кровле, и её диаметр в среднем составляет около 30 м, а глубина от уровня степи около 6 м. Пещера Кененбай начинается арочным входом, имеющим высоту 3 м и ширину в основании 6,5 м (рис. 3). Вход в пещеру по центру преграждают две крупные гипсовые глыбы размером 2,7×2,7 м и 3,6×2,2 м (рис. 5). Высота их около 2,5 м. Вероятнее всего, что эти глыбы когда-то были частью свода пещеры и впоследствии, обрушившись, перегородили входное отверстие. Об этом же говорит и рисунок входа в эту пещеру, приводимый в работе И.Б.Ауэрбаха [1, с. 67]. На рисунке изображён пещерный зал ещё не перегороденный у входа упавшими крупными глыбами гипса (рис. 4).

За привходовыми глыбами открывается крупный пещерный зал длиной 18 м, шириной 11 м и высотой 3 м (рис. 3). Зал имеет субширотное простирание (по Аз.=240°). Протяжённость пещеры – 19 м, проективная длина – 18 м, площадь – 160 м², объём – 480 м³, глубина от уровня степи – 7 м (относительно входа – 1 м), амплитуда – 3 м. В настоящее время пещера не имеет дальнейшего продолжения, хотя в прошлом, если верить легенде, она была более протяжённой. О чём свидетельствует мощный завал в юго-западной части пещерного зала. По рассказам местных чабанов обвал свода в этой части пещеры произошёл около 30 лет назад (т.е. в 60-х годах) и перекрыл вход в дальнейшую часть пещеры. Конус выноса этого обвала имеет мощность 1,8 м и радиус простирания около 6 м. Свод полости в этом месте повышается почти на 1 м. Очень похоже, что

здесь действительно не так давно был пещерный ход, впоследствии перекрытый обвалом.



Рис. 5. В пещере Кененбай.
(фото: И. Головачев)



Рис. 6. В пещерном зале.
(фото: И. Головачев)

Отложения пола в этой пещере представлены тонкими перевеянными хвалынскими песками, занесёнными с поверхности через входное отверстие, как ветровым переносом, так и природными тало-дождевыми водами. Мощность этих песчаных отложений в привходовой части пещеры до 1 м, ниже лежат гипсовые глыбы, сильно взмученные с поверхности.

Температура воздуха в данной пещерной полости составляет в среднем $+10^{\circ}\text{C}$. Относительная влажность воздуха под землёй достигает 79% (измерения проводились психрометром аспирационным МВ-4М). Если учесть довольно крупные размеры входного отверстия, то величину влажности воздуха в пещере можно считать довольно высокой. Это можно объяснить тем, что в данную полость регулярно поступает из глубины влажный холодный воздух (из-под завала, расположенного в юго-восточном углу зала), на что указывает также произрастание мха на гипсовой стене возле зоны разгрузки «пещерного дыхания».

Благодаря большим размерам арочного входа и расположению его в склоне южной экспозиции, пещерный зал очень хорошо освещается в дневное время. А благодаря легко доступности и крупным размерам является прекрасным укрытием в степи и местом отдыха, для людей и животных. О чём свидетельствуют надписи на стенах пещеры, закопченные местами участки свода, а также отложения, вскрытые в одном из рабочих шурфов за привходовыми глыбами, содержащие небольшой культурный слой, представленный гравийной засыпкой с кусочками золы и угля.

Свод пещеры, за исключением мест нарушенных обвалом, покрыт белой корой вторичной кристаллизации гипса (рис. 7), которую И.Б.Ауэрбах называет «гипсовой накипью» [1, с. 67].



Рис. 7. Вторичная гипсовая кора
(фото: И. Головачев)



Рис. 8. Грунтовые слепки.
(фото: О. Аншаков)

Среди других отложений пещеры необходимо отметить многолетние скопления птичьего помёта, под теми скальными полками и нишами в своде пещеры, где располагаются небольшие 15-20 см диаметром гнёзда птиц, сделанные из сухих веточек степной растительности. Кучи птичьего помёта имеют в среднем размеры до 20-30 см высоты и 30-40 см ширины в основании.

Внутри пещеры на своде имеется несколько действующих капельников, собирающих конденсационную воду. Под ними на полу пещеры в холодное время года образуются небольшие ледяные сталагмиты, а с наступлением тепла стаивают. В 1997 году нами наблюдались на полу пещеры необычные положительные грунтовые образования (корки-слепки с ледяных сталагмитов), сезонного характера (рис. 8) [2, с. 68].

В ходе обследования пещеры на одной из привходовых глыб были обнаружены фрагменты прочерченной надписи на арабском языке [3, с. 26]. Над ней располагались фрагменты другой уже нечитаемой надписи. Вблизи этой глыбы был заложен небольшой шурф, который показал, что «... на глубине около 46 см людьми была произведена сначала срезка пласта в 8 см, а затем его нивелировка гравийной массой до уровня на глубине в 32 см...» выше залегали горизонтальные прослойки из серого песка с органикой мощностью по 1,5 см, а «с глубины 22 см поднимался горизонтальный слой толщиной в 8 см из лёгкой супеси с золой»,

перекрытый до уровня пола тонким чехлом рыхлых делювиальных отложений [3, с. 31].

На основании полученных данных археологом экспедиции Астраханского отделения РГО было сделано предположение, что «...пещера возможно с первой четверти XX века (в 1930-х годах вместо арабского шрифта был введён латинский) посещалась местным населением и широко известна, исходя из сообщений чабанов проживающих на возвышенности Биш-чохо, как место где якобы находилась киргизская мечеть» [3, с. 31].

Пещера Кененбай является интересным природным образованием, достойна статуса геологического памятника природы и, несомненно, дальнейшее изучение её специалистами позволит получить новые сведения о карстовых пещерах Северного Прикаспия.

Литература:

1. Ауэрбах И.Б. Гора Богдо. Исследования, произведённые по поручению Императорского Русского географического общества в 1854 году. С-Пб. 1871, 81 с.
2. Головачёв И.В. Карст и пещеры Северного Прикаспия [Текст]: монография / И.В. Головачёв. – Астрахань: Издательский дом «Астраханский университет», 2010. – 215 с.
3. Плахов В.В. О новых памятниках археологии в степях Северного Прикаспия // Материалы комплексной научно-исследовательской экспедиции по Волго-Уральским пескам (30 апреля-10 мая 1997 г.). Выпуск 1. - Астрахань, Астраханское отделение РГО, 1998, - С. 5-32.

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АҒА ОҚЫТУШЫ**

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ГЕНЕРАЛЫ - ШӘКІР ЖЕКСЕНБАЕВ

Ұлы Отан соғысы өзінің ең үлкен – Құдайдың жаратқан пенделерінің бәрі түрі, түсі, тілі, ділі, діні басқа болғанымен тең екенін, сондықтан құқықтары да тең болуы керектігін жоққа шығарып, бір нәсілді, соның ішінде бір халықты артық санау идеологиясымен қаруланып және соны барлық әлемде іске асырамын деп мұздай болып қаруланған, сол кездегі әлемдегі ең қуатты экономикасы бар елде бас көтерген, фашизмді жеңіп шыққан теңдессіз маңызымен қатар КСРО қоластындағы халықтардың өз арасында да кімнің кім екенін, қандай екенін, кімнің бағасы қандайлық боларын таразыға тартқан сын сағаты болды. Ресей империясының отаршылдық езгісіне төзіп, рухы сөнбеген қазақ халқы даңқты батырлардың ерлігін, өр рухын осы сын сағатта жауға қас қарайып тұрып, көрсете білді.

Қазақтан шыққан батырлар аз емес. Бүгінгі ұрпақ солардың есімдерін ұлықтап, ел алдындағы өнегелі, жарқын істеріне ерекше мән беріп, қадір тұтуы керек. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің елден неміс басқыншыларына қарсы күреске аттанған ел азаматтарының ерліктері ерекше. Солардың бірі және бірегейі – Шәкір Жексенбаев.

Ол 1901 жылы 28 ақпанда қазіргі Бөкей ордасының Шоңай ауылында, кедей шаруа Айтәлі Жексенбаевтың отбасында дүниеге келді. Өз әкесі шаруа, малшы болған. Шәкір атасы Жексенбайдың бауырында өсті. Шәкір жастайынан атасының көптеген әңгімелерін естіп өсті, соның бірі арғы атасы Қолеткен жайлы еді. Атасы Қолеткен күнкөріс қиындаған соң, сонау Маңғыстаудан бала-шағасын ерітіп, осында келіпті. Бұл 1850 жылдың шамасы болса керек. Қолеткен қыста байдың малын бағып, жазда Басқұншақ көлінен тұз жинап, күнін көрсе керек.

1908 жылы семинарияны бітірген жас жігіт Ғимран Мамаев Шоңайдан бастауыш мектеп ашып, бала оқытқан. Үйінің қасындағы сол мектепке Шәкір де барып, дәріс алды. Ауыл мектебін бітірген соң, Хан Ордасындағы бастауыш училищеге түсті. Осы оқу орнын 1841 жылы Жәңгір хан жеке қаражатына ашқан болатын. Бастапқы кезде ол «Жәңгір училищесі» деп аталды. Бұл білікті ұстаздары мол, белгілі оқу орны болатын. Орыс тілі мен әдебиетін, математика мен тарихты, жағырапияны оқытып, сурет салуды үйретті. 1917 жылы мұғалім болуды армандаған Шәкір сол училищенің жанындағы курсқа түсті. Қазан төңкерісінің дауылы Бөкей даласына бірден келді де, жас жігіттің өмірін басқа арнаға

бұрып жіберді. Ордада 1917 жылы 15 желтоқсанда Совет өкіметінің орнағаны жарияланды[1].

Совет үкіметінің айрықша қаулысы бойынша әр ұлттан қызыл әскердің бөлімдері құрыла бастады. 1918 жылы қазақтың орталық әскери комиссариаты құрылды, ол бұрынғы Бөкей облысы, Орда қаласында болып қазақ жастарынан қызыл әскер бөлімдерін жасақтай бастады. 1918-1919 жылдары Қазақтың бірінші өнегелі атты полкі ұйымдастырылды. Полк өз еркімен әскерге кіретін қазақ жастарынан ғана құрылды. Командирлер, әрине, әскери мамандардан еді.

Бұл полкке сол жылдары кедейлер мен жалшылар қатарынан шыққан жасөспірімдер топ-тобымен Бөкей облысының алыстағы уездерінен, басқа да облыстарынан, ауылдарынан келіп, еріктерімен кіріп жатты. Кейіннен бұл қызыл жауынгерлер азамат соғысының Ақтөбе, Орал майдандарында, Шығыс майданның оңтүстік тобында әрекет еткен ақ гвардия мен алашордашыларға қарсы қанды шайқастарға белсене қатысқан-ды, ерлікпен, айбынды қимылдар көрсетіп күрескен, ақтарға талай соққы беріп, советтік Отан жолында талай-талай ерліктер көрсеткен. Азамат соғысы майданында ерлік көрсеткендігі үшін 1919 жылы бұл полкке РСФСР үкіметі атынан жауынгерлік Қызыл Ту тапсырылған еді.

Міне, осы бірінші советтік атты әскери полктің қатарына алғаш қосылғандардың бірі Шәкір Жексенбаев болатын. 1919 жылы өз еркімен Қызыл Армия қатарына, Қазақтың тұңғыш советтік үлгілі атты әскери полкінің құрамына кірді. Сол тұңғыш полктің сапында жүріп, Шәкір Жексенбаев кіші командирлер дайындайтын мектепке алынды, оны бітіріп, эскадронда бөлімше командирі болып тағайындалды. 1919 жылдың жазында кіші командир Шәкір Жексенбаев қазақ атты әскери полкінің құрамында ақгвардияшыларға қарсы ұрыстарға қатысты. Сонан кейін ол 1919 жылдың қарашасында сол кезде Қазақстанның астанасы болған Орынбор қаласында атты әскер командирлерін даярлайтын Борисоглебскі курсына оқуға алынды.

1919 жылдан Шәкір Жексенбаев комсомол қатарында, 1920 жылы Коммунистік партияның мүшелігіне кірді. Оқуын 1920 жылдың жазында бітіріп, Орынборда тұрған қазақтың атты дивизионында басында взвод командирі, кейіннен эскадрон командирінің орынбасары болып қызмет атқарады. 1920 жылдың күзінде Шәкір Жексенбаев Мәскеуге Қызыл Армияның Бас штабының әскери академиясына оқуға жіберілді. Академияны ол 1924 жылы үздік бағамен бітіреді. Қазақ жастарынан Шәкір Жексенбаев ең бірінші болып, жоғары дәрежелі әскери білім алады. Оның ұстаздарының бірі Қызыл Армияның өте көрнекті қолбасшысы, бірсыпыра уақыт осы академияның бастығы болған Михаил Васильевич Фрунзе еді. Бұл академия осы кезге дейін М.Фрунзенің есімімен аталады. Академияны бітіргеннен кейін Шәкір Қазақстанда, Башкирияда, Украинада, Қиыр Шығыста Армияның жоғарғы командалық

қызметтерінде болып, 1927-1928 жылдары Қызылорда қаласында Қазақ АССР соғыс комиссарының орынбасары болып қызмет атқарған. 1931 жылдары Шәкір Жексенбаев Мәскеуде тағы да арнаулы академиялық әскери мектепті бітіріп, әскери химик деген жаңа мамандық алады. Бұл мамандығы бойынша ол Қызыл Армияда түрліше жауапты жұмыстар атқарады. 1941 жылы неміс фашистеріне қарсы Ұлы Отан соғысы басталған кезде, әскери училищеде командир болып істеп жүрген жерінен полковник Шәкір Жексенбаев Ұлы Отан соғысына аттанады [2].

1943 жылы Шәкір Жексенбаевқа техникалық әскерлердің генерал-майоры деген жоғары әскери атақ беріледі. Отанымыз алдында көрсеткен жауынгерлік еңбектері, ерліктері үшін оған үкімет наградалары берілді. Отан соғысы кезінде Шәкір Жексенбаев батыс майданында химиялық басқарма бастығының орынбасары болып қызмет істеген. Орталық майданда ол тағы да сондай қызмет атқарады, 3-ші Армияның химиялық басқармасын басқарады. Онан кейін, Ұлы Отан соғысы аяқталғанға дейін Брянск, Екінші Прибалтика, Ленинград майдандарында химиялық басқармалар бастығы болды. Ол Совет Одағының Маршалдары Жуковтың, Рокоссовскийдің қол астында қызмет істеді. Неміс-фашистерімен кескілескен ұрыстарда, Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін, Шәкір Жексенбаев майданда дамылсыз жауынгерлік еңбек етті.

Шәкір Жексенбаев Ленин орденімен, төрт «Қызыл Ту» орденімен, бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және жауынгерлік медальдармен наградталды [3. 2 б].

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін генерал Шәкір Жексенбаев соғыс округтері командалықтарының орынбасары сияқты басшылық жұмыстарда болды.

Білікті де білімді генералдың тәжірибесін тиімді пайдалану үшін өкімет оны Ворошилов атындағы химиялық қорғаныс академиясына факультет бастығы етіп тағайындайды. Одан Кеңес Армиясы жаяу әскерлерін химиялық қарулармен жабдықтау басқармасы бастығының орынбасары, Беломор әскери округінде химиялық қызметінің бастығы секілді қызметтерді атқарып келіп, 1949 жылдан қайтадан оқытушылық қызметке тағайындалып, Мәскеудегі бірнеше әскери академияларының оқытушысы болған. Бұл істі ол 1958 жылы запасқа шыққаннан кейін де жалғастырып, 1971 жылы 70 жасында ғана аяқтаған.

1977 жылы штаб тапсырысымен Шәкір Жексенбаев мемуарға материал жинақтау мақсатында Орал облысындағы мемлекеттік архивте жұмыстанған[4].

Бейбіт өмірдегі қызметтері де жоғары бағаланып, 1950 жылы ол төртінші рет «Қызыл Ту» орденін, ал 1967 жылы өзінің жетінші жоғары наградасы – «Қызыл Жұлдыз» орденін, 1985 жылы «Отан соғысы» орденінің I дәрежесін төсіне қадайды. Бұлардан басқа жиырмашақты

медалі де бар. Шәкір Жексенбаев барлық саналы өмірін әскерге арнап, 1988 жылы дәл Кеңес армиясы күні 23 ақпанда өмірден өтті.

Міне, осылайша еңбекші шаруа семьясынан шыққан, ол 1919 жылдан Совет Армиясының арнаулы инженерлік-техникалық әскерлерінің жауынгер генералы дәрежесіне дейін өсті. Ол жарты ғасыр бойы, Совет Армиясының қатарында Советтік Отанына үздіксіз және мінсіз жауынгерлік қызмет атқарды [7].

Бүгінде Орал қаласында Шәкір Жексенбаевтың інісі Сәтбайдың ұлы Айтәлиев Ермек ағамыз тұрады, ол ғылым докторы. Және Шәкір Жексенбаевтың басқа да ағайын – тумалары баршылық.

Генерал Шәкір Жексенбаевтың өмір жолы, Советтік Отанына сіңірген әскери адал еңбегі, Отан қорғаудағы жауынгерлік ерліктері кейінгі ұрпаққа өнеге. Шәкір Жексенбаев өлкемізден шыққан тұңғыш әскери генералдардың бірі. Жас ұрпақ өткен тарихын таразылап, осындай ағалардан үлгі алып өссе, Тәуелсіз еліміз – Мәңгілік Елге айналу, әбден мүмкін деп айта аламыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <http://www.inform.kz/rus/article/2378147>
2. Жәнібек аудандық «Октябрь туы» газеті №61(2872), 24.05.1967 ж.
3. Жәнібек аудандық «Октябрь туы» газеті №23, 23.02.1971 ж. 2 б.
4. Орал қаласы, облыстық архив материалдары // №1588 қор, 5 тізімдеме, № 186 іс // №36 қор, 2 тізімдеме, № 119 іс //
5. <https://egemen.kz/2015/?p=57919>
6. Шынтемірова Б.Ғ. Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған «Ардагер ағалар» // Орал-2005.
7. Сүлейменова Д.Д. «Шәкір Жексенбаев хақында»



**Ш.Жексенбаев туыстарының ортасында отыр
(1924 жыл, сол жақтан екінші).**



**Генерал Ш.Жексенбаев әріптестері арасында
(1945 жыл, оң жақтан екінші)**

**М. ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

БӨКЕЙ ОРДАДАН ШЫҚҚАН ҒАЛЫМ - ДӘРІГЕР

Қазіргі таңда, егеменді еліміздің ұлттық тарихының, мәдениетінің жаңғыртылуы мен насихатталуы жаңа сара жолға қойылып отыр. XX ғасырдың басында халық үшін жан аямай қызмет еткен ұлт зиялыларын дәлелсіз айыптады, негізсіз жала жапты. Біршама жылдар бойы ғылым мен білімнің даму жолында жұмыстанған зиялылардың еңбектері бағаланбай келді. Қазақ зиялы қауымының ел үшін атқарған қызметі енді ғана, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана зерттеліп, айтыла бастады.

XX ғасырдағы 70 жыл үстемдік құрған Кеңес дәуірі кезеңінде денсаулық сақтау ісінің ұйымдастырылуының басында болған, халықтың саулығы үшін жан аямай еңбек сіңірген қоғам қайраткерлері, білікті ағартушылар мен дәрігер мамандар маңызды орын алады. Әрбір маманның еңбек жолы өз алдына үлкен тарих, зерттелуді қажет ететін үлкен жұмыс екені айтпасақ та белгілі. Солардың бірі де бірегейі Батыс Қазақстан облысы, Бөкей Орда өңірінің тумасы, қоғам қайраткері, білікті және қазақ даласындағы алғашқы дәрігерлердің бірі - Мәжит Мұхамеджанұлы Шомбалов. Мәжит Мұхамеджанұлы Шомбаловтың өмір жолы мен қызметі туралы қазіргі кездің өзінде бірі білсе бірі біле бермейді. Өйткені, сонау XX ғасырдың басында Европалық білім алып, көкірегі ояу, зиялы азамат ел үшін қызмет жасап, мемлекеттік деңгейдегі лауазымды жауапты қызметтерді атқарып, кемелденген шағында 1930-40 жылдары саяси қуғын сүргіннің құрбанына айналды. Оның шығу тегіне, ауқатты әулетіне қарай, сол сияқты ел ішіндегі өзге қазақ зиялылары, әсіресе, Алаш зиялыларымен қарым-қатынастарына қарап сан түрлі жауаптарға тартылды. Дегенмен, ғұмырының біраз бөлігін ұлт қамқорлығына арнаған қайраткер, дарынды дәрігер М.Шомбаловтың өмір жолы мен қызметі туралы зерттеудің өзектілігі күмәнсіз.

Мәжит Шомбалов - обаға қарсы күрескен алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі, Республикада дәріхана жүйесін қалыптастырудың негізін қалаушы [1, 531 б.]. Қазақстанда Кеңес үкіметін орнатуға атсалысқан қайраткер. Балалық шағынан бастап білімге құштар азамат, бар өмірін халыққа қызмет етуге арнады. Бірақ, бір өкініштісі, оның өмір сүрген кезеңі қазақ зиялылары үшін ең ауыр жылдар еді. Ең қауіпті жұқпалы аурулардың көзін жоюмен айналысқан, халықтың денсаулық жағдайы үшін бірнеше аурухана, дәріханалар жүйесін қалыптастырған, алғаш рет қазақ жерінде «Ана мен бала орталығын» ашқан, балабақшалар ашқан, еліміздің ірі медициналық оқу орындарының негізі қалануына үлес

қосқан еңбегі - бір-ақ сәтте теріс бағаланып шыға келді. Бір емес бірнеше рет тергеуге алынып, екі рет түрмеге отырды. Рухы мықты азамат өзінің кінәлі емес екенін алға тарта отырып, ақталып шығарына кәміл сенген еді. Бірақ, түрмедегі ауыр жағдай оны қатты қажытты, денсаулығы сыр берді. Бізге жеткен мәлімет бойынша, Мәжит Мұхамеджанұлы Шомбалов шындық үшін қанша күресіп бақса да, сол кезеңдегі басқа да Алаш қайраткерлері сияқты жазықсыз айыпталған күйі 67 жасында Саратов түрмесінің ауруханасында көз жұмды [2, 38 б.]. Өкінішке орай, жерленген жері де әлі күнге белгісіз күйде қалып отыр.

Мәжит Мұхамеджанұлы Шомбалов 1873 жылы 20 сәуірде Ішкі Орданың Талов бөлімінде (қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Бөкейорда ауданы) І старшындықта бай малшының отбасында дүниеге келген [3, 66 б.].

Бай отбасында дүниеге келген Мәжиттің әкесі - Мұхамеджан, әрқашан да алға ұмтылатын адам ретінде, баласының жоғары оқу орнында сапалы білім алғанын қалады [4]. Бастауыш білімді 11 жасынан Казталовка ауылындағы мектептен бастап, кейін білімін Кіші Өзен ауылындағы мектепте жалғастырды.

Жергілікті орыс - қазақ мектебін бітірген соң, ол Орынбор азаматтық гимназиясында (бір жылдық дайындық класында) оқыған. Мәжит мұнда гимназия пансионында жатады, қазақ қоғамдарының қаржысын пайдаланады [3, 66 б.]. Ол ұлы дарын иесі болмаса да, еңбекқорлығымен ерекше көзге түскен. Жоғары сыныптарда оқыған кезден бастап-ақ, өздігінше шешекке қарсы екпелерді жасаған [5].

1893 жылы осы гимназияны күміс медальмен бітірген [6, 1 п.]. Мәжит Шомбаловқа 1896 жылы 8 июньде берілген № 16 кәмелеттік аттестатта: «...Шомбалов өзіндік бет-бағдары айқындалған жас, оның бойындағы ерекшеліктерді тәртіптігі мен ұстамдылығы айқындайды», - деп мінездеме берілген [3, 66 б.].

БҚО мемлекеттік мұрағатынан табылған дәрігер әрі қоғам қайраткері М. Шомбаловтың өз қолымен жазған автобиографиясында:

«Мен 1873 жылы дүниеге келдім. Шыққан тегім - қазақы бай отбасы. Бастапқы білімді Казталовка ауылының бастауыш мектебінен алдым. Білімді одан әрі тереңдету үшін, мен ата-анамның қалауына қарсы шығып, Орынбор гимназиясына оқуға түстім» [7, 4 п.] –деп жазады.

Кейін, 1895 жылы 5 тамызда Қазан университетінің медицина факультетіне студент болып қабылданады. Университетте оқып жүрген барлық уақытта Ішкі Орда қазақтары бөлген 304 сом стипендиясын пайдаланады [3, 66 б.].

Сол кезеңде Қазан университеті студент жастардың революциялық қозғалыстарының ірі орталығы болды, сонысымен қала әкімшілігіне біршама ауыртпалық пен толқулар алып келді. Өзінің әлеуметтік шығу-тегіне қарамастан, Шомбалов, ауылдардағы аштық пен кедейлікке,

саясаттың олқылықтарына куә бола отырып, сол халықтардың бостандығы мен тең құқығы үшін күрескен саяси ұйымдардың мүшесіне айналды [2, 35 б.]. 1899 жылдың 8 сәуірінде студенттердің революциялық манифестациясына қатысқаны үшін оқуын жалғастыратын құқығынан айырып, оқудан қуылады. Алайда, сол жылдың 27 сәуірінде оқуын жалғастыру мүмкіндігіне қайта қол жеткізді [4].

1911 жылы М. Шомбалов далада обаның шығу себебін анықтауға келген И. И. Мечников экспедициясы құрамында зерттеу жұмыстарына қатысады. Ол екі мәрте, 1906 және 1910 жылдары «Қырғыз даласының Нарын бөлігі мен оңтүстік округтеріндегі обамен күрестегі еңбегі үшін» арнайы күміс медальмен марапатталды.

1903 жылы оқуын бітірген соң, туған еліне жоғары білімді, білікті дәрігер ретінде оралады. Бұл жерде ол бар құлшынысымен жұмысқа кіріседі. 1903 жыл мен 1917 жыл аралығында Ордадағы және Жәнібектегі ауруханаларда участкелік дәрігер болып қызмет атқарады. Ұзақ уақыт шамасында, Мәжит, Ордадағы жалғыз ғана дәрігер болды. Сол себепті, ол жалғыз өзі күрделі оталарды жасады, әйелдерді босандырды, қауіпті жұқпалы ауруларды емдеді. Көптеген елді-мекендерді аралап жүріп халық арасында білімнің маңыздылығын, салауатты өмір салтын ұстанудың қажеттілігін түсіндірді. Жұқпалы аурулардан өзін-өзі қорғауды үйретті [6, 2 п.].

Оның бастамасымен ауылдық емдеу пункттерінің желісі құрылады. 1923 жылы Халықтық денсаулық сақтау комиссарының орынбасары болып тағайындалады, ал 1929 жылы ол Қазақ Республикалық дәріхана басқармасының басшысы атанады. М.Шомбалов ұлттық медициналық қызметкерлерін қалыптастыру мен тәрбиелеуде көп еңбек сіңірген азамат. «Казглаваптекоуправление» мен емдеу - профилактикалық мекемелер жүйесін нығайтып, қайтадан өзінің негізгі қызметіне көшті. 1934 жылдан бастап Оралда обаға қарсы станцияның басшысы қызметін атқарды [4].

Біздерге жеткен мәліметтердің аздығының себебінен, Шомбаловтың дүние салуына байланысты нақты дерек табылмай отыр. Зерттеуші Душмановтың алғашқы қазақ дәрігерлері туралы жазған кітабындағы берген мәліметі бойынша: «Мәжит Шомбалов Саратов түрмесінде 1940 жылы қайтыс болды» [2, 38 б.] - деп берілсе, Г. Абулхайрованың мақаласында: «Саратов түрмесінде 1942 жылдың 9 наурызында аурудан дүние салған» [4] - деген мәлімет бар. Қалған зерттеушілердің пікірі осы екі нұсқаға бөлінген.

Білікті дәрігердің отбасылық жағдайы туралы: Дәрігердің отбасылық өмірі туралы пікірлер де бірнеше нұсқадан тұрады. Жеке іс қағазында, 1920 жылдың 27 желтоқсанында жауап берген сауалнамасында, отбасылық жағдайы туралы: үйленгенмін, 1 қыз, 3 ұлым бар, 7 ай мен 10 жас аралығында деп көрсеткен. Ал, автобиографиясында үйленгенмін, 2 ұлым бар деп көрсетеді [6, 5 п.]. Ал, Граждановтың мақаласында: «Мәжит

Шомбалов тек дарынды дәрігер ғана емес, сонымен қатар өте қарапайым, мінезі жайлы кісі болды. Оның отбасында: әйелі, екі ұлы және немере қызы болған. Үлкен ұлы- Исмаил инженер болған, Өзбек ССРіндегі Қоқан қаласында тұрған, кіші ұлы- Якуб медициналық институт бітірген және Қызыл Армия құрамында қызмет еткен» - деп жазылған [6, 7 п.]. Осы мәліметтердің қайсысы шындыққа жанасатыны әлі күнге дейін белгісіз күйде қалып отыр.

1992 жылдың 22 шілдесінде, «Казахстанская правда» газетінің 4 бетіндегі «Тарих» айдарында жарияланған, В. Азаровтың мақаласында мынадай мәлімет кездеседі: Мәжит Мұхамеджановичтің өмір жолының ақтандақ тұстарын зерделеуді, дәрігердің жиені, 88 жасар Абиль Ташев қолға алған еді. Зерттеу барысында оған Оралдың, Саратовтың, Ақмоланың, Алма- Атаның және «Еңбек» газетінің тілшілері қолдау көрсеткен. Зерттеу жұмыстары мынадай қорытынды алған: «Орал өңірінде «обаны жеңген- Мәжит»- деген атақ алған қайраткер, Иосиф Сталиннің ГУЛАГ- ынан да аман өткен. Ия, ол аурудан емес, басқа, аса қауіпті «обадан» - репрессияның жазалаушыларынан жеңілді. Бірақ, намыс пен арын соңына дейін сақтады, өзі шын көңілімен, бар ынтасымен қызмет еткен халқына қарсы зұлымдық, жамандық жасады деген айыптарын мойындамай өтті»[8].

М. Шомбаловтың жеке іс-қағазында (21 бөлімінде) өзі бөліп көрсеткен қызмет ету жылдарының кестесі бар. Кестеде 1903 жылдың 12-ші айынан 1917 жылдың 12-ші айына дейінгі аралықта Ордада участкелік дәрігер болғандығы, 1917 жылдың 12-ші айынан 1922 жылдың 12-ші айына дейінгі аралықта аталған Орда жеріндегі Губерниялық Денсаулық Сақтау Бөлімінде бөлім жетекшісі қызметін атқарғандығы көрсетіледі.

ҚазССР Министрлер Кеңесінің 1967 жыл 9 қыркүйегіндегі арнайы № 656 бұйрығы бойынша, Алма- Ата қаласының ең үздік дәріханаларының бірі, № 4 дәріханаға Мәжит Шомбаловтың аты берілген [9, 5 п.].

Біз, тарихымызды жасаған тұлғаларды мәңгі есте сақтауымыз қажет, өйткені олар біз үшін жан аямастан қызмет жасады. Тарихтан ойып тұрып орын алған Бөкей Орда өңірінің тумасы, ғалым- дәрігер, Мәжит Мұхамеджанұлы Шомбалов - өзінің қызмет жылдарынан бастап өмірінің соңғы жылдарына дейін Қазақстандағы Денсаулық Сақтау ісінің алға басуына зор үлес қосқан, өз біліктілігінің арқасында талай адамдарды ажал аузынан алып қалған қоғам қайраткері. Осындай елі үшін, халқы үшін жасаған елеулі еңбектері халық жадында мәңгі сақталмақ. Дана бабаларымыздың қызметтік жолын үлгі етіп алып, әрдайым еске түсіріп тұру біздің үлкен міндетіміз. Өйткені, біздің бүгінгі саяси тәуелсіз және бейбіт ашық аспан астында өтіп жатқан әрбір күніміз сол қайраткерлеріміздің арқасы, соны ұмытпайық, әрдайым есте ұстап жүрейік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аяған Б. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, Алматы, «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 2007. - 688 б.
2. Душманов С.Х. Видные медики Западного Казахстана. –Ақтөбе, 2001. 138 б.
3. Әлжанов А. Алғашқы қарлығаштар. - Алматы, Арыс. 2007. -112 б.
4. Абулхайрова Г. Первый врач- чумолог// Приуралье- 2003. 3-4 б.
5. Аубакиров Э. Мажит сказал- Мажит сделал// Экспресс К – 2013, № 152
6. БҚОММ қор №-226, Тізбе-1, іс -72, байлам - 5. Возвращенные имена(Чумбалов М. М).
7. БҚОММ Қор №- П- 37, тізбе 9, іс 27, сақтау бірлігі 998 п. Жеке іс- құжат: Чумбалов М. М
8. БҚОММ қор №- 36, тізбек- 2, іс- 125, байлам - 3. Воспоминания о Чумбалове М. М

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ
МУЗЕЙІНІҢ БӨЛІМ МЕНДЕРУШІСІ**

**XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІ**

Қазақ жері Ресей империясы құрамына енген соң қазақ халқының тарихында жаңа кезең басталды. Әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуға Ресей экономикасы мен мәдениеті ықпал етті. Қазақ халқының халық ағарту ісі жолға қойылды. XIX ғасырдың II-жартысына дейін қазақ балаларын оқытудың формасы – мұсылман мектептері болды.

Қазақтың ағартушы, педагог-демократы Ыбырай Алтынсариннің 1884 жылы Торғай әскери губернаторына жазған рапортында былай делінген: «қазақтар орыс тілін біліп, орысша сауат ашуы керек, сол арқылы орыс халқымен, оның мәдениетімен жақындасуы керек».

Батыс Қазақстан тарихында алғашқы орысша оқу орны сегіз жылдық Неплюев кадет корпусы болды. Ол 1825 жылы 1 қаңтарда ашылды. Бірақ бұған тек белгілі қазақтардың балалары қабылданды. 1866 жылы оқу орны әскери гимназияға айналып, онда қазақ балалары оқымайтын болды. 40 жыл ішінде кадет корпусын 28 қазақ бітірген [1, 4-б.].

Қазіргі Ақтөбе облысының аумағында алғашқы оқу орны 1864 жылы 25 қазанда ашылды. Ол Ырғыздағы орыс-қазақ мектебі еді. Мектептің мұғалімі болып Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы қазақ мектебін Ыбырай Алтынсаринмен бірге 1857 жылы «Алтын медалмен» бітірген Шахмұр Құлыбеков тағайындалды.

Бірақ 1869 жылы бұл мектеп жабылып қалып, 1879 жылы Ырғызда 2 кластық училище ашылды. Оқу орны көпес Ивановтың үйінде орналасты. Алғашқы мұғалімдері Қазан мұғалімдер семинариясын бітірген Григорьев пен Спиридоновтар болды [2, 264-б.].

Торғай облысының мектеп инспекторы, қазақтың ағартушы педагогы Ыбырай Алтынсариннің бастамасымен Ақтөбе уезінің Бөрте болысында 1881 жылы 23 қазанда 2 класты орыс-қазақ училищесі ашылды. Бірақ 1884 жылы Ақтөбе бекінісінде қазынаның 34 мың рубліне тұрғызылған жаңа ғимаратқа көшірілді. Училище жанынан қазақ балаларына арналып 30 орындық интернат жұмыс жасады. Алғашқы мұғалімі Қазан мұғалімдер семинариясының түлегі, профессор И.Ильминскийдің шәкірті Арсений Мазохин болды. Біліммен қатар ағаш өңдеу, етікші, түптеу, т.б. оқытты. 1890 жылдан бастап ән мен гимнастика сабақтары да жүргізілді.

1889 жылдан бастап оқушылар саны 120-ға жеткендіктен орыс балаларына бөлек класс ашылып, мұғалімі С.Малеев болды. Осы кезден бастап 2 класты училище бесжылдық болып өзгерді [3, 456-457-б.].

Училищенің ғимараты бүгінге дейін сақталып, тері-венерологиялық диспансері мекемесінің қызметін атқаруда. Дегенменде арнайы төлқұжаты жасақталып, мемлекет қорғауына алынған қаладағы ескі тарихи ғимараттардың бірі.

Ақтөбе училищесінде әр жылдары – В.Лапшин (1888-94жж.), П.Мартынов (1894-1903жж.), А.Никифиров (1903-10жж.), А.Афанасьевтер (1910-17жж.) жетекшілік етті.

1881 жылы Торғай облысының әскери губернаторының шешімімен училищенің құрметті қамқоршысы болып Ақтөбе уезі бастығының көмекшісі Дербісәлі Беркімбаев тағайындалды.

1881-91 жылдар аралығында училищеде 502 оқушы оқыған, соның 336-сы қазақ балалары болған. 2 класты училищенің алғашқы түлектерінің бірі – Құтляр Арынғазиев еңбек жолын Тастемір ауылдық мектебінен бастап, 1903 жылы Ақтөбе уезі басқармасының тілмашы қызметіне дейін көтерілген [4, 267-269-б.].

1887 жылы Ырғызда орыс қыздары үшін әйелдер училищесі ашылса, 1888 жылы қазақ қыздары үшін интернат салынып, училищеге қазақ қыздары тартыла бастады. Оның әлеуметтік маңызы зор болды. 12-17 жастағы қазақ қыздарынан алғаш училищеде оқығандар Ғайша Шахмұратова, Балжан Абзелова, Айша Алдабергенова, Гафира Мақатова, Салиха Құрмашевалар болды.

17-ші қыркүйек 1887 жылы 1 класты Бөрте болыстық мектебі ашылды. Мектепке Әлімбет, Қарамола, Михайлов ауылдары қарады. Меңгерушісі – Орынбор мұғалімдер мектебінің түлегі Асауов, мұғалімі Тойходшин болды.

Осы жылы 1 қарашада Қарабұтақта 1 класты болыстық мектеп ашылды. Меңгерушісі Қазан мұғалімдер семинариясының түлегі С.Меркурьев болды. Алғашқы жылы мектепте 25 қазақ пен 18 орыс балалары оқыды [5, 274-275-б.].

Алғашқы ауылдық мектеп 1893 жылы Ақтөбе уезіндегі Қаратоғай болысының № 2 ауылында ашылды. 1900 жылдың басына дейін осындай 32 мектеп жұмыс істеп, 532 қазақ баласының сауатын ашты.

Ақтөбе 1891 жылы Торғай облысының құрамындағы уездік қала статусын алғаннан кейін жаңаша үлгідегі мектептер мен училищелер ашыла бастады. Солардың бірі әрі маңыздысы 1895 жылғы 26 қыркүйекте ашылған орыс-қазақ әйелдер училищесі еді. Онда 50 орыс пен 20 қазақ қыздары білім алған. Облыстық мемлекеттік архивінің деректері бойынша алғашқы жылы Алифа Дербісалина, Алтынша Тосымова, Ұмсындық Нұрмұханбетова, Зибә Әбілова, Ақтенге Жұмабаевалар оқыған. Мектеп жөнінде, оның құрылымы мен дамуы туралы «Детское чтение», «Санкт-Петербургские ведомости» журналдары мақалалар жазған [6, 460-б.].

Әйелдер училищесі ғимараты бүгінгі күнге дейін жетіп, тарихи ескерткіш есебінде мемлекет қорғауына алынған.

Өңірдегі халық ағарту ісінде ХХ басында ірілі-ұсақты мектептер көптеп ашыла бастады. Солардың қатарына 1901 жылы қалада миссионерлер мектебі жанынан шіркеу-мектеп, 1905 жылы жазда екінші шіркеулік мектеп, Ақтөбе мен Шалқарда теміржолшылар училищесі, 1907 жылы қалалық 4 класты училище (қыздар үшін), 1908 жылы 2 комплектілі бастауыш училищесі және 1912 жылы Ақтөбе қыздар гимназиясы мен І-ші разрядты ерлер училищесі, одан соң мұғалімдер семинариясы ашылды [7, 3-б.].

Халық ағарту ісінде орыс және қазақ мұғалімдері арасындағы шығармашылық ынтымақтастықты нығайтуда қазақтың ағартушы педагогы Ыбырай Алтынсариннің ролі жоғары болды.

1915 жылы Ақтөбе облысында 2035 адамға бір мектептен келді. 1913 жылы бастауыш халық училищелеріндегі 704 оқытушының 27-нің ғана арнаулы білімі болған. Мұғалімдердің материалдық жағдайлары қиын болды. Олар жылына 200 сом мөлшерінде ғана еңбекақы алатын. Бұл педагогтар құрамының жиі ауысуына себепші болды.

Қазан революциясы ғана қазақ халқы өмірінің гүлденуіне жағдай жасады. Халық ағарту ісі шын мәнінде кең құлаш жайды.

XIX ғасыр аяғы мен ХХ ғасыр басындағы әлеуметтік-тарихи кезеңде қазақ халқының жоғары оқу орындарында оқуы саяси-мәдени жағдайлардың дамуына зор ықпалын тигізді. Оқыған қазақ жастары халықтың мәдени дамуын ұлттық негізде өрістетте білді.



Ақтөбедегі 2 класты орыс-қазақ училищесі, XIX ғасыр

Ақтөбе уезі /1903/

Ауылдық мектептер

ауыл №	мектеп аттары	Болыс аттары	Мұғалімдері
7	Әлімбет	Әлімбет	Тоқтамысов Айтбай
2	Ойсылқара	Ойсылқара	Бегімбаев Юзмұхамед
3	Аралтөбе	Аралтөбе	Алдашов Ерментай
4	Арынғазиев	Бестамақ	Айжарықов Мәмбет
1	Бердянск	Берте	Дошанов Сағындық
3	Берте	Берте	Қаратаев Сыдық
3	Елек	Елек	Маменов Омар
2	Қара Қобда	Қара Қобда	Жәкібаев Жансейіт
4	Қосыбай	Қаратоғай	Елжанов Жиенқұл
2	Маргинск	Борлы	Қаратаев Ерқожа
4	Михайловск	Берте	Арқабаев Сұлтанғали
2	Мырзақұл	Берте	Тульсков А. Ф.
1	Мендібаевск	Аралтөбе	Джакенов Нұржан
1	Нысановск	Борлы	Нысанов Мұхаметжан
3	Сәндібековск	Ойсылқара	Жарылғанов Есманай
5	Табантал	Бестамақ	Тукалов Сатбай
8	Тастемір	Бестамақ	Жангереев Қазі
5	Томареткел	Түзтөбе	Жолдыбаев Канафа
3	Ойсылқара	Ойсылқара	Аққошқаров Ремберді
4	Хобда	Қобда	Қосыбаев Жакен
1911 ЖЫЛ			
		Орыс мектептері	Қазақ мектептері
Акмоласайск	Акулацкая	Әлімбет	— Рысжанов Ерболат
Андреевск	Александровская	Алшымбай	— Бегимбаев Юзмұхамед
Астрахановск	Байнасайская	Аралтөбе	— Боранқұлов Тахау
Байтурасайск	Березовск	Арынғазы	— Торговин М. Дм.
Беляевск 1, 2	Верх. Днепровск	Бердянск	— Александров Н. А.
Веренская	Вершинная	Берте	— Мұхамеджанов Зұлхарнай
Всесвятск	Васильевск	Елек	— Арынғазиев Камалеттин
Высокая	Голубиновск	Қара Қобда	— Григорьев Е. С.
Георгиевск	Жусалинск	Қосыбай	— Үмбетов Төлеумұхамбет
Кархобдинск	Қаратоғайск	Марганск	— Малабаев Рахметжан
Кенжебулакск	Косистекск	Михайлов	— Есенаманов Дашим
Липовицк	Лушниковск.	Мырзақұл	— Өтеғұлов Оразғали
Морозовск	Нагорненск	Мендібай	— Жакенеев Нұржан
Никольск	Ново-Александр.	Нысан	— Тоғызбаев Бисенғали
Ново-Николаевск	Ново-Курск	Қарамола	— Тарасов М. А.
Ново-Покровск	Новороссийск	Мамыт	— Дәулетьяров Жанжігіт
Новоуральск	Орловск	Шаңды	— Арынғазиев Шаймұхамед
Павловск	Петровск	Сарықамыс	— Купцов Я. М.
Петропавловск	Покровск	Бесағаш	— Алексеев Г. В.
Полтавск	Родниковск 1, 2	Дамдинск	— Шектібаев Қаупбай
Рыбаковск	Романовск	Сәндібек	— Даутбаев Шектібай
Саздинск	Степановск	Табантал	— Макашев Дәулет
Таврическ	Темрейск	Томареткел	— Тульсков А. Е.
Троицк Харьковск	Ойсылқара		— Дилмухамедов Жалмұхамед
Херсонск	Шибавевск	Қобда	— Серенко В. П.

1903 және 1911 жылдардағы Ақтөбе уезіндегі ауылдық мектептер

14. Число школ и учащихся.

Школы ведомства Министерства Народнаго Просвѣщенія.
Свѣдѣнія Инспектора Народныхъ училищъ Уральской области и Директора Народныхъ училищъ Тургайской области.

Города, уѣзды.	Число училищъ.	КЪ 1 ЯНВАРЯ 1908 ГОДА						
		Число учащихся						
		Русскихъ.		Киргизъ.		Всѣхъ.		
	мальч.	дѣвоч.	мальч.	дѣвоч.	мальч.	дѣвоч.		
г. Кустанай.....	7	360	294	60	—	420	294	
Кустанайскій у.....	56	1110	147	513	15	1623	162	
г. Актюбинскъ.....	3	171	166	28	—	199	166	
Актюбинскій у.....	38	293	72	429	15	722	87	
г. Иргизъ.....	4	42	20	97	10	139	30	
Иргизскій у.....	29	130	81	464	28	594	109	
г. Тургай.....	3	44	26	81	21	125	47	
Тургайскій у.....	22	17	—	316	21	333	21	
Итого въ	къ 1, I 1908 г. 1906 г. 1903 г.	162	2167	806	1988	110	4155	916
Тургайской области		138	1344	605	1895	166	3239	771
		117	1359	395	1901	109	3260	504
		Казаковъ.		Киргизъ.		Всѣхъ.		
г. Уральскъ.....	6	15	36	—	—	111	119	
г. Илекъ.....	3	21	—	41	24	239	58	
г. Гурьевъ.....	2	8	—	50	—	155	—	
г. Темиръ.....	1	—	—	92	1	119	6	
Уральскій у.....	13	—	—	382	1	477	36	
Лбищенскій у.....	24	16	—	579	—	608	—	
Гурьевскій у.....	5	1	—	361	2	386	8	
Темирскій у.....	8	—	—	183	—	183	—	
Итого въ	къ 1, I 1908 г. за 1906 г. за 1900 г.	62	61	36	1688	28	2278	230
Уральской области		68	нѣтъ	с в ъ	д ѣ н і й		2498	211
		40	нѣтъ	с в ъ	д ѣ н і й		1565	60

Въ эту вѣдомость не включены: среднія учебныя заведенія, горскія училища, прогимнази, педагогическіе классы, ремесленныя училища съ приготовительнымъ при нихъ классомъ. Свѣдѣнія за прежніе годы взяты изъ отчетовъ Губернскихъ Статистическихъ Комитетовъ.

XX ғасыр басындағы Орал мен Торғай облыстарындағы мектептер саны

Сілтемелер:

1. З.Байдосов. «Путь к Коммунизму» газеті: Первые проблески света ...
16 желтоқсан 1987 жыл. 4-бет
2. Бас ред. А.Бисембаев. История Актюбинской области.
Ақтөбе, 2006 жыл. 264-бет.
3. Ф. Тарасенко, Ю.Тарасенко. Город. Годы. Люди. Жизнь. Книга I.
Ақтөбе, 2006 жыл. 456-457-беттер.
4. Бас ред. А.Бисембаев. История Актюбинской области.
Ақтөбе, 2006 жыл. 267-269-беттер.
5. Сонда. 274-275-беттер.
6. Ф. Тарасенко, Ю.Тарасенко. Город. Годы. Люди. Жизнь. Книга I.
Ақтөбе, 2006 жыл. 460-бет.
7. Х.Науанов. «Путь к Коммунизму» газеті: Развитие народного образования в Актюбинской области. 19 желтоқсан 1981 жыл. 3-бет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б. Құрманбеков. Ақтөбе тарихы. Ақтөбе, «А-Полиграфия», 2014жыл.
2. Б.Құрманбеков. Ырғыздың қилы тарихы. Ақтөбе, «А-Полиграфия»
ЖШС, 2010 жыл.
3. Ы. Алтынсарин. Шығармалар жинағы, III том. Алматы, 1978 жыл.
4. Журнал: Актюбинский Городской Вестник. 17 февраль 1914 года.
5. Журнал: Обзор Тургайской области за 1893 год. Оренбург, 1894г.

**М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

АЛМА ОРАЗБАЕВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Әйелдер қозғалысы шежіресінде жиырмамыншы — отызыншы жылдары өмір сүрген әйелдер ұрпағының жалынды жетекшісі ретінде танылған, шығыс әйелдерінен шыққан тұңғыш коммунист ғана емес, сонымен бірге әйелдер арасынан суырылып шыққан алғашқы мемлекет қайраткері - Алма Дінмұхамедқызы Оразбаева.

Оразбаева Алма 1898 жылы желтоқсанның 28-і күні көптеген тарихи оқиғаларға куә, қасиетті Бөкей Ордасының жерінде қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1905 – 1909 жылдары Ордадағы орыс-қазақ әйелдер училищесін, 1909-1911 жылдары Симбирскідегі чуваш мектебінде білім алады. Алайда, әкесінің қайтыс болуы және де қаражат тапшылығына байланысты оқуын аяқтай алмайды. Туған еліне оралып, Ордадағы жаңадан ашылған 2 кластық қыздар мектебінде тәлім алады. Уақыт өте келе, осындағы жоғарғы бастауыш ерлер мектебі жанындағы 3 жылдық курсты бітіріп, 1916 жылы бастауыш класс мұғалімі мамандығын алып шығады [1, 421 б.]. Ұстаздық жолын Новая Казанка ауылында бастайды. 1917 жылы мамыр айында Ордада С. Меңдешевтің бастауымен өткізілген бүкіл оқу жүйесін өзгертуді талап еткен мұғалімдер съезінің жұмысына белсене араласады. А.Оразбаеваның ұйымдастырушылық қабілеті де жоғары деңгейде болған. Оған қазақтың I үлгілі атты әскер полкін құруға қатысуы дәлел бола алады. 1919 жылы 17 маусымда Қазақ әскери істер жөніндегі комиссариатының бұйрығымен комиссариаттың саяси-ағарту бөлімінің үгітшісі болып тағайындалып, көп ұзамай Мәскеудегі Я.М. Свердлов атындағы Коммунистік университет жанындағы үгітшілер мен насихатшылар курсына оқуға жіберіледі. 1919 жылдың қазан айында РК(б)П қатарына қабылданады. 1919-28 жылдар аралығында РК(б)П Орынбор губкомы қазақ секциясының жауапты хатшысы, Бөкей губерниясы партия комитеті әйелдер бөлімінің меңгерушісі, Қазақ облыстық және Қазақстан өлкелік комитетінің РК(б)П Нижневолжинск комитеті әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің меңгерушісі әрі бюро мүшесі, Қазақстан өлкелік саяси-ағарту бас басқармасының бөлім меңгерушісі болып істейді [1, 422б.].

Қазақ АКСР-ін құруға, өлкелік партия ұйымының жұмыстарына белсене кірісті. Бөкей ұйымынан Бүкілресейлік Шығыс әйелдерінің съезін өткізуге ат салысып, әйел теңдігі, оқу-ағарту мәселелерін шешуге, оларды қоғамдық жұмысқа тарту ісіне тікелей араласты. 1921 ж. мамырда өткен БК(б)П Бүкілодақтық жұмысшы әйелдердің Орталық ұйымы мәжілісіне

қатысып, әйелдер қозғалысының атынан құттықтау сөз сөйледі. 1923 – 25 жылдары РКФСР Жоғарғы Сотының қазақ бөлімінің, РК(б)П ОК-тің жұмысшы және шаруа әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі комитеттің, БОАК-тің, Қазақ АКСР ОАК-тің төралқа мүшесі болып сайланды [2].

Партияның XII, XIII, XIV съездеріне, XIV Бүкілодақтық партия конференциясына, коммунист әйелдердің III-халықаралық конференциясына, Коминтерннің V-конгресіне делегат болып қатысуы, сонымен қатар, көптеген ауқымды жұмыстарды абыроймен атқаруы еліне еңбегі сіңген мемлекет қайраткерінің болғандығын айқын көрсетеді [1, 422б.].

Особое самосознание ногай-казахов в качестве ныне субэтнической, а в прошлом и особой этносоциальной группы нашло выражение и в издании в 2003 г. в г. Уральске (каз. Орал) книги «Ногай-казак шеджереси» в которой автор, уважаемый аксакал Амангельды Уалиев постарался кроме изложения передаваемых из уст в уста традиционных родословных и преданий родоплеменного объединения ногай-казак как раз свести воедино и переосмыслить разные сведения которые удалось собрать. Конечно, не со всеми выводами автора можно согласиться. Вызывает недоумение его стремление непременно отождествить ногайцев и казахов [18,с.13-14], которые конечно будучи родственными и тесно связанными, тем не менее являются разными самостоятельными народами. Однако, книга особо ценна тем, что ярко показывает как особое явление «жанр родословной» и стремление упорядочить (по образцу имеющихся уже такого же рода у соседних букеевских родов «руы») собственное самосознание и восприятие себя.

Думается, что к поиску истоков и их особому осмыслению исследуемые группы подталкивает и такое особое явление современного

казахского общества, уходящее корнями в глубокую древность, как «трайбализм»- пережиток родоплеменного устройства общества (Н.Э. Масанов и др.), подразумевающий негласное занижение места в иерархии сообразно с происхождением из того или иного рода.

Заметим, что и общеказахское словоупотребление чаще всего смешивает понятия «ногай» и «татар». Как «НОгайдар» (через “о”) обозначаемы все тюрки – кыпчаки и их потомки от «сибирских» татар до «казанских» и «крымских» [1].

Но есть и очевидное обозначение «нУгай» - для тех, кто вошли в состав казахов. Наслышаны бывают и о «ногайцах» реальных. Тепло принимали и лично автора статьи. Знающие о ногаях здесь это либо читавшие эпос, либо узнавшие новые (с 80-х гг.) астраханские реалии, либо бывавшие в местах проживания ногайцев на Сев. Кавказе, служившие вместе в армии СССР. Молодое поколение за редкими исключениями знают заметно меньше. Даже имеющее в себе элемент ногайской этноосновы. Уже знают непосредственно о ком идет речь, но затрудняются определить себя только как казахи или только как ногайцы, что вызывает споры.

В родовой - межродовой этногруппе ногай-казахов, как мы видим, прослеживается неустойчивая, сугубо ситуационная (даже в рамках отд. семьи) и вообще «плавающая» этничность (термин В.А. Шнирельмана, Л.В. Смирнягина и др., исходно из арсенала науки США), ситуация поиска особой, новой на основе исторической памяти, самоидентификации.

Таковая, весьма своеобразная, находит своё отражение в сети Интернет- в социальных сетях образуются группы с соответствующими названиями. Порою идут горячие обсуждения, пользователи с рвением ищут свои казалось бы утерянные корни. Однако, несомненно о возврате самого этнонима «ногаец, ногайцы / нугай, нугайты» говорить не приходится, речь больше идет об особом самосознании ногай-казахов в качестве субэтнической единицы в составе западной «букеевской» части казахского народа.

Итак, ознакомившись с историей, этнографическими особенностями, прошлым и настоящим потомков служилых групп, можно заключить, что это особенное, по- своему уникальное явление, объединяющее историю и культуру сразу нескольких кыпчакских народов (казахов, ногайцев, татар) занимает особое место в истории и настоящем казахского общества (особенно «букеевской» его части) и требует дальнейшего исследования.

Список использованных источников и литературы:

1. Викторин В.М. Субэтносоциум "нугай-казак" на границе Западного Казахстана и Нижнего Поволжья: парадоксы взаимодействия тюркских этносов-заглавие с экрана, режим доступа: <http://www.evrazia.org/modules.php?name=News&file=article&sid=2630>
2. Викторин В.М. Татары - «кара калпаки» (казанские и мишарские) в Нижнем Поволжье : парадоксы межэтнических связей тюркских народов в XIX -XXI вв. режим доступа evrazia. org/modules.php?name=News&sid=2621 - заглавие с экрана.
3. Викторин В.М. Российско - казахстанские межэтнические связи в «родовом» составе Младшего жуза и Букеевской орды : “кундровцы” – “кондуировцы” – “нугай – казаки”) //Тарих қойнауынан қазіргі заманға дейін. – От истоков к современности.Халықаралық ғылыми-тәжірибелі конференция материалдары // редакцияны басқарған Сдықов М.Н. – Орал, 2015. – 368 б – . 20 -28 б.(на каз. и русск.яз)
4. Государственный Архив Астраханской области. Ф. 1. Оп. 3. Т. 2. Д. 450. Л. 1, 9, 10(убрать просьба)
5. Государственный Архив Оренбургской области Ф.6 оп.10 д.996
6. Идрисов Э.Ш. К вопросу об управлении полукочевыми ногайцами-карагашами в составе Астраханской губернии // Каспийский регион. 2011 № 2 (27) – с. 19-26
7. Идрисов Э.Ш. Материалы по этнографии ногайцев-карагашей (эл.ресурс) режим доступа : <http://idrisel.livejournal.com/17219.html>
8. Ишмухамбетов Р.В. К предыстории межкипчакской субэтнической группы «ногай-казах» в составе западных казахов. // Ногайцы – XXI в. : от истоков к грядущему. Мат. научно - практич. конф. Черкесск : КЧИГИ. 2014 – 469 с.
9. Ишмухамбетов Р.В.К описанию шеджере «Сеит-Баба и его потомки», изданной в типографии Абдрахмана Умерова // Ногаеведческий сборник: сборник научных статей. Вып. Материалы «Джанибековских чтений». – Астрахань: Солог, 2013.)
10. Коллектив авторов.- Ислам на Урале: энциклопедический словарь (Ислам в Российской Федерации; Вып. 5) . Сост. и отв. редактор – Д. З. Хайретдинов. – М.: Издательский дом «Медина», 2009- 404 с.
12. Курумбаев А.Ш. Этнические группы Букеевской Орды // Ногаеведческий сборник Актуальные вопросы истории и культуры ногайцев Выпуск 1. Астрахань. 2013 – с..75-78
13. Небольсин П.И. Иностранцы Астраханской губернии. Заметки о кундровских татарах // Вестник Императорского Русского географического общества. Ч. 2. раздел V с.1; 1851.
14. Небольсин П.И. Очерки Волжского низовья. СПб. [Б.и.], 1852 – 197 с.
15. Ремнев А.В. Татары в казахской степи : соратники и соперники российской империи // Вестник Евразии. Научн. журнал. № 4. М. 2006 – С .5 — 30
16. Сабитов Ж.М. Эпос «Сорок батыров Крыма» в казахском народном фольклоре //Global Turk.(журнал) № 3/4. 2015. С. 46-57.

17.Сәрсембина Баян «Ноғайлының Қазақай ахуны» //Жас Алаш №97 (15555) 7 желтоқсан, сейсенбі 2010 ж. Режим доступа : <http://www.zhasalash.kz/ruhaniyat/3369.html>

(на казахском языке)

18.Уалиев А.М. Ноғай - казак шежересі – (Валиев А.М. Родословие (шеджер) ногай – казахов) – Уральск: [Б. и.] 2003.) 11 б.(на казахском языке)

19.Харузин А.Н. Киргизы Букеевской орды : антрополого - этнологич. очерк (Изв. Об - ва ЛЕАиЭ при Московском ун - те. Т. LXIII). Вып. I. М.: Типогр. А. Левенсона и К°, 1889 – 338 с.

20.Харузин А. Н. Степные очерки (Киргизская Букеевская орда). Странички из записной книжки. М.,Типогр. А. Левенсона и К°, 1888. -210 с.

21. ПМА Экспедиция в с.Лапас Харабалинского района Астраханской обл.(место компактного проживания ногайцев-карагашей)

22. ПМА Экспедиция в пос.Хан-Орда Бокейординского района ЗКО Республики Казахстана (место компактного проживания букеевских ногай-казахов,карагашногаев,калпаков)

23. ПМА Экспедиция в с. Карасу Ординского сельского округа.

24. ПМА Экспедиция с.Акоба Жанибекского района ЗКО р. Казахстан (место компактного проживания букеевских ногай-казахов)

25. ПМА Экспедиция в г.Уральск ЗКО Республики Казахстан (место проживания букеевских ногай-казахов)

26. ПМА .Экспедиция в Ногайский район Карачаево-Черкесской республики.

27. ПМА информатор Харисов Альбек Ирсаинович 1960 г.р. г.Уральск (каз.Орал) ЗКО РК

28. ПМА информатор Харисов Ирсаин Ахметович 1933 г.р. г.Уральск ЗКО РК

29. ПМА информатор Мендығалиев Арслан Санғалиевич 1983 г.р с. Лапас Харабалинского р-на Астраханской обл.

30. ПМА информатор Курумбаев Айбулат Шамуратович 1980 г.р г. Уральск ЗКО РК.

31. ПМА информатор Дюйсалиева Жания Мальтиковна 1936 г.р. с. Карасу Ординского сельского округа, РК.

32. ПМА информатор Дюйсалиев Бейбит Мухтарович 1964 г.р с. Карасу Ординского сельского округа, РК.

33. ПМА информатор Абдразакова Галия Кутманбаевна 1970 г.р. Хан Ордасы,Бокейординского р-на, ЗКО РК.

34. ПМА информатор Газизов Габдрашид Газизович 1930 г.р. с. Карасу Ординского сельского округа, ЗКО РК

35. ПМА информатор Дюйсалиева Жамига Шамилевна 1950 г.р. с. Карасу Ординского сельского округа, ЗКО РК.

36. ПМА информатор Шакржанов Шавхат Абдуллаевич 1954 г.р Хан Ордасы,Бокейординского р-на, ЗКО РК.

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ,
ДОЦЕНТ**

**ИСАТАЙ МЕН МАХАМБЕТТИҢ ҚАЗАҚ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС
ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ**

Ресей империясының отаршылдық езгісіне қарсы ұлы далада қазақ халқы талай көтеріліске шықты. Кіші жүзді Ресейге қосып алудан кейінгі отарлық жағдай қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресіне қозғау салды. Отаршылдықтың ең ауыр жылдарында қазақ халқы өзінің ұлттық тәуелсіздігі, қазақ мемлекеттілігі жолындағы күресін бірде-бір күн тоқтатпай, таңғаларлық ерлік пен өміршендік танытып, басқа өркениеттер жетістіктеріне қосылу қабілетін көрсетті.

Отаршылдық атаулының зорлығы халықтың заңды наразылықтарын тудырды. Сырым, Арынғазы, Қаратай, Атақозы, Саржала, Көктемір, Тіленші, Көтібар, Жоламан, Қасым, Саржан, Кенесары, Наурызбай, Қайыпқали, Исатай, Махамбет, Асау, Барак, Жанқожа, Есет, Иса, Досан, Сейіл, Әзберген, Дәуіт бастаған және 1916 жылғы көтерілістер секілді біреуі басылмай жатып, екіншісі бас көтеріп жататын ереуілдер тізбегінің аяғы ХХ ғасырдың басындағы азамат соғысына, ұжымдастыру мен тәркілеуге қарсы халық қарсылықтарына келіп ұласты. Қазақ халқы патшалық Ресейдің отаршылдығына ең көп қарсыласқан қауымдардың бірі. Отаршылдықты тойтарып тастай алмаса да тежей алды. Жекелеген тұлғалар бастаған қарулы қарсылықтардың әрқайсысы Ресей отаршылдығын бірнеше он жылдықтарға шегеріп тастап отырды. Әсіресе, ХІХ ғасырдағы Кіші жүздегі қарулы көтерілістер халықтың рухшылдығын, езгіге төзбестігін, бостандық сүйгіштігін, тұтас тәуелсіздікке ұмтылысын, мемлекетшілдігін көрсетті. Солардың бірегейі дүбірге толы Исатай-Махамбет оқиғасы.

Отандық тарихнамадағы Исатай-Махамбет тарихы шын мәнінде Кіші жүздің жарты ғасырлық шежіресі. Бөкей Ордасының тарихында жұртшылықтың назарын аудартып, көңіл қоярлық көп жәйттерден оқырманды қанық қылатын, дүмпуге толы Исатай-Махамбет оқиғалары екендігі сөзсіз. Онсыз өлке тарихы жұтаң көрінер еді.

Исатай-Махамбет дәуірінде айқын көрінген нышан – отарға айналған өлкедегі қоғамдық дамудың бір кезеңінде Бөкейлікте ұлт мүддесін мансұқ ететін топтардың пайда болуы еді, «антифеодалдық» қозғалыс деп айдар тақпасақ та Исатай-Махамбет көтерілісіндегі азаматтық ішкі майданды жоққа шығара алмаймыз. Десек те, бұл көтеріліс Ресей империясының

отаршылдық саясатынан ғана туындаған ұлт-азаттық қозғалыс екендігінде дау жоқ.

Қазақ қауымында елге тірек әйгілі әулеттер болған, бұқара солардың сөзіне ғана ұйыған. Осыған сәйкес Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихында көтеріліс басшыларының қазақ еліндегі ықпалды руларды, іргелі әулеттерді өзіне тірек еткені мәлім. Ол рулар көтеріліске бастан аяқ қатысты және негізгі қозғаушы күш болып табылған еді. Қазақ елінде ол рулар біріншіден, көптігімен, екіншіден, халықтық дәстүрдегі үлгі-өнегесімен, ру арасынан шыққан белгілі жеке тұлғаларымен ерекшеленді. Осы ретте XVII ғасырдың орта кезінен Қазақстанның батыс бөлігінде іргелі Беріш тайпасы белгілі бір дәрежеде саяси күш болып қалыптасқан болатын. Қазақ-жоңғар соғысында ерлігі аңызға, аты ұранға айналған Ағатай Тілеукеұлы секілді ел қорғаған, халыққа қамқор болған батырлар көп шыққан, «жеті атадан шынжыры үзілмеген» әулетке айналған беріштердің отаршылдық дәуірінде де азаттық күресінің бел ортасында болуы табиғи заңдылық құбылыс еді. Махамбеттің «ерте көшіп, кеш қонған – санаулы сәнді орданың бірі едік» деуі тегін емес. Халықтың Исатай, Махамбет десе ереуілдей кететіндігі де сондықтан деуге болады.

Бөкейлікте басталып, Кіші жүзді шарпыған осыбір ұлт-азаттық көтерілісі туралы айтқанда Исатай мен Махамбет есімдерінің қатар айтылатындығының тарихи әділдігі сонда Исатай Тайманұлы көтеріліс сардары, көсемі болса, Махамбет Өтемісұлы ел-жұртты дабылдатып, көтеріліс рухына көтерген батыр жырау, көтеріліс жыршысы, көтерілістің бас идеологы. Ұлт-азаттық қозғалысының тарихында күш пен рухтың, ыза мен кектің поэзия тасқынына осылай ұласуы ғажайып, бұрын-соңды болмаған құбылыс. Азаттық күрес тарихында Махамбет Өтемісұлының алар орны да осынысымен айқындалады.

Ұлт-азаттық қозғалыстар тарихындағы аталмыш тұлғалардың орнын айшықтап тұрған М.Өтемісұлының күрескер поэзиясы ғана емес, қос көсем бастаған көтеріліс мәселесінің өзі бұл тарихи хикаятты Қазақстандағы, тіпті дүниежүзілік азаттық қозғалыстарынан шоқтандыра түседі. Исатай мен Махамбет әрекетінде отаршылдық кезеңде бұрын-соңды болмаған тәуекелшіл ерлік басым. Қарулы көтеріліс барысына назар аударсақ Исатай да, Махамбет те жаудың аз-көптігін есепке алуды, шегініп, қаша ұрыс салуды, тиімсіз жерде жалтарып кетуді білмегендігіне көз жеткіземіз. Олар көтеріліс қажеті үшін мал-мүлкін, ең жақын туыстарын ойланбастан ортаға салып, бастарын өлімге байлаған жандар. Көтеріліс тарихын алғаш зерттеушілердің бірі, алашшыл қайраткер Х.Досмұхамедұлының «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұматындағы» «халық үшін Исатай үй-ішін, туған-туысқандарын садақаға берді, Махамбеттің Баймағамбетке айтқан сөзіндей қазақ арасында еш уақытта ханға сөз айтылған емес» деуі бұл көтерілістің тарихи орнын, маңызын, тағылымын мәңгілік етеді.

Тастөбедегі шайқас, Ақбұлақ шайқасы отаршылдыққа қарсы күрес тарихнамасындағы ерекше оқиғалар. Осындай қан майдандарға өздері бас болып кіріп, қиян-кескінің ауыр тұстарын өздері көтерген, ажалын да ат үстінде ерлікпен қарсы алған бұл басшылар майданда «азды көпке теңгерсе», өмірде қара қазақ баласын хан ұлына теңгеріп, «жетімдерге жем, жесірлерге жер» беруді мақсат етті. Исатай мен Махамбет өз істері мен көздеген мақсаттары жөнінен қазақ даласында болған отаршылдыққа қарсы 300-дей көтерілістен осылайша ерекшеленетіндігі де сондықтан.

Қазіргі таңда кейбір тарихшы-әдебиетші ғалымдардың XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Бөкей Ордасының тарихындағы оқиғалардың қарама-қайшылығын түсіндіруде кейбір асыра сілтеушілікке баратындығын да жасыра алмаймыз. Бұл жәйт – бүгінгі қазақстандық идеологияға да байланысты. Мәселен Жәңгір ханның тарихта алар орнын белгілеуде Исатай Тайманұлының қателігін іздеушілік белгі беруде. Мен айтар едім – Исатайдың қателігі сол болар еді – егер ол 1837 жылы қазан айының аяғында Орданы қоршауда хан ордасын шауып, Жәңгір Бөкейұлын өлімге тігіп кеткенде. Батыр сес көрсетумен шектелді, сөйтіп, Сырым Датұлы, Қаратай Нұралыұлы көтерілістеріндегі тарихи қателіктерді қайталаған жоқ. Ең бастысы – Исатай Тайманұлы осы әрекетімен көшпелілер өркениетінің биік мәртебелі менталитетін одан әрі асқақтатып кетті.

Патша дәуіріндегі Қазақ еліндегі көтерілістерге басшылық еткендер сол кездегі қазақ қоғамындағы пұрсатты тап өкілдері, яғни бұрыннан-ақ әлеуметтің тізгінін қолдарына ұстаған билер, батырлар, сұлтандар ортақ мүдде, саяси көзқарас, алға қойған мақсат бойынша қоғамдағы әр түрлі қауымдардың басын біріктірді. Бірақ отаршылдармен арадағы тең емес әскери күш жағдайында, әрі шаршатып, шалдықтыратындай аса ірі күресте қателеспей жол тауып шыққандар жоқтың қасы. Ұлттық қозғалыстың басында болғандардың кейін патша әкімшілігімен тіл табысып, ұсынған шен-шекпенді алуға мәжбүр болғандары, сөйтіп күресті тоқтатқандары немесе отаршылдар алдында тізе бүгіп, кешірім тілегендері қаншама! Исатай мен Махамбет әрекетінде ондай позиция мүлдем атымен жоқ. Ата жаумен ымыра дегенді білмеген қос батырдың табындырарлықтай табандылығын көзсіздік немесе фанатизм деп қабылдамай, нағыз ұлттық азаттық күрес деп қабылдау қажет. Жеңісті жорықтары аз болмаса да, шешуші ақтық айқастарда үнемі жеңіліс тапқан, отаршылдардың жаттыққан машықты әскеріне қарсы тұра алмаған көтеріліс басшылары орыс әскеріне төтеп бере алмайтындарын алдын-ала білді. Бірақ халықтың ыза-кегі қайнап келіп, «құдайдан басқаға құл болмауды» қалаған еді. Исатай мен Махамбет халықтың осы ыза-кегінің жай оғы еді, олардың өлімге бас тігуінің сыры осында. Ал оны пәрменді идеяға айналдырған – Махамбет. Ақынның өлеңдерінде өмір мен өлімге мәрттікпен қарайтын нартәуекелшілдік сарынының айрықша шарықтайтындығы сондықтан.

Ат-жігіттің майданы,
Қылыш – жанның дәрмені,
Өлім – хақтың пәрмені,
Атақты ермен бірге өлсе.
Жігіттің болмас арманы.
Бір Аллаға сиынып,
Ұрандап жауға тигенде.
Кім жеңері талай-ды
Айғайласып жауға ти,
Тәңірім білер, жігіттер,
Ажалымыз қайдан-ды.

Күні бүгін бұл екі есімнің Отаншылдық, патриоттық деген ұғымдардың символына айналуы да сондықтан. Сол себепті де әккі отаршылдық олардан құтылудың жалғыз жолы - өлтіру деп білді. Жалпы бұл қимылдың тез арада басылып тасталуының өзі XIX ғасырдың 30-жылдарының аяғында Кенесары, Жоламан, Есет, Қайыпқали, Аманкелді, Науша, Жүсіп, Асау, Қайдауыл, Сүйінқара, Қаратоғай, Құлбарак батырлардың бір мезгілде қарулы көтеріліске шығып, Кіші жүздің азаттық қозғалысының от-жалынына айналуында ғана емес, негізінен аталмыш тұлғалармен салыстырғанда Исатай, Махамбет позициясының империяға тікелей қауіпті болуында, олардың ымыраға келмес саясатында. Патша өкіметі Исатай, Махамбет қимылының өршіл рухынан құтылудың жолын осы кезеңдегі Кіші жүздегі саясатының өзегі еткен болатын. Тайманұлы және Өтемісұлымен компромизмге келудің мүмкін еместігін бірден түсінген патша үкіметі, алмастай өткір Махамбет жырларының дәуір идеологиясына айналып кетуінен аса сескенген болатын. Бұл ретте «Қиыл бойында Исатай арманда кетпегенде, бұл қозғалыстың қандай қанат жаятындығы белгісіз еді», - деп жазған Х.Досмұхамедұлының пайымдауы назар аударарлық.

Исатай батырдың көзін жою арқылы Махамбетті оқшаулай алған патша үкіметі, жаудан қайтпаған, жігері мұқалмаған, қайта серпілер күнді аңсаған, өмірлік мұратын туған халқының тағдырымен қосақтаған батыр ақынның тірі жүруін де қаламаған болатын.

Сонымен, Исатай мен Махамбет – ұлттың рухы. Қазақтардың қорлыққа көнбейтін, зорлыққа төзбейтін қайсар халық екенін дос пен дұшпанға қатар танытып тұрған қос қаһарман, ұлттық мерей мен мақтаныш.

КУРУМБАЕВ А.Ш.

**МАГИСТР ИСТОРИИ, ДИРЕКТОР ТОО «ЭТНО-
ТУРИСТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР «САҮАТ»**

КУРУМБАЕВА Ж.Ш.

БИБЛИОТЕКАРЬ, МГУ ИМЕНИ Х.КАПАНОВА

ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ ГРУППЕ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ НОГАИ - КАРАГАШИ

В начале XIX века Букеевская Орда отличалась не только особенностями территориального устройства, социально-экономического положения, но и этнического состава. Здесь наряду с родами Младшего жуза с единым языком и вероисповеданием проживали и отдельные этносы – ногаи и карагаши, имеющие родственные этнокультурные признаки.

Одним из крупных государственных образований, возникших на территории Дешт-и-Кипчака в ходе распада государства Жошы и ослабления Ак Орды, была Ногайская Орда. Основная территория Ногайской Орды находилась в степях между Етилем (р.Волга) и Яиком (р.Урал), ее центр в низовьях Етиля и в районе Сарайчика на Яике. Основателем Ногайской Орды считается Едыге. Возглавляемая им Орда была одним из значительных независимых владений, обособившихся от Золотой Орды [1]. В XVI веке устанавливаются торгово-экономические и политические связи с Русским государством. Во второй половине XVI века, после присоединения Казанского и Астраханского ханств к России, Ногайская орда распалась на самостоятельные владения, в процессе ее распада часть населения вошла в состав Младшего жуза [2]. О присоединении этой территории к Казахскому ханству ногайский мырза Исмаил писал русскому царю Ивану IV: «Мои родичи остались за Яиком, и присоединились к Казахскому ханству» [3].

В 40-х гг. XVIII царская власть стремилась переселить ногаев, которые бежали от крымского и калмыцкого ханов считая, что «их предки в казахской степи». Поэтому 1744-1745 гг. с Кубани переселились в Оренбургскую губернию к озеру Сакмар султанские аулы ногаев и астраханско-карагашские ногаи, которые вошли в состав Казахского войска. Астраханский историк В.М. Викторин утверждает: «до нынешнего времени в той местности проживают потомки двух групп ногаев, которые приняли татарский язык и культуру» [4].

Ногаи-карагаши указывают себя как пришедшие с р.Кубань, т.д. «Кобан ногайлары». А этноним «карагаш» получили от местности откуда

они пришли. И действительно в Карачаево-Черкесии встречается топоним «Темнолесье»-«Карагаш». [5]

То, что ногаи в 1745-1747 гг. перекочевали к реке Сакмар, указывает А. Харузин: «Род ногай получил свое начало 1745-1747 гг., когда назначенный по подозрению, к переселению на р. Сакмар, к крепости Озерной 25 семей кундаровских татар бежали к киргизам (казахам - А.К.) за Урал. Поймать их велено было Абулхаирову сыну Нуралы, но тот сего не исполнил». Кундровцы примкнули к киргизам, сплотились с ними [6]. До сих пор, в поселках Сайхин, Урда, Карасу Бокейординского района Западно-Казахстанской области ногаев дразнят: «Сакмардан кашкан ногай», что в переводе означает: «ногаи бежавшие с реки Сакмары» [7].

Расселение ногайцев-карагашей в Астраханской губернии после ликвидации Калмыцкого ханства стало новым этапом их социального и этнокультурного развития.

В дореволюционной литературе и архивных документах ногайцы-карагаши обозначаются как «кундровские татары» или «кундровцы». П.И.Небольсин трактует этот термин как «ногаец-припущеник», в связи с подчинением их калмыкам. Здесь нужно также отметить, что карагаши – это одна из нескольких ногайских групп Астраханского края, которая исторически связана с Малой Ногайской Ордой (Казыев улус), в отличие от других астраханских ногайских общностей: юртовцев, кундровцев и утаров, которые имели происхождение от Большой Ногайской Орды. [8]

После перехода султана Букея на Самарскую сторону, он определяет каждому роду кочевья. В 1864 году в журнале «Эпоха» № 11 вышедший в Петербурге под руководством Достоевского, печатается статья «Внутренняя или Букеевская Орда», где приводится количество семей и скота на 1801 год: ... ногаев 1095 семей ... [9]. По документам 1851 г. в Букеевской орде было 1093 кибиток, в 1889 их было около 2000 семей. По переписи 1926 г. по Уральскому округу [Таловский, Джаныбекский, Урдинский, Азгирский районах) было 5696 ногайских хозяйств [10]. На увеличение числа ногаев, скорее всего, повлияло то, что они занимали высокое положение, были в доверии у султанов и были включены в состав войска хана. Во время правления хана Жангира им выделяется земля около Ханской ставки у близлежащих лиманов 1 млн. 800 тыс. десятин пастбищных и сенокосных угодий. Об их высоком положении говорило и то, что кояс-ногай Шомбал Ниязов был одним из двенадцати биев составлявших совет хана [11]. Хан Жангир не захотел, чтобы они жили как отдельный этнос, поэтому в официальных документах ногайцы были включены в состав казахских родов и записывались как ногай-казах. Причину этого мы видим в следующем: Жангир хотел увеличить число подданных, и стал раздавать земли ногаям. А по закону земли могут даваться только казахским родам, и он превратил ногаев в один из казахских родов. Об этом свидетельствует документ 1814 г. «Роды

Букеевской Орды их зимовки и кочевки», род ногай – 620 кибиток; подотделения: 1.Куяс, 2.Казан-кулак, 3.Костамбалы,4.Уйсын; места кочевья: зимуют в верхней части Рын песков, а летом кочуют в пределах Саратовской области. У каждого отделения своя тамга, так у Костамбалы и Казанкулака тамга «||» (двойная тамга), тамга Кояса «Х», Уйсуня «⇒».

Русский исследователь А.Харузин приводит сведения об антропологических и этнографических особенностях ногайцев: «Они высокие, женщины также отличаются большим ростом, чем киргизы, худощавее и стройнее киргиза. Они носят плисовые кафтаны, род жилета с серебряными застежками, рубашка отличается непомерно длинным воротником и головные платки у женщин голубого цвета». Также он отмечает: «Что касается языка, то он чисто киргизский (казахский – А.К.), и, как передавали мне, несколько перемешан с татарскими словами» [12]. На сегодняшнее время язык ногаев чисто казахский, в нем полностью отсутствуют элементы татарского языка. Здесь можно говорить о ассимиляции данного этноса. Сегодняшними особенностями рода ногай является своеобразная надмогильные сооружения в п. Хан Ордасы.

Следующей этнической группой Букеевской Орды являются карагаши. Группа карагашев образовалась от ногайцев, переселившихся с Северного Кавказа. Их первое поселение было в Астраханской губернии местечке Кундрау, из-за этого их прозвали кундровские татары [13]. Такие же предположения высказывают и сами карагаши. По официальным документам того времени писалось кундаровские татары.

Причиной появления карагашей в Букеевской Орде их потомки указывают на приглашение их ханом Жангиром для постройки домов в Ханской ставке. Приближенность ногаев и карагашей к ханскому двору, а также их близкие родственные отношения подтверждают кулпытасы (надгробные стелы – А.К.), которые расположены на одном холме вместе с могилой хана Жангира. Им тоже были выделены земли (Нарынбай, Сарсемали, Бабай сад), но бии были против этого, тогда их причислили к ханским толенгутам. Принадлежность их к туленгутскому роду подтверждает и то, что у них была схожая тамга [14].



Тамга туленгутов



Тамга карагашев

В ходе этнокультурной экспедиции в 2003 г на кладбище Хан зираты за могилой хана Жангира были обнаружены два кулпытаса рода ногай-карагаш и карагаш-ногай. [15]

Карагашев местное население прозвало «балташы», что в переводе означает топор, и само слово можно перевести как «плотник». Сами

карагаши также утверждают, что их предки построили большинство деревянных домов в Ханской ставке.

Занятие плотницким делом, работой по металлу, бахчеводство сохранилось у них и сегодня. Сейчас в Бокейординском районе в поселках Урда, Сайхин, Карасу живут потомки карагаш-татаров. Они считают себя казахским родом карагаш.

Сколько времени не прошло, сколько поколений сменилось их антропологические особенности сохранилось, те же зеленовато-желто-карие глаза, высокий рост. Прошло два века, но эта этническая группа казахскую землю считают своей Родиной.

Использованная литература:

1. История Казахстана. Т.2. Алматы, 1997, стр.153-154.
2. Казахская Советская Энциклопедия. Алматы, 1981, стр. 167.
3. Бірімжаров Б. Кіші жуз калай курылды. Орал өңірі. 10.03.1999 ж.
4. Викторин В. Бокей Ордасына кошп келеген рулар. Орда жұлдызы. №51-52. 27.04.1991 ж.
5. ПМА автора, Карачаево-Черкессия 2015 г.
6. Харузин А. Этнографическая книга. Архив музея истории Букеевской Орды. №201-1 №10 УИРМ № 3696
7. ПМА автора, Бокейординский район, 2003 г..
8. Идрисов Э.Ш. Этнокультурные и социальные аспекты взаимоотношения ногайцев-карагашей с народами Нижнего Поволжья в XVIII-первой половине XIX века. Ногаеведческий сборник. Актуальные вопросы истории и культуры ногайцев. Выпуск 1. Астрахань, 2012. С.34.
9. «Внутренняя или Букеевская Орда». Эпоха №11. 1864.
10. Уральск и его округи. 1926. г. Уральск. Таблица 1.
11. ПМА автора, Бокейординский район, 2003 г..
12. Харузин А. Этнографическая книга. Архив музея истории Букеевской Орды. №201-1 №10 УИРМ № 3696
13. Шарипкалиев Т. Бокей Ордасына кошп келеген рулар. Орда жулдызы. 25.04.1999 ж.
14. ПМА автора, Бокейординский район, 2003 г.
15. ПМА автора, Бокейординский район, 2003 г.

**«ЖАЙЫҚ ПРЕСС» ЖШС ЖАНЫНДАҒЫ БАСПАСӨЗ
ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ,
ОРАЛ ҚАЛАСЫ**

«ДҰРЫСТЫҚ ЖОЛЫН» ПАРАҚТАСАҚ

«Дұрыстық жолы» газеті – ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Бөкей ордасында шыққан газеттердің ішіндегі бас-аяғы толық, жақсы сақталған, тарихы – шығарылу-жабылу себептері айқын басылым десе де болады.

«Дұрыстық жолы» - газет, Ұлт істері жөніндегі Халық Комиссариаты Бөкей Ордасы бөлімшесінің органы. 1919 жылғы 26 ақпаннан 10 шілдеге дейін Ордада (11 саны) жарық көрді. Азамат соғысы майданынан, ішкі және халықаралық өмірден жүйелі түрде мәліметтер беріп тұрды. Қырғыз (қазақ) әскери-революциялық комитеті құрылуына байланысты оның шығуы тоқтатылып, оның орнына «Сахара таңы» шыға бастады» - делінген «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясында (Алматы, 2010, «Арыс» баспасы, 238 бет).

Жалпы, Ордада 1917 жылдан бері үзбей газет шығып келді. Әуелі қазақ зиялыларының күшімен «Ұран» газеті (28.07.1917-05.1918), кейін билікке большевиктер келген соң «Хабар-Известия» газеті (17.11.1918-31.12.1918) шығарды. 1919 жылдың 1 қаңтарынан ол «Қазақ дұрыстығы-Киргизская правда» деп аталды. «Жайық Пресс» ЖШС бұл аталған үш газеттің де архивте сақталған сандарын жинақтап, жеке жинақ етіп шығарды.

Бірақ осының алдында орыс-қазақ тілдерінде шыққан большевиктік қос газеттен «Дұрыстық жолының» орны бөлек. Біріншіден, бұл басылым бастан-аяқ қазақ тілінде шықты. Екіншіден, «Дұрыстық жолында» қазақ халқының, қазақ зиялыларының мақсат-мүддесі айқын көрінеді. Бұдан бұрын Ордада шыққан «Қазақстан» мен «Ұранның», тіпті жалпықазақтық «Айқап», «Қазақ» секілді басылымдардың салған жолы, алға қойған мақсаты анық байқалып тұр. Ол жол, ол мақсат – қазақ халқын ағарту, бірлігін сақтау, өзгелермен терезесі тең ел ету, автономия болу еді.

Орда – орталық

Әрине, Ордаға Совет өкіметін орнатып, ондағы қазақ зиялыларын барынша қолдаған большевиктердің өз есебі бар еді: Ленин бастаған большевиктер бүкіл қазақ даласына, тұтас қазақ халқына ықпал ететін тетік іздеді. Азамат соғысы өршіп тұрған қазақ даласында Совет өкіметі алдымен орнап, тұрақтап қалған жалғыз пұшпақ – Бөкей ордасы, оның ішінде Хан ставкасы еді. Әрине, мұның да өзіндік себептері болды. Біріншіден, Бөкей ордасы әу бастан жалпы қазақ даласынан бөлек,

әкімшілік жағынан Астрахан губерниясына қарап тұрды. Екіншіден, Астрахань, Саратов билігі 1917-1920 жылдары бұрынғы Ішкі орданың, Бөкей ордасының жерін жұлмалап, өздеріне қосып алуға, Бөкейлікті өз уысынан шығармауға тырысып жатты. Бір қызығы, саяси көзқарастары мүлдем кереғар Уақытша үкімет өкілдері де, бір-бірімен өліспей беріспеген ақ пен қызыл билігі де осы ниетке келгенде біріге қалатын. Үшіншіден, қазақтың өз ішіндегі алауыздық та әсер етті. Бұл жөнінде «Қазақстан большевик қалай шықты?» деген сауалға жауап іздеген «Ұран» газетінің 1918 жылғы 16 ақпанда шыққан №24 санындағы «Қалмақ қисымы» атты мақалада сол бір аласапыран күндердің нақты суреті сипатталады («Ұран» газеті. 1917-1918», Орал, 2014, 119 бет).

Сонымен, Мәскеудегі большевиктер билігіне тұтас қазақ даласына ықпал ететін бір орталық керек болды дедік. Бұл жөнінде белгілі зерттеуші Мұстафа Ысмағұлов былай деп жазады:

«1918 жылғы 26 апрельдегі РСФСР Ұлт істерін басқаратын Халық комиссариатының 7-нші нөмірлі протоколын оқығанымызда, бұл документтен Қазақ бөлімі ардагер большевик Әліби Жанкелдиннің қатысуымен бекілгенін көреміз. Міне, осы Қазақ бөлімі Москвада ұйымдасуына байланысты, Қазақ еліне алыстан саяси басшылық ету азамат соғысы кезінде қиын болған. Бірақ та Бөкей облысында ұйымдастырылған Совет өкіметі органдары мызғымай өмір сүріп тұрғандықтан, Москвадағы Қазақ бөлімін басқарушылар Мұхаммедьяр Тунгачин және Хусайын Бекентаев Бөкей Ордасына келеді. Совет өкіметі идеясын бұқараға, қазақ еңбекшілеріне насихаттау ісіне қызулы түрде кіріскен. Қазақ бөлімінің Бөкейлік бөлімшесін құрған. Бөкей облысының партия және совет органдарымен бірлесіп, революцияға қарсы шыққан жауларды жою үшін батыл күрес жүргізеді.

Сол күреске ең күшті мұқалмас қару ретінде пайдалану үшін «Дұрыстық жолы» (орысша «Путь правды») деп атап Бөкейлік бөлімшенің атынан газет шығарып таратқан...» (Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі, М.Ысмағұловтың жеке қоры, «Дұрыстық жолы» газетінің шыққанына 55 жыл» атты телесценарийден)

Хан ордасының 1920 жылы республика билігі Орынборға шоғырланып, ресми астана мәртебесі жарияланғанға дейін бейресми орталық, жалпықазақтық астана қызметін атқарғандығына мысал көп. Ең алғашқы қазақ советтік баспахана 1918 жылы осы Ордада ашылды. В.Ленин, К.Маркстің еңбектері, советтік идеология әдебиеттері қазақ тіліне аударылып, кітаптар шыға бастады. Ең алғашқы мұғалімдер сиезі өтіп, оқулық жазу, мектеп бағдарламаларын жасау мәселесі көтерілді. Бұл мақсаттарға Мәскеуден қыруар қаржы бөлінді. Ордаға сол кездегі ең заманауи баспахана жабдықтары жеткізілді. Бөкейлікте Қазақтың №1 Үлгілі атты әскер полкы жасақталды. Бұл оқиғалар жөнінде 1918-1919 жылдары Ордадан шығып тұрған «Хабар-Известия», «Қазақ дұрыстығы-

Киргизская правда» газеттерінде жиі жазылды. «Жайық Пресс» ЖШС 2015 жылы аталған газеттердің тігіндісін толық күйінде кітап етіп баспадан шығарды («Хабар-Известия» 1918. «Қазақ дұрыстығы-Киргизская правда» 1919», Орал, 2015).

Әрине, ұланғайыр қазақ жерінің бір шетіндегі шағын елдімекен, өзге өңірлермен коммуникациялық желілері жоқ Хан ордасы – күллі қазақ жұртына астана бола алмайтындығы анық еді. 1920 жылы 26 тамызда Бүкілресейлік ОАК мен РКФСР ХКК «Қырғыз (қазақ) автономиялы социалистік кеңес республикасын құру туралы» Декрет қабылдады. РКФСР БРОАК-тің 1920 жылы 22 қыркүйектегі жаңа Декретімен Орынбор губернаторлығы мен Орынбор қаласы ҚазАКСР құрамына қосылды. 1920-25 жылдары Орынбор қаласы Қазақстан астанасы болды. Сөйтіп, Ордада шоғырланған советтік қазақ билігінің көсемдері Орынборға қоныс аударды. Хан ордасына орнатылған заманауи баспахана да Орынборға көшірілді. Бұл жөнінде осы кітапта беріліп отырған Тамимдар Сафиевтің естелігінде толығырақ айтылған.

«Дұрыстық жолы» қалай шықты?

Басылымның алғашқы саны 1919 жылдың 20 ақпаны күні жарық көрген. Газеттің шығуы, оның шығарушылары туралы ең толық, нақты мәлімет берген – Тамимдар Сафиев.

«Әлі есімде, 1919 жылғы февраль айының бастапқы күндерінің бірінде Ордада азамат соғысына белсенді қатысып жүрген және сауатты қазақ жастарының жиналысы болды. Оған Шафхат Бекмұхаметов, Бисен Жәнекешев, Мұстафа Көкебаев, Халел Есенбаев, Ғали Бегалиев, Ғабит Сарбаев, Әмірғали Меңешев, Хайырлы Бекқалиев, Хамит Чурин, белгілі ақын Ғұмар Қарашев және басқалар қатысты. Жиналыста сол мезгілге дейін екі тілде шығып келген «Хабар» және «Қазақ дұрыстығы» газеттерінің орнына бір ғана қазақ тілінде газет шығару мәселесі талқыланды. Алдымен газеттің аты туралы әңгіме болды. «Ел еркі», «Ерікті ел» болсын деген ұсыныстар айтылды. Ақырында жиналысқа қатысушылардың бәріне «Дұрыстық жолы» деген ат қатты ұнап, болашақ газеттің атын осылай атауға ұйғарылды.

Осы жиналыста редакциялық коллегия мүшелері бекітілді. Оның құрамына М.Көкебаев, Ғ.Қарашев, Ғ.Мұсағалиев, Х.Есенбаев және осы жолдардың авторы кірді. Сөйтіп, 1919 жылғы 20 февральдан бастап Ордада «Дұрыстық жолы» газеті шығарыла бастады. «Дұрыстық жолы» газеті өз кезінде Бөкей даласының еңбекшілерін революциялық рухта тәрбиелеу ісінде көрнекті жұмыс атқарды. ...Ел ішінде мектеп ашып, ауыл кедейлерінің балаларын оқыту, білім тарату, үгіт-насихат жұмыстарына ерекше көңіл бөліп отырды» дейді автор «Газет осылай шығарылды» атты мақаласында («Орал өңірі» газеті, №229 (11199) 1968 жыл, 17 ноябрь, Газеттің 50 жылдық мерейтойлық нөмірі).

Тамимдар Сафиев 1970 жылдары Мұстафа Ысмағұловтың тапсырмасымен жазылған естеліктерінде кеңірек баяндайды:

«Ұмытпасам, 1919 жылы февраль айында болар деймін, бір күні қазақ жастарының жиналысы болды, бұл жиналысты шақырған сол уақыттарда ұйымдастырылған жастардың «Жігер» деген бір ұйымы еді. «Жігер» ұйымының бастығы Мұстафа Көкебаев, сол кезде жаңа ашылған Бөкей подотделі деген кеңсенің бастығы еді. Ол кеңседе қазақ азаматтарынан Ғұмар молла Қарашев, Ғазиз Мұсағалиев, Қари Қарашев, Халел Есенбаев істейтін еді.

Жиналыста газет шығару мәселесі қаралды. Бұрынғы шығып тұрған «Ұран», «Қазақ дұрыстығы» газеталарының қазіргі жағдайда қанағаттандырмайтыны айтылды, жаңа газетті енді кім шығарады, оның аты не болу керек деген мәселе болды. Біраз сөз тартысы, сөйлеулер болғаннан соң Бөкей подотделі газетті шығарады, оның аты «Дұрыстық жолы» болсын деген ұйғарысты жиналыс мақұл көрді. Бұл жиналыста газета шығару үшін редакция ... кандидаттар ұсынылды. Олар: Ғазиз Мұсағалиев, Ғұмар молла Қарашев, Мұстафа Көкебаев, Халел Есенбаев, Сафиев дегендер еді. Сол күндерде мен де Бөкей подотделіне жұмысқа кірген едім. Бөкей подотделі ашылғаннан кейін Астраханнан бір баспа машина алдырылды. Бұрын «Ұран» газетасы кішкене «Арканка» деген машинада басылған екен. Енді жаңа машинаның келуімен типографияға арнаулы бір жай алып, баспахана ашылды. Солай етіп Бөкей подотделі «Дұрыстық жолы» деген газета және «Мұғалім» деген журнал шығара бастады...» (БҚОМ №9083/50)

Газеттің алғашқы санындағы «Баспасөз» атты мақалада Ғұмар Қараш газетті «жетісіне екі рет шығады» деп хабарлаған. Алайда ол рет сақталмаған. Газеттің алғашқы саны 20 ақпанда басылса, №2 нөмірі араға екі апта салып, 6 наурызда шығады. Одан кейін 22, 28 наурыз, 1 сәуір аралығында араға апта салмай жатып №3-5 сандары шыққан. Сосын сәуір, мамыр, маусымда айына екі нөмірден басылып тұрған. Ең соңғы №11 саны 1919 жылғы шілденің 10-ында шығыпты.

Газеттің жабылуының бір себебі – Ордадағы баспаханың Орынборға көшірілуі екенін айттық. 1919 жылдың орта шеніне дейін Бөкей облысы тікелей РСФСР-ға қарап келді, ал сол жылы шілдеде қазақ елдерін басқаратын Кирревком құрылғаннан кейін Қазақстанның құрамына Бөкей губерниясы болып енді. Осыған байланысты «Дұрыстық жолы» 1919 жылы 10 шілдеде өзінің он бірінші нөмірінен кейін шығуын тоқтатты. Бұдан кейін оның орнына Бөкей губерниялық «Кедей туы» газеті біраз уақыт (1925 жылға дейін) шығып тұрған. 1925 жылы губерния таратылып, Орал губерниясына қосылған кезде, «Кедей туы» газеті қызметкерлері де 1925 жылдың соңында Оралдағы «Қызыл ту» редакциясына қосылып, типография құралы Оралға әкелінеді.

«Дұрыстық жолы» не жазды?

«Осының алдында орыс-қазақ тілдерінде шыққан большевиктік қос газеттен «Дұрыстық жолының» орны бөлек» деген едік.

Шынында да «Дұрыстық жолын» бастан аяқ мұқият парақтаған адам бұл газеттің бағыты, мақсат-мүддесі осыдан 8 жыл бұрын шыққан «Қазақстан» газетімен үндес екенін байқар еді.

Бұлай болатын жөні де бар: «Қазақстан» газетінің де, «Дұрыстық жолы» газетінің де шын мәніндегі идеялық басшысы, көсемсөз иесі – ғұлама ағартушы, ақын Ғұмар Қараш болатын.

Ғұмар Қараш 1911 жылы «Қазақстан» газетінің №1 санында «Газет деген не зат?», «Газет не үшін керек» деген мақалалар жазып, баспасөздің қазақ қоғамын ағартудағы рөлін егжей-тегжейлі түсіндірсе, «Дұрыстық жолы» газетінің де №1 санында «Баспасөз» атты мақала жазып, *«Баспасөздің халыққа ететін қызметі – оның басшылығы өте зор, халықты белгілі бір саяси бағытқа салушы баспасөз, өнер-білімнің керектігін айтып, халықты оқу, білім жолына сүйреуші баспасөз, тіл-әдебиеттің ілгерілеп жайылуына себеп болушы баспасөз, халықтың тұрмыс, шаруашылық реттерін жақсы жолға салушы баспасөз»* деп баға береді.

Ал «Дұрыстық жолындағы» «Құрдастық жолы» мақаласынан «Қазақстан» газетінде жарияланған «Тіршілік таласы» мақаласында айтылған ой мен өрнекті анық байқайсыз.

«Екеуі екі басқа», «Наурыз», «Ұлт һәм туған тіл» атты мақалаларда Ғұмар атамыздың ағартушылық-философиялық пікірлері анық байқалса, «Қазақ федерациясы» атты шығармада (№5) қазақ халқының талай жылғы арманы – бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратұғын автономиялы ел болудың мүмкіндігі туғанын, оны пайдалану керектігін жеріне жеткізіп айтады.

Әрине, Ғұмардың 1917-1919 жылдардағы Алаш қозғалысына белсене араласқаны, Алаш партиясы құрылатын бірінші жалпықазақ съезіне қатысқаны, 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен Алаш автономиясы жарияланатын екінші жалпықазақ съезінің ұйымдастыру және өткізу жұмысына белсене қатынасып, баяндама жасағаны белгілі. Оның аяқ астынан Совет өкіметін қолдап, большевиктер газетінде белсенді қызмет етуіне қарап, өмірлік көзқарасынан, саяси бағытынан айныды деп айтуға келмейді. Керісінше, алдағыны дөп болжай білетін саяси сергек қайраткерлік қасиеті көрінеді.

«Апрелдің 8-нде Мәскеудегі Мұхамедяр мырза Тұнғачин атағынан Ордаға алынған телеграмға қарағанда: - Қазақ комисариатының жоқшы болуы арқылы, Мәскеудегі түрлі ұлттар ісін басқарушы комисариатта бар қазақ үшін Русияның федератсиялы советтер жұмһуриатының бір кесегі болып қазақ федератсиясы да құрылуына қаулы жасалған» деп қуана хабарлайды Ғұмар Қараш. «...Болып озған хұкметтер заманында қазақ өз

тілегені өзіне айырым федератсиалы ел болсын деген сөзді ауызға алуға да мүмкін болмаған. ...Киіз үйлі қазақ болғалы түсіне кірмеген, қолына тимеген өте қымбат, аса қадірлі енші болған сияқты, тарих жүзінде де бір елдің өмірінде бір ғана келетін зор уақиға, мұндай зор жұмысты, мұндай өркендеуді түгел орындап, жолға салып жіберу өте қиын болғандықтан, қазақтың ел болып қатарға кіруін сүйетін зиялыларымыз бұл туралы бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып, тегіс жегілуге борышты. ...Басынды көтер, алаштың ардақты азаматтары, тарихи күнде тап келген міндетінді тазалықпенен атқар!» («Дұрыстық жолы» газеті, №5, 11 сәуір, 1919 жыл)

Осы мақаласында Ғұмар атамыз «жақын арада Орынбор қаласына жалпы қазақ сиезін шақыруға һәм бұл сиезге тамам алаштың өкілдері қалмастан, тілесе қандай күйде жүрген кісілер де толық шәксіз ерік һәм хауіфсіздікке ие болып қатысуына рұхсат етілген» деп атап айтады. Бұл жерде жалпықазақ сиезіне совет билігінің оппоненттері – Әлихан Бөкейхан бастаған алашордашылар да қатынасатынына қуаныш білдіргендей. Арада екі нөмір салып, «Дұрыстық жолы» газетінің №7 санында (1919 жылғы 2 мамыр) «...-ға» деген өлеңін жариялайды.

«...ға

Белінді бекем буып, өрге бардың,
Қазақтың қол жетпестей мұңын алдың:
Сар бала, қара қазан қамын ойлап,
Алдына алашыңның үлгі салдың:
Бізін жұрт малы түгіл жаны фида
Жолында елді сүйген сіздей жанның.

Аяғың аспай-таспай жай басасың,
Тұлпарша түйдек түйдек өрге асасың.
Жайылып жалпы жұртқа тегісінен
Суындай Аму-дария мол тасасың.
Алғысы алты алаштың үстіңізде –
Ғұмырың ұзақ болып, көп жасасын.

Қазаққа ақ қалпақты болды бұл іс,
Болған жоқ бұрын-соңды мұндай зор іс.
Алаштың тарихына алтын менен
Жазылып қалса керек осы бір іс.
Ардақты азаматым, артық жаса,
Айтарлық қазағыңа қылдың жұмыс.»

Біздің ойымызша, дәл осы шығарма – Әлихан Бөкейханға арналған. Олай дейтініміз, Ғұмар атамыздың Әлиханға деген құрметі ерекше болған, бұдан басқа да екі жыр арнаған. Олар - Үпіден (Уфа) 1918 жылы шыққан «Тұрымтай» жинағына шыққан «Түс» және «Ғ...-ға» деген өлеңдері. Міне,

осыдан-ақ Ғұмар атамыздың алаш идеясына, оның көсеміне адалдығы өзі өле-өлгенше бұзылмағандығын байқаймыз.

Ғұмар атамыздың 1916 жылы бөкейліктер атынан Петерборға барып, Астрахан қазағы басып алған жерді және тиесілі жерді қазаққа орнымен бөліп бер деген өтініш хатты бас министрге тапсырғаны туралы дерек бар. Жалпы, жер мәселесі, қазақ жерінің тұтастығы – Ғұмар Қараш атсалысқан «Қазақстан», «Ұран» және «Дұрыстық жолы» газеттерінде басты тақырыптардың қатарында болған.

«Дұрыстық жолы» газетінің №7 санында «Автономия федерация» атты бас мақалада: «10 облыс қазақты қалдырмай бір федерацияға кіргізуге бола ма? Бұны шешу үшін иже баста бүкіл қазақтың жер ыңғайына көз салу керек. Картаға қарағанда қазақ облыстарының бір-біріне жер шектері жалғаспай тұрғаны – жалғыз-ақ біздің Бөкейлік көрінеді. Бөкейлік жерінің күншығыс шегі Орал қазағының жерлеріне жанасатын аралығында бұрынғы казак жері сиыр тіліндей сүйірше болып кіріп, екі облысты айырып тұрады. Ескі хукметтер тұсында атты қазақтың (казак-орыс – Қ.) атқаны тиіп, айтқаны келіп тұрған кезі болғандықтан, біздің қазақтарға зорлық етіп, Жайық суы жағасын Каспий теңізіне құятын жеріне жеткенше өз қолдарында қалдырған. Алдымыздағы жалпы қазақ сиезінде Бөкейлік жерінің күн шығыс тұсынан 30-60 шақырым кендігінде болса да есік шығарып, Орал қазағы жеріне жалғасу жайында қаулы шығарып, кіндік хукметтен бекіттіру – тоқталыссыз шешуі тиіс болған бір жұмбақ болса керек...

Тарихтың шекарасына аяқ салып, тұрмысымызға, сиасатымызға, елдігімізге негізгі тастарды қалауға өзіміз біз бұл туралы қателессек, бұдан туатын зиян зор. Сол үшін өте сақтықпенен іс етуіміз – борыш. Тұрмыс жүзінде мың жылдан артық ғұмыр сүрген 10 облыс халыққа көйлек пішкенде көзімізді жұмып отырсақ, оның бойы шолақ, пішіні олақ шығып, жұмысқа аспайтыны анық.

Қазақтың көзі қарақтылары, үй іші күңкілді былай тастап, бұл жұмысқа жатпай-тұрмай кірісер, бұл адамшылық міндеттері, бұл халық алдында борыштары. Бұл тарих бетінде тапсыз орын алып, келешектегі ұрпақтың алғыстарын алатын жұмыстары. Хайырлы сағат!» - дейді Ғұмар атамыз.

Әрине, осы кітапқа «Дұрыстық жолы» газетінің барлық 11 саны түгел беріліп отырғандықтан, біз басылым бетіндегі барлық тақырыпты талдаудан аулақпыз. Бұйырса, кәсіби мамандар, зерттеушілер «Дұрыстық жолы» газетінің мән-маңызын жан-жақты зерттеп, шынайы бағасын бере жатар.

Мұстафаның мұрасы

Жалпы, «Жайық Пресс» ЖШС жанынан Батыс Қазақстан өңірінің баспасөз тарихын зерттеу орталығы құрылып, қызмет ете бастағалы бізге таусылмас қазына, үлкен көмек болып келе жатқан дереккөз – зерттеуші Мұстафа Ысмағұлов жинастырған, бүгінде Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында сақтаулы тұрған мәліметтер десек болады.

2012 жылы «Қазақстан» газетінің көшірмесін Ресей архивтерінен алдырып, араб әліпбиінен қазіргі жазбаға көшіріп, кітап етіп шығарған кезімізде, Мұстафа ағамыздың қалдырып кеткен деректері көп көмектесті. Көне суреттер, құжаттардың көшірмелері, құнды естеліктер дәл осы М.Ысмағұлов ағамыздың жинастырған қалпында тұңғыш рет баспа бетін көрді. Мұстафа Ысмағұлов Совет өкіметінің әсіресік сүзгісінен өткізу үшін қандай айла-амалға бармаған десеңізші! «Қазақстан» газетін шығарушы Ғұмар Қараш пен Елеусін Бұйринді астрахандық большевиктермен «құпия байланыстырып», Ғ.Қараштың «Лена қырғыны» туралы мақаласын жалау етіп көрсетсе де, коммунистік цензура «Қазақстан» газетінің атын айтуға, ол туралы қандай да деректі жария етуге рұқсат бермей қойған. Маңдайы қанша рет тасқа соғылса да Мұстафа ағамыздың табандылығы мен сабырына таң қаламыз. Түптің түбінде бұл арыстардың жоқтаушысы табыларын анық сезіп, болашаққа қызмет етіп кеткен ғалым ағамыздың аруағы алдында бас иеміз.

«Ұран» газеті, 1917-1918», «Хабар-Известия» 1918, «Қазақ дұрыстығы-Киргизская правда» 1919» жинақтарын дайындау кезінде де БҚО тарихи-өлкетану музейіндегі М.Ысмағұлов қорының көмегі өлшеусіз болғанын айтудың өзі артық.

Дәл осы жинақты құрастыру сәтінде де күтпеген қазынаға тап болдық: Мұстафа Ысмағұлов жинаған құнды деректердің ішінде «Дұрыстық жолы» газетін шығарушы бес адамның бірі – Тамимдар Сафиевтің төте жазумен 5 дана оқушы дәптерін толтырып жазған естеліктеріне тап болдық. «Қадірлі інім Мұстапа! Көп-көп сәлем, сәлемнен кейін аман-саулық білдіремін. Қарақалпақтан қайтып үйіме келдім. Сен тапсырған жұмысты бастайын деп едім, бірақ қалай болар, қолым бармай отыр. Өйткені сен естелік жаз деп едің, мен естелік жазайын десем, жазғаным өмірбаян болатын түрі бар...» деп басталған жолдар бұл естеліктің тікелей Мұстафа Шәмбілұлының тапсырмасымен жазылғанын әйгілеп тұр. Бұл жазбаларда 1915-1920 жылдар аралығындағы Бөкейліктегі қоғамдық-саяси оқиғалар, 1916 жылғы Июнь жарлығына қатысты естеліктер, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, т.б. ұлт зиялылары туралы қызықты деректер берілген. Совет билігі тұсында «халық жауы» атанып, атылып кеткен арыстар туралы жылы пікір білдіріп, естелік айту – қара басыды қатерге тігумен тең болса да, Мұстафа ағамыз да, Тамимдар ағамыз да

қорықпапты. Міне, сол жазбаларды түп-түгел араб әліпбиінен аударып, осы жинаққа кіргізіп отырмыз.

Мұстафа Ысмағұлов - Бөкей ордасына қатысты көптеген құнды деректерді өмір бойы жинап, құнттап кеткен зерделі ғалым. Тіпті 1979-1980 жылдары Орал облысы, Жәнібек ауданы, Свердлов ауылында жергілікті өлкетану музейін ұйымдастыру үшін Алматыдағы үй-жайын тастап, бір контейнер құнды жәдігерлерімен көшіп келген жанкештілігі де бар. Ол жөнінде «DANAkaz» тарихи-танымдық журналының 2014 жылғы №4-5(14) санында мақала жарияланған болатын.

Бізге белгілісі, Мұстафа мен Тамимдар – ежелден таныс болған. Бұған М.Ысмағұлов қорында Т.Сафиевтан алынған көне суреттер, құжаттар, естеліктер, жазбалардың көптігі куә. Өмірінің соңғы жылдары Мәскеу қаласында тұрған Т.Сафиевтің дәл қай жылы қайтыс болғаны бізге белгісіз. Алайда, 1979 жылы Мәскеуге барған М.Ысмағұлов «марқұм Сафиевтің үйіне барып, соңында қалған архивінен кейбір деректерді алғанын» айтады:

«Қазақ ССР мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының әдебиет және жазбалар секциясы бойынша 1979 жылдың 6 маусымы мен 29 шілдесі аралығындағы экспедицияның іздеу жұмыстары нәтижесінің қысқаша есебі» атты жазбасында М.Ысмағұлов 30 маусым күні Мәскеуге жеткенін жазған. «Келісімен телефон арқылы марқұм Тамимдар Сафиевтің мекен-жайын анықтадым. Ол Орал облысының Қазталов ауданында туған, журналист және тарихшы, қазақтар мен қарақалпақтар жөнінде фольклор жинаушы. Әйелі – казак-орыс болатын, қызы Вера Тамимдаровна Сафиева қазақша білмейді, бірақ марқұм әкесінің соңында қалған жазбаларды мұқият сақтап отыр екен.

Т.Сафиевтің қолжазбаларын қарау үшін Вера Тамимдарқызы жұмыстан келгенін күтіп, ұзақ ақтаруға тура келді. Т.Сафиевтың кітаптары, әртүрлі сөздіктері толып тұрған шкафты біз қозғамадық. Ал әртүрлі қолжазбалары мен көне суреттері сақталған бумаларды мұқият қарап шықтық. Бұл бумалардан мен орыс әріптерімен жазылған 1) 17 беттен тұратын «Жұмбақты» алдым, онда жүзден аса жұмбақ 240 жолға жазылған; 2) «Бадин» және басқа халық әндерін алдым, ол 17 беттен, 400-ден аса жолдан тұрады.

Бұл қолжазбалардан бөлек, Т.Сафиевтің жазба үстелінде оның ата-анасының және досы Ғабит Сарыбаевтың жұбайымен түскен суретін, барлығы 5 дана сурет алдым.

Тамимдар Сафиевтан қалған кітаптардың ішінде өзі көзі тірісінде шкафқа салып кеткен кітаптар құнды болып саналады. Қызы Вера Тамемдаровна Сафиева – Степановна бұл кітаптарды кез келген музейге немесе кітапханаға сатуға ниетті. Оның мекен-жайы: 121406, Москва облысы, Пушкино қаласы, Маяковский көшесі, 7 үй, 22 пәтер. Степанова Вера Таминдаровна».

Бізге бұл есептің көшірмесін Мұстафа ағамызбен қызметтес болған ғалым Қабдеш Ыдырысов екенін айта кетейік. Жоғарыдағы есепке Мұстафа Шәмбілұлы «Қазақ ССР мәдени ескерткіштерді қорғау Орталық Советінің әдебиет және жазбалар секциясы бюро мүшесі» деп қол қойған.

Осы жинақты дайындау барысында Батыс Қазақстан тарихи-өлкетану музейімен қоян-қолтық жұмыс жасадық. Бізге қажетті құжаттарды тауып беріп, музей қорындағы деректерді еркін пайдалануға мүмкіндік жасаған музей басшысы Мерболат Ерсаявқа, музейдің бас қор сақтаушысы Марина Мырзағалиеваға көп-көп алғыс айтамыз.

Сондай-ақ, Тамимдар Сафиевтің төте жазумен қалдырған қолжазбасын оқып берген – Бөкей ордасы тарихи-мұражайлық кешені директорының орынбасары, арабтанушы ғалым Гүлмару Мырзағалиеваға, «Дұрыстық жолы» газетінің араб әрпіндегі мәтінін оқыған – шығыстанушы, ордалық өлкетанушы Ерсайын Мергенбаевқа да алғысымыз шексіз.

XX ғасырдың басында Хан ордасында шыққан газеттердің тарихы – ең алдымен Бөкей ордасының шежіресі. «Жайық Пресс» тарапынан бұған дейін де жарық көрген жинақтарды алдымен сұратып, музей экспозициясына қосып, өздерінде бар деректермен әрдайым бөлісіп отыратын мекеме – Бөкей ордасы тарихи-мұражайлық кешені. Осы жинақта беріліп отырған – «Дұрыстық жолы» газетін шығарушылар» бөлімін дәл осы мекеме – Бөкей ордасы тарихи-мұражайлық кешені қызметкерлері (басшысы Мақымов Ғайса Темірболатұлы) дайындап, көне суреттерін ұсынды. Ол әріптестерімізге де көп-көп алғыс айтамыз.

Сонымен, «Жайық Пресс» ЖШС XX ғасырдың басында, Совет өкіметінің бастауында шыққан, аз уақыт өмір сүрсе де деректі мақалаларымен, өзекті шығармаларымен құнды «Дұрыстық жолы» газеті туралы жинағын оқырман қолына ұсынып отыр. Қабыл алыңыз!

МЕНДИКУЛОВА Г.М.

**ДОКТОР ИСТОРИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ**

**МЫ ИЗ ОРДЫ: ИЛИ ВСПОМИНАЯ ВЫДАЮЩИХСЯ СЫНОВ,
СРАЖАВШИХСЯ ЗА РОДИНУ ВО ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЕ**

Для Казахстана Букеевская Орда всегда была и останется одним из исторических центров культуры и образования. В далеком 1980 г. профессор архитектуры Мендикулов Малбагар Мендикулович приехал в с. Орду и был сильно удручен запустением бывшего центра политики и культуры. Вернувшись в г. Алма-Ату он написал Докладную записку в ЦК Компартии Казахстана, в которой обоснованно попросил, выделить государственное финансирование на возрождение с. Орда.



**Профессор архитектуры М.М. Мендикулов. Кулпытас 1835 г.
на Некрополе с. Орда в Уральской Области. 1980 г.**

В руководстве Республики прислушались к убедительной просьбе мэтра архитектуры, и вскоре вышло Постановление Совета министров КазССР о выделении средств и наделение особым статусом культурного значения бывшего центра Букеевской Орды, так как с селе родились

композитор Базарбай Джуманиязов, Герои Советского Союза Ахмедияр Хусаинов, Маншук Маметова, Амиртай Жамалов и другие замечательные люди.

Изучая вопросы, связанные со Второй Мировой войной и участия в ней казахов, мне посчастливилось работать в зарубежных архивах и обнаружить документы о людях, ушедших на фронт из с. Орда. В 2009 г. выиграв конкурс на проведение научных исследований Французского Института Fondation Maison des Sciences De L'homme (FMSH), мне посчастливилось извлечь документы из архива Мустафы Чокая, хранящиеся в Институте восточных языков и цивилизаций в Париже.

Предыстория данного документа следующая.

22 июня 1941 г., в день нападения Германии на Советский Союз, в Париже были арестованы около трехсот эмигрантов из России и в качестве «почетных заложников» заключены в замок Компьен¹, куда был брошен и содержался три недели с 22 июня до 13 июля Мустафа Чокай.

После Компьена фашисты в середине июля препровождают Мустафу из Парижа в Берлин, но только в конце сентября его допускают к попавшим в плен красноармейцам. Мустафа Чокай решает сам ознакомиться с условиями содержания своих соотечественников в концлагерях и составить списки военнопленных.

То, что он увидел в концентрационных лагерях, как содержались советские военнопленные – поразило и расстроило его. Об этом он писал в письме после посещения лагерей:

«Посещение лагерей началось в конце августа, и за время до начала ноября мы успели побывать во многих лагерях и перевидать много десятков тысяч наших соотечественников...

Пленные туркестанцы делятся на две категории: военнопленных красноармейцы, т.е. военнопленные в собственном смысле слова, и оказавшиеся в плену сосланные советским правительством на принудительные работы туркестанцы, осужденные советским судом рода анти-советские деяния и преступления, т.е. гражданские пленные. Те и другие живут в одинаковых совершенно условиях. Ни в режиме, ни в праве на работу никакой разницы между ними нет. Живут люди обеих этих категорий в тесной дружбе. С трогательной заботливостью друг о друге говорили туркестанцы. Пожилые «гражданские пленные» просили меня проявить больше заботы о молодых военнопленных красноармейцах, ибо они нужнее для будущего строительства Туркестана, а красноармейцы проявляли много тревоги за судьбу «гражданских пленных как невинно страдающих», говорили военнопленные красноармейцы...

¹ Садыкова Б. История Туркестанского легиона в документах. Алматы: Кайнар, 2002. – 247 с. (С. 60).

Во всех почти лагерях, в особенности в лагерях большого скопления военнопленных туркестанцев (Просткой, Сувалки, Попеген, Дэбица, Деба и др.), меня узнали сразу...

Среди взятых в армию по мобилизации уже после войны очень много учащихся (низших, средних и высших учебных заведений), учителей начальных и средних школ. Есть инженеры, доктора медицины и артисты, которые не имели даже возможности переодеться и грим стереть с лица, стирали уже во время посадки их в вагоны. Это свидетельствует, с какой поспешностью советское правительство проводило мобилизацию и отправляло на фронт, на передовые позиции людей, совершенно не обученных воинскому строю...

Теперь уже общеизвестно, что жизнь наших военнопленных соотечественников очень не нормальна и тяжела. Всюду они жалуются на плохую пищу и отсутствие одежды, огромное большинство бродят в полуголом состоянии, на отсутствие жилья (до сих пор – октябрь) во многих местах люди проводят целые сутки под открытым небом, укрываясь на ночь в вырытых ими самими в земле «волчьих ямах» и что особенно прискорбно, на плохое с ними обращение со стороны лагерной администрации. Порка за малейшее отступление от лагерной дисциплины и не редко расстрелы за невыполнение еще «преступления» - явления, увы, ставшее обычным...

Находились и другие поводы к расстрелу: это обвинение принадлежности к коммунистической партии, комсомолу и в очень редких случаях в том, что тот или иной туркестанец оказывался (будто) политрук...»².

Как видно из письма, все увиденное ввергло Мустафу Чокая в крайне удручающее, подавленное состояние. Увидев бесчеловечное обращение фашистов с пленными туркестанцами Мустафа Чокай сумел составить списки военнопленных, собрать и засвидетельствовать на бумаге факты зверского обращения фашистов с военнопленными (не только туркестанскими) и оставить все это Марии Яковлевне³.

В этих списках и были обнаружены фамилии 10 человек, призванных на фронт из Ст. Сайхын, поселка **Урда** (так в документе – *Г.М.*). В документе нечетко видно, поэтому привожу факсимиле этого документа и набор в текстовом формате.

Может их до сих пор ищут родственники, которые даже и не знают, что они находились к октябрю 1941 г. в лагере Сувалки, расположенного на территории Польши. По документам, в этом лагере погибли около 46 тысяч военнопленных! Иманды болындар, ағайындар!

² Copy of a letter from Chokay to Vali Kayyum Khan (Oct., 1941), concerning the plight of Soviet Muslim prisoners of war and some of their views, especially anti-Sovietism // INALCO. Archives Mustafa Chokay Bey. Cartoon # 2. Dossier 2. P. 2-11.

³ INALCO. Archives Mustafa Chokay Bey. Cartoon # 2. Dossier 2. P. 2-4.

Off. 58 14

Аймаққа қолданар елкер.

Об. Аери = ұлб = Аймаққа. 12. IX

1. Қиғаров Ыбрай - қаззақ 1916 қиі 0000 Қиіміс
2. Омаров Куран - қаззақ. 1916 - " - қара Қиіміс
3. Құлтобанов Қ. - " - 1918 " - қара Қиіміс
4. Дуісенов Қайрақ - " - 1919 " - Тароқ Қиіміс
5. Жркыналиев Сабағар - " - 1919 " - қара Қиіміс
6. Жыраиев Алнур - " - 1919 - " - " - "
- 4 - Бісенов Толентай - " - 1917 - " - " - "
8. Бөлекбаиев Габдос - " - 1919 - " - " - "
9. Қайбалиев - " - 1917 - " - " - "
10. Алжараров - " - 1917 - " - " - "

Қолдас

КССР. Зап. Каз. Обл. Аери.

Ст. Сайхын.

Пос. Урда. 11/IX - 41 жылы

##	Аты жоны	ұлт	[Туган] жылы	
1	Аймақов Ыбрай	qazaq	1916	Qara aitaz
2	Омаров Куран	qazaq	1916	
3	Құлтобанов Қ.	qazaq	1918	
4	Дуісенов Қайрақ (видимо Кайрат - Г.М.)	qazaq	1919	
5	Жркыналиев Сабағар	qazaq	1919	
6	Жыраиев Алнур	qazaq	1919	
7	Бісенов Толентай	qazaq	1917	
8	Бөлекбаиев Габдос	qazaq	1919	
9	Қайбалиев	qazaq	1917	
10	Алжараров	qazaq	1917	

Adresi

КССР Зап. Каз. Область Ст. Сайхын, Поселок Урда, 11/IX – 41 жылы⁴

⁴ Списки, извлечены из архива Мустафы Чокая (INALCO. Bibliothèque Institute National des Langues et Civilisations Orientales – Archives Mustafa Chokay Bey. Paris, France. Cartoon 2.

Из села Орда, также отправился на борьбу с фашизмом и знаменитый герой, сражавшийся на юге Франции Кадем Жуманиязов.



Кадем Джуманиязов

В своих воспоминаниях Ахмет Бектаев писал о том, что Кадем сражался в Испании, а затем, перейдя Пиренеи, присоединился к французским макизарам. Данная информация подтверждается еще и тем фактом, что Кадем хорошо знал испанский и немецкий языки. Во всех воспоминаниях подчеркивается его высокий образовательный и боевой уровни подготовки. Не удивлюсь, если в скором будущем, после рассекречивания архивных данных мы узнаем, что он был кадровым военным и разведчиком.

Сегодня мы доподлинно знаем, что по сведениям французской газеты «Уэст Франс», опубликовавшей материал «Казахи в движении французского Сопротивления», более ста казахов участвовали в освободительном движении Сопротивления на юге Франции в районе города Тулузы. Среди них – известные своим героизмом партизанские отряды, возглавлявшиеся казахами Кадемом Жуманиязовым и Зунумом Жаманкуловым⁵.

⁵ Мендикулова Г.М. Казахская диаспора. История и современность; Атамур.

По воспоминаниям Кадема Жуманиязова, в октябре 1944 г. казахи участвовали в освобождении городов и деревень, расположенных на юге Франции, таких как: Тулуза, Альби, Кармо, Монтобан, Каркасон и других.

В декабре 1944 г. в г. Тулузе располагался Первый советский партизанский полк, состоявший в основном из казахов и грузин⁶.

В своих мемуарах Ахмет Бектаев рассказывает, что в 1944 г. он боролся с фашизмом вместе с друзьями-интернационалистами: украинцем Петром Дьячуком⁷, Зунумом Жаманкуловым, каракалпаком О. Журымбаевым, казахами М. Курмашевым, Д. Битановым, Б. Утетилеуовым, У. Досовым, М. Бейсенбиевым и другими⁸.

Замечательная история любви Кадема Жуманиязова и француженки Элен Гюстен, запечатленная в личном дневнике Кадема, возвращение на Родину и очень подозрительная смерть в 1948 г. – все эти трагические страницы жизни Достойного и Настоящего Человека Кадема Жуманиязова еще ждут своих исследователей.

Одной из важных удач в научно-исследовательской работе по данной проблеме, считаю **впервые** обнаруженные мною документы во Французском национальном архиве, которые подтверждают воспоминания казахских и французских участников тех событий.

Новые фамилии казахов и туркестанцев, таких как: Исмаилов, Карамергенов, Мухамеджанов, Абдуллаев, воевавших бок-о-бок с французскими макизарами, были найдены в фондах *Archives Nationales*⁹.

В *Archives Nationales*¹⁰ в Париже были обнаружены переписка, воспоминания, документы о создании Первого Партизанского полка, в котором казахи воевали бок о бок с грузинами в лихую годину Второй мировой.

В ноябре 2015 г. мною был проведен сбор архивных документов в Национальном архиве Франции (*Archives nationales*), В Архиве Министерства Обороны Франции, Музее Национального Движения Сопротивления Франции (*Musee de la Resistance Nationale*), в муниципальных архивах на юге Франции в Тулузе и Альби (*Municipal Archives in Toulouse, Tarn, Albi, Tarn-et-Garonne*), в фондах которых нашла дополнительные материалы об участии казахов во Второй мировой войне, но об этом будет уже другая статья.

Столичное обозрение от 25 мая 1995 г. - С. 5.

⁶ Садыкова Б. История Туркестанского легиона в документах. – С. 221.

⁷ *Archives Nationales*. Section du XX^e siecle.

⁸ Қазақ елі. - Мамырдың 13-і, 1996. - С. 2.

⁹ *Archives Nationales*. Section du XX^e siecle. (Paris, France)

¹⁰ *Archives Nationales*. Section du XX^e siecle. (Paris, France)

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ТАБИҒАТ
ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯНЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ БӨЛІМІНІҢ
АҒА ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРІ**

**ҚЫРЫМДА ҚАЛҒАН ШЫҢҒЫСХАН НЕМЕСЕ ҒҰБАЙДОЛЛА
ЖӘҢГІРОВТІҢ ТАРИХИ БЕЙНЕСІ**

Туған жерден жырақта жүрсе де жүрегі елім, халқым деп соққан қазақтың асыл ерлері аз болмады. Солардың бірі – патшалық Ресейдің құрамында болып отаршылдық қамытын киген Қазақ елінің демократиялық, ағартушылық және прогрессивті реформаторлық қозғалыстарына үлкен қолдау білдіріп, қызмет еткен бөкейордалық Ғұбайдолла Жәңгіров еді. Қазақтың тұңғыш генералы Ғұбайдолла Жәңгіров 1840 жылы 6 мамыр күні Бөкей Ордасында дүниеге келген. Әкесі – қазақтың соңғы хандарының бірі Жәңгір Бөкейұлы, анасы – орынборлық татар мүфтиі Мұхамеджан Хұсайыновтың қызы, 1841 жылы Жәңгір хан ашқан тұңғыш мектептің мұғалімі Фатима ханша [1.22-б], ол «білімді, сөйлеу мәдениеттілігі жоғары, татар тілінен бөлек орысшы, франсузша және немісше сөйлеп, жазған» [2]. Төрт ханзада әкеден ерте айырылып (1845ж), көп ұзамай Фатима ханшадан қол үзеді, хан балаларына нағашылары Әміржан Хұсайынов қамқор болады [3]. Ол кезде сұлтандардың ең кішісі Ғұбайдолла 5 жаста екен... Қазақ қоғамына үлгі көрсетіп Жәңгір хан өз балаларын оқытқан, 1841 жылы Бөкей Ордасы халқынан түскен салық есебінен орыстiлді мектеп ашқаны тарихтан белгiлi. Ғұбайдолла Жәңгіров алғашқы сауатын осы мектепте ашып, жеті жасында Орынбордағы Неплюев кадет корпусына түседі, оның ағалары – Сақыпкерей, Ибраһим, Ахметкерей де кадетте оқып, кейін Императорлық паж корпусын аяқтаған. Тоғыз жасар Ғұбайдолла да 1849 жылы Орынбор генерал-губернаторының адъютанты, есаул Житковпен бірге Петерборға барып, сол кездегі ақсүйектердің оқу орны – Императорлық паж корпусына оқуға қабылданады [4]. Императорлық паж корпусы – бұл ең мәртебелі де текті әулеттердің жас балаларынан гвардия жасағын дайындайтын элиталы әскери-білім ордасы. Жас сұлтан корпуста өте жақсы оқып, тәртібімен де айналасына үлгі бола білген. Өзге ортада жүрсе де білімде үздік болған Ғұбайдолла Жәңгіров сол замандағы пәндер – Құдай заңы, мораль, орыс және шетел тілдері, әдебиет, тарих, жағрафия, математика, құқық, дипломатия, экономика, әскери ғылымдар: тактика, артиллерия, фортификация, найзаласу, атта отыру, би өнері пәндері нәрін сусындаған[5]. Бойындағы тәрбиелілігі мен үздік білімі үшін есімі корпустың Алтын кітабына №9 боп тіркелген [6]. Паж корпусының түлектері саналатын бөкейордалық сұлтандар тізімі:

- Чингиз Султан Сагиб-Гирей Джангер, 1847 жылы бітірген, камер-паждан Казак полкінің Лейб-гвардия корнетіне өткен, арнайы тапсырмалар үшін Орынбор Әскери Губернаторына тағайындалған;
- Букеев Султан Ибрагим Джангер, 1852 жылы бітірген, 1845 жылдан паж, 1851 жылдан камер-паж. Лейб гвардия Гусарлық полк корнеті;
- Букеев Султан Ахмед Джангер, 1855 жылы бітірген, Лейб гвардия Казак полкі корнеті;
- Букеев Султан Габидулла Джангер, 1856 жылы бітірген, 1856 жылдың 15 маусымынан бастап камер-паж, Лейб гвардия Казак полкі корнеті, «ең үздік түлек» аталған.

Екі мың гвардиялық әскери түлектерін дайындап шығарған Паж корпусында Жәңгір ханның төрт ұлынан басқа ешбір қазақ оқымаған еді [7]. 1586 жылы императордың тәж кию салтанатында ағайынды сұлтандар Бөкей Ордасы атынан өкілдер боп қатысады. 1860 жылы Орынбор генерал-губернаторының әкімшілігіне қызметке жолданған штабс-ротмистр Ғұбайдолла Жәңгіров өте жоғары білікті маман деп бағаланып, императордың сенімді өкілі ретінде Башқұртстан алтын кеніштеріне екі мәрте іссапарға шығады. Өз ортасы мен басшылықтан қолдау тапқан ол император есебіне өлкедегі кедергілер мен олықылықтарды мәлімдеп отырған, осылай жас сұлтан сарай маңындағыларға кедергі бола бастайды, сөйтіп 1866 жылы подполковник шенінен әскери кавалерияға ауыстырылып жолданады. Төрт жылдан соң Ғұбайдолла Жәңгіров Казак полкінің Лейб-гвардия полковнигіне көтеріліп, патшаның флигель-адъютанты міндетін атқаруға қайта оралады. Патшаның сенімді серігіне айналған сұлтан алғаш рет Қырымға сапар шегеді және де Александр II патшаның рұқсатымен Мекке мен Мәдинеге қажылыққа барып қайтады [8]. Тағы бір ескерерлігі – 1869 жылы Вилен әскери округінде қызмет етіп жүрген Ғұбайдолла Жәңгіров өзінің Бөкеев тегіне Шыңғысхан тегін қосып беруді Александр II патшаға өтініш еткен. Бұл – оның Шыңғыс ханнан тараған ұрпақ екенің дәлелдеген құқығы еді [9]. Александр II патшаның бұйрығымен «ресейлік дворян Шыңғысхандар» мөртаңбасы бекітілген соң сұлтанның толық аты-жөні – Сұлтан Қажы Ғұбайдолла Жәңгірұлы Шыңғысхан боп өзгертіледі [10]. Бұған қоса 1876 жылы патша бұйрығымен 35 жасар Ғұбайдолла Жәңгіровтің Ресей телеграф департаментін басқаруға тағайындалу уақыты империяның Түркиямен соғысуға дайындалу кезеңіне дәл келеді. Ғұбайдолла Жәңгіровтің басшылығымен Севастополь, Одесса және Очаковода маяктар мен атырау батареялары байланыстырылып, Қара теңізден Каспийге дейін телеграф шоғырсымы төсемін төсеу басталады [11.2-б]. Ал сол замандағы далалық телеграфты басқару оңай емес, оған талаптылық, батылдық, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, білімді Ғұбайдолла Жәңгіров керек еді және оның арқасында байланыстың әскери тәжірибесі нығайып Ресейдегі дербес әскери құрылымға айналды [12]. Балқан түбегіндегі

Шығыс мәселесі тұтанар шақта патшалық Ресей үкіметі әскери реформа жүргізіп, аустриялық үлгіде тоғыз әскери-далалық телеграф парк құрылды, әрқайсысында сегіз дана Морзе телеграфты аппараты, 35 шақырымдық өткізгіш мыс сым, жеті ат-көлік, екі стансалық күйме болды. Майданда парк штаты 373 адамнан құралды, оған қоса 6 офицер мен шенеуніктер, 12 телеграфшы, күзет пен өзге қызметшілер қызмет етті [13].

1877 жылы сәуірде басталған орыс-түрік соғысының (1877-1878жж) барысында патшалық Ресей әскері соғыста алғаш рет майдан даласында хабар алысып, түрлі бағыттардағы әскери қимылдарды бақылап отыру үшін электрлі телеграфты кең қолданған. Софиядан Қара теңізге дейін 400 шақырымға созылған телеграф байланысын басқарған техникалық әскердің бірінші қазақ генералы Ғұбайдолла Жәңгіров еді, оның міндеті соғыс жоспарлары мен әскери іс-қимылдар жоспарларын телеграф байланысымен қамтамасыз ету, жалпы әскери-телеграф парктерінің қызметін күнделікті басқару, үкіметтік телеграф пен әскери штабты байланыстыру, жеке шұғыл байланыстармен үзіліссіз қамту болды [14]. Соғыс кезінде Батыс және Шығыс отрядтары құрамындағы 5 және 6-шы әскери-телеграф парктері Бас қолбасшы және әскери штабтарды, алдыңғы шеп бөлімдерін бір-бірімен байланыстырды, 1877 жылдың маусым айында бір ғана 5-ші парк 85 шақырымдық телеграф сызығын 10 стансамен байланыстырып, 4500 жеделхат жөнелтіп-қабылдап отырған. Балқан соғысы аяқталар уақытта 100 телеграфты стансасы, 2300 шақырымдық тұрақты линия мен 4 мың шақырымдық телеграф сымы болды, жалпы есепте 20 мың депеша-жеделхат жолданған. Және де соғыс уақытында полковник Жәңгіровтің өз ісіне деген жауапкершілігі, техникалық үздік білімі мен жедел іс-әрекеті айналасындағыларға үлкен танданыс тудырған, ұрыс алаңында телеграф сымдары үшін сырақтар таусылған шақта оның орнына казактық найзалар сабын қолдануға бұйрық бере тез шешім шығара білген. Шипкин асуын қорғау, Гривиц редутын алу, Плевна шабуылы жалпы Балқан соғысы кезінде асқан ерлігі үшін Александр II патшаның өз қолынан георгийлік алтын қылыш және I дәрежелі Анна орденімен марапатталған, 1878 жылы қаңтар айында генерал-майор шенін алған Ғұбайдолла Жәңгіров Императорлық Нөкер қатарына енген [15]. Деректерде Болгарияның ұлттық музейінде Ғұбайдолла Жәңгіровтің әскери киімі мен жауынгерлік қаруы сақталған [16.35-б] деп мәлімет көрсетілсе де Плевна түбіндегі жеңістің құрметіне 1877 жылы 28 қыркүйек күні жауһартастармен безендірілген «Ерлігі үшін» алтын қылышпен марапатталғаны рас [17], бірақ Плевна музейі басшылығы «1877 жылдың 30 қыркүйек №177 әскери бұйрыққа сәйкес кавалерлік полк полковнигі, флигель-адъютант Ғұбайдолла Жәңгіров алтын қарумен марапатталған, алайда бұл қару бізде жоқ және ешқашан болмады да» деп жауап беріп отыр [18].

1879 жылы соғыстың ауыр, қиын-қыстау күндері әсер ете сүзекпен ауырған сұлтан Жәңгіров соғыс ісімен біржолата қош айтысады, әкімшілік қызметке ауысқан соң Александр III патшаның тәж кию рәсімінде «барлық азиаттық депутацияны бастап» құрметті қонақтар қатарында отырады. Әскери істен кеткен Ғұбайдолла Жәңгіров 1885 жылдың 23 ақпанында патша жарлығымен Ішкі істер министрі боп Қырымдағы вакфтық (уақып) жер иеліктері бойынша Арнаулы комиссия төрағасы боп тағайындалады. Жәңгіров бастаған комиссия құрамы бұл аймақтағы үкімет мүшелері, шенеуніктердің жерді талан-таражға салғанын, мұсылмандарға тиесілі жер иеліктері жүйесінің бұзылуын, мешіт пен медреселердің ахуалы төмендегенін, жалпы жерге байланысты іс-қағаз жұмыстарының жоқтығын анықтап, Петербургтегі патша мен Сенатқа шұғыл түрде хабар береді. Бұл комиссияның құрамына ең үздік вакфтық құқық мамандары, тілмаштар, жер мамандары, картографтар мен заңгерлер таңдалып алынғандықтан жергілікті ірі жериеленушілер сотта жеңіліс тапты, оның үстіне Тавриялық мұсылман басқармасына жылжымайтын мүлікті иелену құқығы қайтарылды. Дәл осы кездері паракор шенеуніктер өз мүдделеріне қайшы Ғұбайдолла Жәңгіровтің үстінен Петербургке түрлі шағымдар, домалақ арыздар жіберген еді.



Ғұбайдолла Жәңгіров («Айбын» энциклопедиясынан)

1888 жылы 30 тамызда Ғұбайдолла Жәңгіровке генерал-лейтенант шені беріліп әскери кавалерияның қорына өтті, ал 1889 жылдың 7 қыркүйегінен бастап Қырымдағы вакфтық жер иеліктері бойынша Арнаулы комиссия төрағалығынан өз еркімен босатылды. Әуелі Петербургке оралып Ішкі істер министрлігіне қайта тұрады [19], осы қызметте жүріп «Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ережені» дайындауға қатысады, патшаның азиялық істер жөнінде кеңесшісі болады, қазақ даласында емдеу орындарын ашу мен көпірлер салу ісіне басшылық етеді. Өз халқының білім алуына көңіл бөліп, жастардың ресейлік жоғары оқу орындарына түсуіне көмектесті [20]. 1872 жылы жала жабылып түрмеге түскен басшқұрт ақыны Ақмолла Мұхамедиаровқа араша боп, Орынборға өзі барып ақынды босатып алады, қазақ салтымен тоң кигізеді, кейін патшаға хат жазып бұл істі толық тоқтатады [21.22-б]. 1894 жылы өз өтінішімен қызметтен кетуіне байланысты инфантерия (жаяу әскер) генералы шенін алады, өзін қоғамдық өмірге арнайды. Гимназия, университет бітірген қазақ балаларын жақсы қызметке тұруына жағдай жасайды, Петербургте мешіт ашу жөнінде комиссия құрады [22]. Ресейдегі мемлекеттік дума жобасын жасауға қатысып, оған қазақтан депутаттар сайлануына көңіл бөледі [23.338-б]. ХХ ғасырдың басында қазақтың тұңғыш заңгері Бақытжан Қаратаев қазақ делегациясын бастап жер мәселесі туралы патшаға жолығып сөйлесуде оның туысы сұлтан Жәңгіров көп еңбек сіңірді [24.34-б]. Мәскеуде әйгілі ақын А.С.Пушкинге ескерткіш орнату үшін қаражат жинау қоры құрылғанда Ғұбайдолла бастаған Бөкей даласының қазақтары мың сом көлемінде қорға қаржы құйды, қазіргі «Россия» кинотеатры алдындағы Пушкин ескерткішіне қазақтың қосқан үлесі мен сұлтанның еңбегі бар. Жырақта жүрсе де өз халқын, мәдениеті мен әдет-ғұрпын ұмытпаған, Шоқан Уәлиханов, Мұхаметсалық Бабажанов, Мұхамеджан Бекмұхамбетов сынды өз замандастарымен Петербургте бірге жүрген [25.23-б]. Алайда арыстай азаматтың денсаулығы күрт нашарлап (соғыстағы ауыр күндер, сүзек) дәрігерлердің кеңесімен 1908 жылдың басында Қырымға кетеді. 1909 жылы 28 ақпан күні (1 наурыз) өз ағасы полковник Ахметкерейдің Ялтадағы үйінде қайтыс болды. Ялта маңындағы «Дерикой» мұсылмандар қорымына жерленген, бірақ қабірі осы күнге дейін сақталмай қалған [26]. Артында ұрпақ қалмағаны да мәлім, бірақ заңды түрде некелеспесе де императорлық театр әртісі, текті дворян Феодосия Велинскаямен көңіл жарастырған. Оған дәлел ретінде 1909 жылғы «Велинская тегін Шыңғысхан етіп өзгерту туралы» Сенат құжатының табылуы мен 1919 жылы Феодосия Шыңғысханның Санкт-Петербургтегі Ресей этнографиялық музейіне арабша жазуы бар металл дулыға, оның былғары қабы мен бөкейордалық шеберлер қолынан шыққан екі көпшік яғни Бөкей Ордасына тән құнды мұраларды тапсыруын айта аламыз [27].

Ғұбайдолла Жәңгіров Ресей империясы қарулы күштерінің байланыс әскерінің алғашқы басшысы, оның есімі Мәскеудегі Кремльдің Георгий залында ақ мәрмәр қабырғада мәңгіге ойылып жазылған [28]. Құрметті атақпен емес, патшалық үкіметке әкімшілік қызметі үшін емес, Ғұбайдолла Жәңгіров өз білімі мен біліктілігі, қолбасшылық қабілеті және қан майдандағы әскери табыстары үшін корнет – кіші офицерден генерал

шеніне ие болған қазақтың мақтанышы. Ресей әскері тарихындағы қазақтан шыққан тұңғыш генерал Шыңғысхан – Сұлтан Қажы Ғұбайдолла Жәңгірұлының жарқын бейнесі халық жадында мәңгілікке қалуы тиіс.

Сілтемелер мен пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Кенжеахметұлы С. Ғұбайдолла Жәңгіров // «Парасат», 2005, № 5. 22-б
- 2 Оренбургский кадет Чингисхан. <http://alxxx-61.livejournal.com>. 26.08.2016
- 3 Аманжолова Ш. Повелел император: «Золотую саблю за храбрость!» <http://military-kz.ucoz.org/publ/> 26.08.2016
- 4 Хасан С. Генерал Шыңғысхан. [Aikyn.kz](http://aikyn.kz) 26.08.2016
- 5 Абдиров М. Губайдулла Жангиров – казахский генерал русской армии. <http://military-kz.ucoz.org/publ/> 26.08.2016
- 6 Потомок Чингисхана на службе России. <http://delovremja.ru/publ/> 26.08.2016
- 7 Оренбургский кадет Чингисхан. <http://alxxx-61.livejournal.com>. 26.08.2016
- 8 Потомок Чингисхана на службе России. <http://delovremja.ru/publ/> 26.08.2016
- 9 Генерал Чингисхан: служил царю и Отечеству. <https://i-news.kz/> 26.08.2016
- 10 Как Чингисхан получил герб из рук Российского императора. <http://old.express-k.kz/> 26.08.2016
- 11 Алғашқы инфантерия генералы – Ғұбайдолла Жәңгіров. [Library.wksu.kz](http://library.wksu.kz) 26.08.2016
- 12 Хасан С. Генерал Шыңғысхан. [Aikyn.kz](http://aikyn.kz) 26.08.2016
- 13 Абдиров М. Губайдулла Жангиров – казахский генерал русской армии. <http://military-kz.ucoz.org/publ/> 26.08.2016
- 14 Алғашқы инфантерия генералы – Ғұбайдолла Жәңгіров. [Library.wksu.kz](http://library.wksu.kz) 26.08.2016
- 15 Снегурочка и Чингисхан. Форум. <http://druzjina.ru/forum> 26.08.2016
- 16 Озғанбай Ө, Құрманбеков Б. Қайраткер Қаратаев. – А., 2013, 338-б
- 17 Абдиров М. Губайдулла Жангиров – казахский генерал русской армии. <http://military-kz.ucoz.org/publ/> 26.08.2016
- 18 Генерал Чингисхан: служил царю и Отечеству. <https://i-news.kz/> 26.08.2016
- 19 Потомок Чингисхана на службе России. <http://delovremja.ru/publ/>
- 20 Ғұбайдолла Жәңгіров. <http://kk.wikipedia.org/wiki/> 26.08.2016
- 21 Кенжеахметұлы С. Ғұбайдолла Жәңгіров // «Парасат», 2005, №5. 23-б
- 22 Хасан С. Генерал Шығысхан. [Aikyn.kz](http://aikyn.kz) 26.08.2016
- 23 Айбын. Энциклопедия/Бас ред. Б.Ө. Жақып. – А., 2011. 338-б
- 24 Озғанбай Ө, Құрманбеков Б. Қайраткер Қаратаев. – А., 2013, 34-б
- 25 Кенжеахметұлы С. Ғұбайдолла Жәңгіров // «Парасат», 2005, №5. 23-б
- 26 Потомок Чингисхана на службе России. <http://delovremja.ru/publ/>
- 27 Генерал Чингисхан: служил царю и Отечеству. <https://i-news.kz/> 26.08.2016
- 28 «Сізге жеделхат келді!» <http://azh.kz/> 26.08.2016

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ**

**ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫ ЖӘНЕ ИСАТАЙ
ТАЙМАНҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС**

Ақындар мен жыраулар тарихтың жарқын бейнесін жасады, өздерінің және бұрынғы өткен замандардағы қайраткерлердің рөлі мен маңызын көрсетті. Бұл ретте олар халықтық ағартушылар ретінде, тарихи білімді таратушылар ретінде көрінді. Халық тағдырын жүректеріне тым жақын қабылдайтын ақындар шынайы шабыттанып, жеңістің қуанышын жеткізсе, жеңілістердің күйінішін де жанға батыра жырлады. Өздерінің ұлтжандылықтары арқылы олар қазақтардың ұлттық намысын оятты, жасөспірімдердің бойына батырлық рухты шыңдады. Қазақ халқының фольклорына назар аудару сол жылдардағы тарихи зерттеулердің негізгі бағыттарына айналды. Патшалықтың отарлауына халықтың қарулы қарсылығы тақырыбына арналған Қазақстандағы алғашқы еңбек – қазақтардың тарихи әндерінің негізінде жазылған Халела Досмұхамедовтің «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» («Краткие сведения о движении Исатая Тайманұлыа».) атты еңбегі. Ол «Исатай-Махамбет» (1925) кітабына алғысөз ретінде жазылды, дегенмен бір өзі бір ғылыми жұмысқа татиды. Бұл жұмыс барысында Х. Досмұхамедов көп еңбек атқарды – көптеген бөлігін Ығылман ақынның өлеңдері құрайтын Бөкей ордасындағы көтеріліс тарихы бейнеленген фольклорлық дереккөздерін жинақтады, көтерілісті зерттеді. Автор Исатай батырдың ержүрек шайқасы мен қаһармандықпен қаза табуы екі-үш ұрпақ өткеннен кейінгі кезеңде де талай адамның жанын тебіренткендігін атап өтті. Оған жадыларында аялап сақтап жүрген Исатай мен Махамбет туралы ел арасында таралған өлеңдерін жеткізу кезінде ақсақалдар олардың жеңілістеріне жандары күйзеле қайғырыпты деседі. «Исатай-Махамбеттің әңгімесін айтып отырып кердерінің, байұлының шалдарының көздеріне жас алғанын өз көзіммен талай көрдім. Махамбет батырдың Исатайды жоқтап, Баймағамбет төреге айтқан сөзі Орал, Торғай, бөкейлік, Маңғыстау қазақтарының арасына түгел жайылуы» [1, 73 б]. Зерттеуші батырлар туралы сөз еткенде Кердері, Кете, Байұлы рулары ақсақалдарының көздеріне еріксіз жас алғандықтарын өз көзімен көрген. Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға қарата айтқан сөздері Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Маңғыстау қазақтарының арасында кеңінен таралды. Дереккөздерінің фольклорлық мәліметтері негізінде Х. Досмұхамедов көтерілісшілер талаптарын талдады, көтеріліс кезеңдерін анықтады. Исатай және Кенесары қозғалыстарының талаптарын салыстыра келіп,

автор сұлтанның «қазақ халқының хандық абыройын және бұрынғы атақ-данқын қалпына келтіруге тырысуы», әсіресе, Кіші жүз тарапынан кең қолдау таппады деген қорытындыға келеді. Оның ойынша, қалың бұқараға И. Тайманұлының қазақ руларының жерлерін қайтарып беру, оны жаулап алушылардан құтылу, ханның көзін жою және қарапайым халықтың теңдігіне қол жеткізу туралы ұрандары түсініктірек болды. Бұл мәселені саралап талдаған жөн. «Ханды және оның жақтастарын жою» ұрандары Махамбет Өтемісұлының өлеңдерінде көрініс тапты және көтерілісшілердің популистік көңіл күйін сипаттады. Сонымен қатар 1836-1838 жылдардағы көтеріліс талаптарын баяндау барысында, біздің ойымызша, революциялық кезең ұрандарының әсері байқалып қалады. Фольклорлық материалдың тарихи дереккөзі ретінде қаралмайтындығы туралы белгілі шектеулер автордың қазақтар арасында болған ірі көтерілістердің салыстырмалы талдауын жасауына мүмкіндік бермеді. «Қысқаша мәліметтерде...» Х. Досмұхамедов ордада жалпыхалықтық наразылық тудырған ханның жер телімдерін жеке меншікке таратуы 1830 жылы басталғандығына арқай сүйей отырып, Бөкей ордасындағы көтерілістің хронологиялық аясын 1830-1845 жылдар деп көрсетті. Зерттеушінің ойынша, бастапқы кезеңде хан 1790 ж. Уфаға қуылған Нұралы ханның тағдыры менің басыма түседі-ау деген қауіппен И. Тайманұлы бастаған беріш руы старшындарының қарсылық танытып жатқандығын биліктегілерден жасырын ұстаған. Тек ол Шекаралық комиссияға ғана көмек сұрап арыз жазған. И. Тайманұлының ең жақын үзеңгілесі Махамбет Өтемісұлының көтеріліс құлағаннан кейін де адамдарға рух беріп, Орал мен Волга бойындағы жайылым жерлер үшін бірлесе бас көтеруге үндегені де зор маңызға ие. 1839 жылы ол казак әскерлерінің В. А. Перовскийге Хиуаға жорығы кезінде жасаған шабуылына қатысады. Махамбет 1846 жылы қаза тапқанға дейін билік басындағыларға «бұзақы және тонаушы» ретінде белгілі болды. Ордадағы «бүлікті» тоқтату туралы жарлық 1838 жылы жарияланды, ал Бөкей ордасындағы көтерілісті тергеу 1853 жылы 9 қазанда аяқталды. Демек, далада толқыныс тудырған және халық әндерінен көрініс тапқан осы жайттар жұмыста келтірілген көтеріліс датасын анықтаған. Халық арасында Исатай батыр бейнесі билер арасында көп сөйлемейтін, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын және батыл да қайратты батыр ретінде сақталып қалды. Бұған зерттеушіге ақсақалдар әңгімелеп берген батырдың өлімінің суреттемесі дәлел бола алады. Исатай Геке мен Б. Айшуақов құрған тұзақтан шығып үлгереді, бірақ өз әскері қоршауда қалғандығын көріп қалған батыр ешқандай үгіттеуге ерместен, атының басын кері бұрып, қоршауға қайта оралады. Астындағы аты өлген кезде біреу оған дереу өз атын ұсынады. Исатай бас тартады және бірнеше оқ тиіп, жерге құлағанша жаяу соғысуды жалғастыра береді. Бұл халық әндерінде батырдың өлімі қайғыра жоқталады [1, 66 б]. Х.

Досмұхамедовтің зерттеу қызметінің негізгі жетістігі – өткен кезеңдегі оқиғаларды ауыз әдебиетінде сақтап, оған өз бағасын беріп отырған қазақ халқының тарихи дәстүріне бет бұруы және оны қатаң сақтауы. Жыраулардың аңыздарын, ақындардың өлеңдерін қатар қарастыра отырып, ол шындыққа және оқиғаларды толықтай сипаттауға қол жеткізуге ұмтылды. Бұл ретте зерттеушінің зор қабілеті және фольклорға қазақ тарихының тірі көзі ретінде зор қызығушылық танытуы көрінеді. Қазақ фольклорында халық өз тәуелсіздігі, туып-өскен жері үшін Ресей патшалығына қарсы шыққан ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардың екінші жартысындағы оқиғаларды, ортаазиялық хандықтардың қысымын суреттеген оқиғалар ерекше орын алады. Өн бойына тарих тұнған мол мағлұмат жиған өлеңдер, аңыздар, ертегілер самодержаваның отарлау саясатына қарсы көтерілістер туралы бағалы дереккөздер саналады. Халық дәстүрінде қарулы қақтығысқа тікелей қатысушылардың өздері шығарған тарихи өлеңдер ерекше бағалы саналады. Мұндай өлеңдер ауызша тарап, оларды жыраулар халық арасында орындап жүрген. Халық арасында танымалдылыққа ие болған И. Тайманұлы мен Нысамбайдың (1812-1870 ж.ж.) үзеңгілестері – Махамбет Өтемісұлының (1803-1846), Шернияз Жарылғасұлының (1807-1867 ж.ж.), Досқожы мен Күдерінің өлеңдері болды. Азаттық көтерілістерінің жеңіліске ұшырап, асқан қатігездікпен жазалануы ХІХ ғасырдың екінші жартысында халық әдебиетінде «Зар заман» атанған дәуірдің тууына жол ашты. Оның айрықша көрнекті өкілдері – Дулат Бабатайұлы (1802-1871 ж.ж.), Жамбылдың ұстазы – Сүйінбай Аронұлы (1815-1898 ж.ж.), Шортанбай Қалайұлы (1818-1881 ж.ж.), Мұрат Мөңкеұлы (1843-1903 ж.ж.), оның шәкірті және ізін жалғастырушысы Ығылман Шөрекұлы, сонымен қатар басқалары. Олар алдыңғы ұрпақтың өлеңдерін, олардың стильдерін және тілін асқан мұқияттылықпен сақтап, өздері әдеби мұраны байытуға зор үлес қосты. Халықтық дәстүрлерді сақтау жолындағы маңызды кезең – ХІХ ғасырда басталған қазақтардың батырлар жырларын, тарихи өлеңдерін жинақтау және жазу кезеңі. Махамбеттің бірнеше өлеңін Ғабдолла Мұстақ «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырларынан» жинағында жариялады (1910 ж.). ХҮІІІ-ХІХ ғасырлар соңындағы көтерілістер туралы мәлімет жинақтаушылар мен ғалымдар үшін осы кезең аралығында сақталған қазақ фольклорын зерттеудің маңыздылығы аса зор. Баса назар аударар жайт – ХХ ғасырдың басында осындай ғалымдардың бірқатары, яғни Т. Титақов, Ж. Көпеев, О. Шипин және басқалары тек аңыздар, өлеңдер мен поэмаларды жинап қана қоймай, ХІХ ғасырдағы көтеріліске қатысушылардың естеліктерін жинауға да ден қоя бастады. Осылайша, Мыңбай Шынбаев және Бектемір батырлардың әңгімелеуі бойынша 1837-1847 жылдардағы қозғалыс туралы жазба жасады. Бұл бағыттағы біраз жұмысты Х. Досмұхамедов орындады, оның бас болуымен 20-шы жылдардың басында тарихи өлеңдер бір жинаққа топтастырылып,

«Исатай-Махамбет» деген атпен жарыққа шықты. 30-шы жылдары «Қырғыз-қазақ әндері» (1932) және «Кенесары туралы көтеріліс әндері, Махамбет пен Шернияздың өлеңдері» деген жинақтар жарияланды. Халықтық әдебиет туралы алғашқы ғылыми зерттеулер – Сәбит Мұқановтың «Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942), Мұхтар Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1946) еңбектері. Бұл еңбектерде ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақтардың азаттық күресі туралы фольклорлық материалдар жан-жақты жарияланған. Фольклоршылардың ерен еңбегі уақыт байланысын және қазақтардың санасындағы тарихи сабақтастықты сақтап қалды. Қазақтардың ұлт-азаттық күресін зерттеу кезінде фольклорды негізгі дереккөзі ретінде қарастыруды Х. Досмұхамедов енгізген. Оның «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» (1825) зерттеуі тарихи әндер мәліметтер негізінде құрылған. В. Ф. Шахматов «Ішкі Орда және Исатай Тайманұлы көтеріліс» жұмысында 1836-1838 жылдардағы көтеріліс мақсатын түсіндіру үшін М. Өтемісұлының өлеңдерін қолданды. Мәселелер тарихнамасында зерттеуші халық әдебиеті негізінде адамдар күресін басқарған жетекшілердің тұлғалық қасиеттерін ашуды мақсат еткен жұмыстар бар. Ақын Ығылман Шөрекұлының тарихи өлеңдері И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлының мақсаттары мен көзқарастарын айқындауға жол ашты. Ығылман ақын Махамбеттің барлық өлеңін жатқа білетін Мұрат Мөңкеұлының шәкірті болған. Ығылман өлеңдерінің басты кейіпкерлері Исатай мен Махамбет болды, олар эпикалық образда емес, тарихи батырлар ретінде суреттелді. Оның өлеңдерін негізге ала отырып, И. Кенжалиев көтеріліс басшыларының адамгершілік қасиеттері мен батылдықтарын сипаттайды. Халық арасында Исатай туралы: «Ағайынның басы еді, алтын ердің қасы еді» деген. Жауға қарсы қайтпас қару ретінде батырлар халық бірлігін атады, Махамбет қазақтарды бас қосып, күш біріктіруге үндеді. Көтерілісшілерге қарата отырып, ол әскерлерді бірлескен кезде жауға беріспес ақ беренге теңеді [2, 71 б]. Өкінішке орай, зерттеуші өлеңдерден алынған мәліметтерді көтеріліс фактілерімен салыстырмады, бұл орындалған жағдайда жетекшілердің көзқарастарын тереңірек тани түсер ме едік?!. Мәселен, М. Өтемісұлының «Әй, Махамбет, жолдасым» өлеңінде 1837 жылдың қазан айында болған оқиға суреттелген, бұл кезде 3 мың адамнан тұратын көтерілісшілер Хан ордасын құлатқан болатын. Махамбет тез арада оған шабуылдап, хан мен оның айналасында топтасқандарды жазалауға кеңес берді. И. Тайманұлы әлі де болса, Жәңгірмен келіссөздер жүргізіп көруге ынта білдірді. Өз өлеңінде ақын қолдан ұшқан мүмкіндік туралы өкіне жырлайды, подполковник Геке бастаған қарулы күш көмекке келмес бұрын Ордаға шабуыл жасамаған Исатайдың қателігіне іші күйді.

Тактикалық әрекеттерде келіспеушіліктер орын алуы батырлар көзқарастарының әртүрлілігін көрсетеді. Махамбет «хан әулетіне» қарсы

соғысқа шақырушы көтерілісшілердің барынша батыл бөлігі ретінде көрінді. Дегенмен ол өз өлеңдерінде тек ханға ғана емес, сонымен қатар патшалық үкіметке қарсы да айыптаулар бағыттады [3]. Жалынды сөздерінде қазақтардың патшалық Ресейдің боданына түскендігін түсіндіреді, сол себепті М. Өтемісұлы күресін әлеуметтік қарсылық ретінде біржақты тұжырымдау қиындық тудырады. Махамбеттің өлеңдері қазақтардың күрделі жағдайларын айдай әлемге паш етеді, өз замандастарының жанын жеген уайым мен алаңдаушылықты баршаға жеткізеді.

Мәселелер тарихнамасындағы Х. Досмұхамедовтің, Е. Бекмахановтың, И. Кенжалиевтің жұмыстары – қазақтардың азаттық күресін зерттеуге фольклорды тартудың аз кездесетін мысалы.

Фольклор – бұл халық ойы көрініс тапқан тарихи дәстүр. Тәуелсіздік үшін күрес туралы халықтың ойтолғамдары сақталған тарихи өлеңдер анықталған, бірақ мәселелер тарихнамасында бұрын зерттелмеген мәселе ретінде қарастырылады. XIX ғасырдағы халық ауыз әдебиетінде қарулы көтерілістер туралы жалпы ұғым қалыптасты. Олар еркіндік үшін, қазақтардың көші үшін болған соғыстармен, құлға айналдыруға қарсы күрестермен сипатталды және Ресей патшалығының отарлау саясатына қарсы және оңтүстік Хиуа, Қоқан хандықтарының озбырлықтарына бағытталды. Қазақ фольклорында жеңіліс себептерін түсіну көрініс тапты. Орыс қаруының күші басым екендігі туралы Махамбет «Зеңбірекке қарсы балталар қауқарсыз көрінгендігін, патша зеңбірегі әлсін-әлсін оқты жауша боратқандығын, жауға ұмтылған Исатай оққа ұшқан кезде өзінің қауқарсыз халде болғандығын» келтірген. Бірақ өлеңдердегі ең негізгі қайғы және өкініш халық арасында бірліктің болмауы болды.

Қазақ халқының көтерілістерге берген бағасы қоғам даму туралы сөз еткенде бірқалыпты, жұтаң сипаттауға негізделген кеңестік тарихнамаға енгізілмеді. Осының салдарынан ол тарихи шырғалаңға тап болған қазақтардың қоғамдық ой-санасындағы қиындық пен қарама-қайшылықты сипаттай алмады. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстарды зерттеу кезінде фольклорды пайдалану күрделі мәселе саналады. Біздің халқымыздың рухани байлығына ауыр соққы болған жайт – қазақтардың жазу тілінің екі рет қайтара реформалаудан өтуі, соның салдарынан халықтық әдебиет және құжаттама бойынша көптеген жазбалар жойылып кетті.

Ұлт зиялыларының еңбектерінде қарулы қақтығыстар себептерінің жалпыламалығы және көтерілісшілер мақсатының бірдейлігі туралы түсінік қалыптасты. Көтеріліс себептері туралы шынайы негіздеме Т. Шонанұлының «Жер тағдыры – ел тағдыры» зерттеуінде келтірілді. Ол Әбілхайыр ханның ресейге бағыну туралы шешім қабылдауынан кейін қазақ жерлерінің тарихы аяқталды және отарлау тарихы басталды, сонымен қатар Қазақстандағы көптеген жер бөлігін патшалықтың тартып

алу кезеңі басталды деп жазды. Жерді, туған көшті қайтару қазақтар күресінің басты себебіне айналды.

Махамбет поэзиясының көркемдігі, саяси мәні туралы ең алғаш қалам тартқандардың бірі Х.Досмұхамедов. Ол 1924 жылы «Махамбеттің Байекеге айтқан сөзіндей қарақ арасында еш уақытта ханға сөз айтылған емес» деп көрсетті [1, 72 б].

Ал М.Әуезов 1933 жылы «Бүкіл ХІХ ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей ғып жырлаған өзгеше ақын болған емес. Алды да, арты да бір өзі сияқты» деп жазады [5, 173 б].

Академик Қ.Жұмалиев Махамбетке «революцияға дейінгі классик ақындарымыздың бірі» деп баға берді [6, 123 б]. Одан кейін де күрескер ақынның поэзиясы туралы зерттеулер болды. Әсіресе Исатай-Махамбет бастаған көтерілістің мәні-жайы, ол көтерілістегі ақынның өзінің және оның поэзиясының атқарған ролі мен ықпалы туралы жазылды. Бірақ оның поэзиясының көркемдік жүйесі туралы зерттеулер өте аз. Сол аз зерттеулердің өзі кезінде тиісті міндетін атқарды, әдебиеттануға, махамбеттануға өзіндік үлесін қосты. Академик Қ.Жұмалиев өзінің «Егеулі найза» атты Махамбет поэзиясын зерттеуге арналған көлемді еңбегінде былай деп жазады: «Бұл көтерілісті өз кезінде де, кейін де жырлаған ақындар аз болған жоқ. Бірақ көтерілістің шын мәнінде айнасы болған және оның халықтың сипатын дәл көрсетіп, алдына қойған тілек мақсаты не, кім үшін, не үшін күресті – осылардың бәрін де тамаша түрде айқын суреттей алған

ақын – Махамбет» [6, 52 б]. Махамбет поэтиканың тілін күрес құралына айналдырған, поэтиканың халық санасына ықпал ете алатын күшін ұғынған ақын. Махамбеттің ақындық деңгейіне, оның поэзиясының сипатына әр кезде әртүрлі баға беріліп келді. Е.Ысмайылов «Ақындар» атты кітабында халық ақыны деген ұғымды кең мағынасындағы және тура мағынасындағы деп екі дәрежеге бөліп қарайды да, Махамбетті тура мағынасындағы халық ақынына жатқызады. «Махамбет.....көтеріліс жасаған еңбекші шаруалар өмірінің бір ғана кезеңін, сол көтеріліске байланысты ой сезімін, ерлік әрекетін ғана терең тебіреніп, шебер жырлады, бірақ халық өмірінің барлық саласын, бүкіл халық тіршілігінің сыйпатын толық қамти алмады. Сондықтан ол тура мағынасындағы халық ақыны» дейді [7, 21 б]. Яғни, Е.Ысмайылов Махамбеттің толыққанды халық ақыны деңгейіне жетпегендігін айтқан. Мұндай пікірмен келісу қиын. Қай мағынада алсаңыз да шын мәніндегі ақын қоғамдағы әділдікті, болмыстың табиғилығын сақтау үшін, жандүниенің ішкі толғанысын жырлауға қызмет етеді. Ал ол үшін ақынның халық өмірінің барлық саласын қамтып шығуы міндет те емес. Ақын өмірдің бір қырын ғана көрсетуі мүмкін, бірақ оның астарынан халық тіршілігінің, замана көрінісінің сипаты мен соған байланысты айтылған сан түрлі философиялық ойлардың шоғырын табуға болады. Егер Махамбет нағыз халық ақыны болмаса, 3 мыңдай адамы бар әскерді дауылды жырымен атқа қондырып, бүкіл халықты теңіздей толқыта алар ма еді. Нағыз халықтық рухта болмаса, көтеріліс жеңіліс тапқанда, сол өлеңдер де халықтың санасыныда жеңіліс тауып, Нарынның құмының астында көміліп қалмас па еді. Халықтың тіршілік сипатын Махамбет ақын жеке тақырып етіп жырламайды, алайда бұл көріністің

бәрі ақынның теңеу сөздерінде, халық жырларына тән алыстан орағытып келер салыстыруларында, өлеңнің көзге онша шалына қоймайтын оралымдарын құшақтап, тереңіректе жатыр.

Халық үшін қанды төгем деп,
қараны ханға теңеп берем деп,
ол мақсатқа жете алмай,
дегенімді ете алмай,
қор болдым-ау, шырақ-ай.

Ақынның өзін қор сезінуінің себебін өлеңдері арқылы ғылыми тұрғыдан саралағанда «халық үшін қанды төгем» деуінің, «қараны ханға теңеп берем» деуінің арғы жағында жатқан халықтық мәнді көрмеу мүмкін бе?

Батырлықтың да ақындықтың да философиясы халықтық таным-түсінікке суғарылған, оны Махамбет бізге өзі әкеліп берген жоқ, оны қарапайым да білімді халық жеткізді. Нағыз халықтық деңгейге көтеріле алмаған поэзияны

халық босқа жүк қылып арқалап жүріп не қылады. Тарихта небір көтерілістер өткен. Бірақ олар нағыз халықтық, патриоттық поэзиямен көмкерілмеген соң ұмтылып қалды.

Алаштың байлығынан не пйда

....Алтын тақты хандардың,

Хандығынан не пайда,

Қаріп пенен қасірге

Туралық ісі болмаса,- [8, 23 б].

деп хандық құру деген құр билік айту емес, қаріп пен қасірет шеккен адамның мұңын тында дейді. Сонда ғана ақ пен қараны ажыратып, әділ билік құра аласың дейді. Яғни, азаттықта өмір сүретін елдің патшасының сипаты қандай болуы керектігіне де ақын өзіндік әдіспен сілтеме жасайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет. Алматы: Қазақстан, 1991. – 256б.
2. Кенжалиев И. Н. Махамбет Өтемісұлы. – Алматы, «Қазақстан», 1979. – 112 б.
3. История казахской литературы. – Алма-Ата, 1960. –с. 613.
4. Досмұхамедұлы Х. Аламан. –Алматы: Жазушы, 1991. -576 б.
5. Әуезов М. Шығармалар жинағы. 15-т. Алматы: Ана тілі, 1991. -268 б.
6. Жұмалиев Қ. ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1993.-320 б.
7. Исмаилов Е. Ақындар. –Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956.-340 б.
8. Махамбет. Жыр жебе. Алматы:Дайк-Пресс, 2002. -148 б.

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫНЫҢ
ҒЫЛЫМИ ҚОР БӨЛІМІНІҢ МАМАНЫ**

ЖӘҢГІР ХАН ТҰСЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қазақ тарихында Еділ-Жайық бойын өрлеп, шалғайын кеңге салған Бөкей ордасының алар орны бір бөлек. Бөкей ордасының құрылу тарихы өз бастауын «Кіші орда» деп аталатын, Әбілқайыр хандық еткен кіші жүздің XVIII ғасырдың 1-жартысында қалың қазақтан іргесін ажыратып, бөлініп көшуінен алады. Атақты Әбілқайыр ханның немересі, Нұралы ханның баласы Бөкей хан 1799 жылы Ресей императорының атына хат жазып, өзінің қол астындағы қазақтардың бір бөлігін Жайықтың оң жақ бетіне көшіп баруына рұқсат сұрап, өтініш жасады. Жасаған бұл өтініші аяқсыз қалмай, 1801 жылы наурыз айында Ресей монархы І-ші Павелдің жарлығы шығып, Бөкей сұлтан мен оның қол астындағы қазақтардың Жайықтың оң жақ бетіне көшуіне рұқсат етіледі. Патша жарлығында Еділ-Жайық арасындағы дала солтүстік Қара, Сары өзендерінен бастап, оңтүстік Каспий жағалауына дейін Бөкей қарамағындағы аумақ ретінде көрсетілген. Еділ мен Жайық арасындағы отыз жыл бойы иесіз қалған ең далаға мыңдаған елді көшіріп әкеліп, қондырды. Бөкей сұлтанның қол астындағы қазақтар орналасқан бұл аймақ «Бөкей ордасы» не «Ішкі Орда» деп аталды. Батысында Астрахан, солтүстігі мен шығысында Саратов және Орынбор губернияларымен, оңтүстік-шығысында Каспий теңізі мен Жайық шекара шебіне барып тіреледі. Әкімшілік тұрғысынан алғанда Ішкі Орда Орынбор шекара комиссиясына бағынышты болды, бірақ оның орналасқан аумағы Астрахан губерниясына қарайтын. Жайықтың оң жағалауына көшіп барушылар саны бірте-бірте көбейе түсіп, 1897 жылғы Ресей империясының жалпыға бірдей алғашқы халық санағының нәтижесі бойынша, сол кезде Ішкі Ордада 207 мың қазақ болды.

Бөкей хан - тарихымыздағы Еділ мен Жайық өзендері арасындағы қазақтардың басын біріктірген Ішкі Орданың негізін қалаушы тұлға. 1812 жылы Бөкей ханға «Қазақтың кіші жүзінің ерекше мәртебелі де аса құрметті ханы» деген жоғары дәрежелі грамота берілді. Бөкей ханның алдына қойған ең басты мақсаттарының бірі - екі ел арасындағы татулық, бірлік болатын. Бірақ, 1815 жылы Бөкей хан қайтыс болады. Бөкей ханның өсиеті бойынша, хан тағы мұрагерлікпен оның ұлы Жәңгірге қалдырылған болатын. Жәңгір ер жетіп, кәмелет жасына толғанша, хандықты уақытша Бөкей ханның інісі Шығай басқарады. 1823 жылы 20 қарашадан бастап хандық, билік түбегейлі Бөкейдің баласы Жәңгірге ауысады. Ол 1824 жылы 26 маусымда Орынбор шекара комиссиясының жарлығымен хан атағын алып, хандықты 20 жыл бойы басқарады.

Жәңгір хан - XIX ғасырдың I жартысында өмір сүрген, халқымыздың тарихында өзіндік орны бар, бойында қаталдық пен қайраттылық, өктемдік пен өрлік, жақсылығы мен жамандығы жарыса өріліп, ұштасып жатқан, өз заманының заңғар тұлғасы. Бөкей ордасының соңғы ханы, Әбілқайыр ханның шөбересі, Нұралы ханның немересі. Тарихи деректер Жәңгір ханды отарлаушылар саясатынан халқын қорғаушы, еліне мәдениет пен білім, мұсылман дінінің нұрын себуші хан ретінде көрсетеді. 1823 жылға дейін Жәңгір Астрахан губернаторы Андреевскийдің үйінде тәрбиеленіп, еуропаша білім алады. Сол кезде хандықты әкімшілік тұрғыдан басқарудың әдіс-тәсілдерін үйренеді. Көзі ашық, көкірегі ояу, орыс, татар, араб, парсы тілдерін жетік меңгерген Жәңгір Ресей үкіметінің көптеген наградаларымен марапатталып, алтын тәжбен безендірілген I дәрежелі «Қасиетті Анна» орденінің кавалері атанып, генерал-майор шеніне дейін көтерілген тұңғыш қазақ ханы.

I Николай патшаның алдына хан ордасын салу жайлы мәселе қойып, Орда құрылысына қажетті қаржы алып, Торғын өзені бойынан жазғы мекен жай салдырады, онда жеміс-жидек ағаштарын өсіріп, айналасын бау-бақшаға бөлейді. Сол кезде хан ордасында хан үлгісімен билер, сұлтандар, старшындар да үй салғыза бастайды. Жәңгір хан саяси-экономикалық дамуға да бірқатар өзгерістер енгізе білді.

Жәңгір хан өзі билік құрып тұрған кезде елді отырықшылыққа көшіру, мектеп ашып, балаларды оқыту мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Жастайынан зиялы қауымның арасында болып, ғылым мен өнерді, білімді жоғары бағалай білген Жәңгір, билікке қолы тиген күннің ертеңінде-ақ өз ордасында мектеп ашып, жастарға білім беруді армандайды. Ол көптеген орыстың танымал ғалым-саяхатшыларымен, өнер қайраткерлерімен жақсы қарым-қатынаста болды. 1839 жылдан бастап Орынбор ұлықтары мен әскери губернаторы Эссенге қазақ балаларын Қазан университеті мен Орынбордағы Неплюев атындағы кадет корпусына, басқа да қалалардағы оқу орындарына қабылдау үшін оларға өзі тұрған өңірде еуропаша білім беріп, ғылымға қазақ баласының да қолын жеткізуге бастама жасау ниеті бар екенін білдіреді. Мектеп ашу жөніндегі Жәңгірдің арманы бірнеше жылдан кейін барып іске асты.

Жәңгірдің орда қазақтарына жасаған ең үлкен ізгілікті істерінің бірі-халықтың сауатын ашуға, білім алуына қамқорлығы болып табылады. Оның шынайы айғағы ретінде қазақ топырағында орыс тілінде дәріс беретін тұңғыш мектеп ашуы. Мектепті өз күшімен ашуға бекінді, арада екі ай өткеннен кейін, 1841 жылы 6 желтоқсанда қазақ даласында қазақ балалары үшін ашылған тұңғыш мектеп дүниеге келеді. Бұл мектеп қазақ топырағында орыс тілінде дәріс беретін тұңғыш оқу орны болып қаланды. Қарағайдан қиып салынған мектеп үйі - Ордадағы еңселі үйдің бірі болды. Екі қабатты ғимараттың іші де аса жарық әрі кең етіп салынып, тіпті ішіндегі мектеп жиһаздары жоғарғы эстетикалық талғаммен безендіріліп

жасалды. Жаңадан ашылған мектепке небәрі 12 оқушы қабылданды. Тек Жәңгір ханның орасан зор еңбегінің арқасында тілек білдірушілердің саны күн санап көбейе бастады. Бастапқы кезде мектепті хан өз қаражатына ұстады, кейін хандық билік жойылған соң мектеп халықтан жиналған салықтың арқасында өмір сүрді. Мектептегі білім беру жүйесі өте тиянақты ұйымдастырылды. Сабақ қазан айында басталып, мамыр айына дейін жүргізілді. Кейін 1905 жылы екі кластық мектеп Хан Ордасының Орталық төрт кластық қалалық мектебі болып, бұрынғысынан да үлкейтіліп, жанынан тұрақты жұмыс істейтін мұғалімдер даярлайтын педагогикалық курстар ашылады. Мектептердің оқу бағдарламаларында діни дәрістермен қатар орыс тілі, қазақ тілі, арифметика, география, орыс тарихы, еңбекке, қолөнерге баулу, ән, арнаулы пәндер бойынша оқытылды. Оқу барысында сол кездегі ең жаңа оқулықтар пайдаланылды. Константин Петрович Ольдекон мектеп меңгерушісі әрі мұғалімі болып тағайындалса, дін оқуы және шығыс тілдері бойынша оқытушы болып молда Хакім Мұхаммед Аминов бекітілді. Мектептегі оқу сапасы, мектеп ішіндегі тәртіп-тәрбие жұмыстары үнемі бақылауда болды.

Бұл мектептердегі білім беру ісі хан, сұлтандардың балаларын Орынбордағы Неплюев атындағы кадет корпусына оқуға түсуге дайындауға бағытталды. Алғашқы кезде де, кейін де Бөкей даласында ашылған учаскелік, болыстық, аудандық мектептер үшін әдістемелік нұсқау беретін орталық ретінде қызмет атқарды. 1883 жылы алғаш рет Хусни-Жамал Нұралыханованың ұйымдастыруымен қыздарға арналған училище ашылады.

Жергілікті халық балаларының білім алуы үшін мектеп санын көбейтуді талап етті. Мектеп құрылысына қаржы жинады. Сөйтіп, 1866 жылы Орданың жеті бөлігінде 7 мектеп ашуға қаржы бөлініп, шешім қабылданды. Қалмақ, Торғын, Нарын, Қамыссамар, Талов Приморье елді мекендерінде «Жәңгір мектебінің» негізінде жеті мектеп ашылды. 1895 жылы жаңадан мектептер салына бастап, жалпы саны 14-ке жетті. Жәңгір дарынды түлектерді Ресей қалаларындағы ірі оқу орындарына жіберіп, оларға арнайы стипендиялар тағайындап отырды. Мектепте білім алған шәкірттердің басым көпшілігі Орынбор, Омбы, Петербург, Мәскеу, Қазан, Уфа қалаларындағы жоғарғы, орта оқу орындарын бітіріп, мамандықтары бойынша біреулері туған топырағына оралса, екіншілері Ресей, Сібір, Кавказ секілді шет жерлерде қызмет етті.

Жәңгір хан өзі өмірден өткенше мектепті жөндеу, оқушыларға қажетті оқу құралдарының қаржысын, мұғалімдердің еңбек ақысын хан есебінен төледі. Жыл сайын оқушылардың емтихандарына қатысуы, олардың білім дәрежесін тексеріп, мұғалімдердің сабақ беру сапасын анықтауды дағдылы іске айналдырды. 1879-1880 оқу жылында «Жәңгір мектебінің» аты-жөнін өзгертілместен Халық Ағарту министрлігінің қарамағына өтіп, екі кластық ауылдық училище боп қайта құрылды.

Оқу-ағарту ісімен қатар, Жәңгір хан ислам мәдениеті мен дінінің қазақтар арасында кеңінен таралуына өзіндік үлес қосып, Ордада мешіт салдыруға бар күш-жігерін жұмсады. 1825 жылы Ордада мешіт салдырды. Ел ішінде оны «Хан мешіті» деп атаған. Қазақ ауылдарындағы молдалардың санын арттырды. Олар хатшылық және рухани ұстаз міндеттерін қоса атқарды.

Жәңгір мектебі қазақтың мыңдаған ұлдарының санасын оятып, ақыл-өрісін кеңейтті. Аталмыш мектептің қабырғасынан халқымыздың шежіресінде есімдері алтын әріппен жазылатын талай асқақ тұлғалы азаматтар шықты. Кезінде Жәңгір хан мектебінде оқып, Орынбор, Саратов, Уфа, Қазан, Петербург қалаларындағы университеттер мен гимназияларға, Неплюев атындағы кадет корпусына барған оқушылардың ішінен білікті де білімді мамандар мен мемлекет, қоғам қайраткерлер қатарында: Дәулеткерей Сығайұлы, Шәңгерей Бөкейұлы, Ғұбайдолла Жәңгірұлы, ғылымға еңбегі сіңгені үшін күміс медальмен марапатталған тұңғыш қазақ Мұхамедсалық Бабажанұлы, өлкеміздің төл перзенті - бөкейлік Мақаш Бекмұхамбетұлы, Бақтыгерей Құлманов, О.Атаниязұлы, Мұқанғали Шынтемірұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Айтбаев Бекмұхамбет, Ғұмар Қараш секілді тұлғалар бар.

Жәңгір хан 1830 жылы инженер Тафаевқа Еділ-Жайық екі өзені аралығының топонимикалық картасы мен Бөкей даласының географиялық картасын сыздырып, жасатқан. 1832 жылы Ордада жәрмеңке ұйымдастыруға ресми рұқсат алынды. Жәрмеңке уақыты көктемде маусымның 7-25 мен қыркүйектің 14-25 аралығында өткізілетін болып белгіленеді. Жәрмеңкеге жергілікті жердің халқын айтпағанда, Ресейдің басқа да үлкен қалаларынан саудагерлер, айырбасшылар ағылып келетін болды. Жәрмеңке тарар тұста ат бәйгесі өткізіліп, қазақша күрес ұйымдастырылатын болған. Сөйтіп, Ішкі Орда қысқа мерзім ішінде Ресейдің еуропалық бөлігіне мал және мал өнімдерін бере алатын ірі орталыққа айналды.

Хан Ордада қазына есебінен дәрігерлер ұстап, халық арасында бел алған қатерлі дертке қарсы емдік шараларын жасатты. Астархан губернаторының беделінің арқасында, 1838 жылы Ордада алғаш дәріхана аштырды. Сонымен қатар, қарағай орманын қалыптастырды, сусыған құмды тоқтату шараларын жүргізді. Оның дәлелі бір кездердегі құм басқан даланы гүлденген алқапқа айналдырды. Малды асылдандыру, әсіресі, жылқы малының тұқымын асылдандыруға ерекше көп көңіл бөлді.

Хан сарайында қару-жарақ палатасы ұйымдастырылып, онда бағалы қару-жарақ түрлері мен ұлттық салт-дәстүрді насихаттайтын экспонат түрлерімен толықтырылады. 1838 жылы хан Ордасында тұңғыш мұрағият мекемесі қалыптасып, архивариус іске қосылды. 42 жасында генерал-майор атағына ие болған хан меценаттық шаралармен де айналысқан. Ол Қазан Университетінің кітапханасына араб, парсы, түрік тілдеріндегі жалпы құны 598 күміс теңгелік алтын қолжазбаны сыйға тартқан. Осындай еңбектері

үшін Жәңгір хан 1844 жылы 29 мамырда Қазан Университетінің Ғылыми Кеңесінің Құрметті мүшесі болып сайланған. Жәңгір хан қайтыс болғаннан кейін Бөкей ордасындағы хан өкіметі жойылып, басқару жүйесі қайта құрылады.

Күні бүгінде Атырау облысы тарихи-өлкетану мұражайының экспозициялық залында Бөкей Ордасының тарихына қатысты тарихи фотосуреттер: Бөкей ханның, Жәңгір ханның портреттері, І-ші Павелдің жарлығының көшірмесі, Бөкей Ордасының картасы, Жәңгір хан мен Фатима ханымның, ұлы Ғұбайдолланың фотосуреттері, Хан ставкасындағы төрт сыныптық училищесінің, қыздар мектебінің, оқу сыныбының фото көшірмелері, Жәңгір хан кесенесінің, хан мешітінің, қару-жарак палатасының сыртқы көрінісі мен заттай айырбас сауда бұйымдары қойылған.

Жәңгір қазақ мемлекетінің әкімшілік жүйесін жасап, ел басқару ісін заман талабына сай ыңғайлады, қазақ халқының ағартушылық, мәдениет жолымен ілгері дамуына үлкен мүмкіндіктер жасады.

Әдебиеттер:

1. С.Сүйінов. «Бөкей ордасы». Алматы. 2000 ж.
2. Ә.Ғабдуллин, Қ.Ғабдешұлы. «Нарынға Бөкей бастап өтіп еді..». Алматы. 1999 ж.
3. С.Мендіғалиұлы. «Жәңгір хан мектебі-өркениет ұйытқысы». Атырау газеті, 25.05.2000 ж.
4. З.Ижанов. «Құнарлы топыраққа түскен дән». Ана тілі газеті, 24.06.2003 ж.
5. Е.Ниғыметов. «Жәңгір мектебі». Қазақ әдебиеті газеті, 27.09.1991ж.
6. Т.Боранғалиұлы. «Тәуелсіздікке тәбәрік орда». Егемен Қазақстан газеті, 31.01.2001ж.
7. А.Хамзин. «Қырандар ұшқан қияға». «Орда жұлдызы» газеті қиындысынан.
8. М.Құлкенов, Р.Отарбаев. Жәңгір хан. Алматы. «Өлке». 1992 ж.

**БҚИТУ ПРОФЕССОРЫ, АЛАШТАНУШЫ, Ж.ДОСМҰХАМЕДОВ
АТЫНДАҒЫ «ҚАЙРАТКЕР» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ, ОРАЛ ҚАЛАСЫ**

**БӨКЕЙ ОРДАСЫНАН ШЫҚҚАН ҰСТАЗ –
ХҰСНИ-ЖАМАЛ ЗҰЛҚАРНАЙҚЫЗЫ**

Өзге шығыс халықтарымен салыстырғанда біршама еркіндікке ие болғанымен қазақ әйелдері ХІХ ғасырдың аяғында ислам дінін, патриархалдық-рулық салттардың шырмауына матала түсті. Олардың хал жағдайы алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлерін ойландыра бастады. Қазақ әйелдерінің қоғам өміріндегі орнын бағалап, оларды сыйлауға, құрметтеуге, ізет көрсетуге Шоқан, Абай, Ыбырай сынды мәдениетіміздің көрнекті өкілдері мезгілінде үн қосқан болатын. Бұл бағытты ХХ ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы қазақ интеллигенттері жалғастырды.

Қазақ әйелдерінің теңсіздігін әшкерелеп, оларды ескі әдет-ғұрыптардан құтқаруды мақсат еткендердің бірі – Мұхамеджан Сералин еді.

Мұхамеджан Сералин өзі ұйымдастырған демократиялық бағыттағы «Айқап» журналының бетінде де әйел теңдігі туралы мақалаларға көп орын берген. Бес жыл уақыт ішінде журналда әйелдер теңдігіне арналған 50-ге жуық арнайы мақалалар жарияланды.

«Айқап» журналы әйелдердің қоғамдық өмірде алатын орнын, маңызын бағалай білуді уағыздады. Олардың болашақ жас ұрпақтарды тәрбиелеп, бүкіл ұлттың ілгері дамуына лайықты үлес қосқанын көрсетеді. Әйелдердің қоғамға пайдалы үлес қосуына кедергі жасау өте зор қателік деп қатаң ескертілді.

Мұхамеджан Сералин әйелдердің бас бостандығын тек сөзбен ғана айтып қойған жоқ. «Айқап» журналы жұмысына оқыған, сауатты қазақ қыздарын тартты. Журналда Сақыпжамал Тілеубайқызы, Күләйім Өтегенова, Мариям Сейдалина, Аққағаз Досжанова, Нағима Арықова, Мағрипа Қойбағарова т.б. қыздардың мақала, өлеңдері жарияланды. Бұл оқымысты әйелдер қазақ қызының теңіне, сүйгеніне қалың малсыз қосылуын ғана талап етіп қоймай, қазақ қызының білімге ие болып, қалаған мамандығын игеруге, ұнатқан кәсіппен шұғылдануына мүмкіндік беруін жақтады. Сөйтіп олар қазақ әйелінің отбасында бақытты болуымен қатар, қоғамдық-саяси, мәдени-шаруашылық өмірге құлшына араласатын белсенді адам болуын қалады. Бұған «Айқапта» жарияланған «Қазақ қыздарына», «Зарлау», «Жолсыз ғадеттеріміздің бірі», «Қыз батасы» деген мақала-өлеңдері куә болады.[1, б. 18]

Қазақ әйелдеріне үлгі-өнеге боларлық апалары бұрын да болған. Осы орайда білімпаз, үлкен адамгершілік иесі Хұсни-Жамалдың еңбегі зор. Қай

ғасырда ғұмыр кешсе де халқының өсіп-өркендеуіне азды-көпті үлес қосқан адамдардың еңбегі ұмтылмайды. Өткен ғасырдың аяқ шенінде қазақ қыздарына арнап мектеп ашқан, талай талантты шәкірт тәрбиелеген ағартушы әйел.

Бірнеше жыл бұрын зерттеуші Мұстафа Ысмағұлов ақсақалдың жеке архивінен көрген. «Бөкей ордасындағы мектептер альбомы» деген көлемі 50 беттік фотоальбом, тарихтың көне кезінде бұл фотоальбомды сол кездегі патша әкімшілігінің арнайы рұқсатымен Ордадағы қазақ зиялыларымен 1896 жылы Астрахан қаласындағы баспаханаға бастырып таратқан. Сол кездегі көне ақшамен альбомның құны 700 сом болып белгіленген. Халқымыздың білім алу жолындағы өткендерін бейнелеген, кейінгі ұрпаққа мұра қалдыру мақсатындағы бұл альбом баға жетпес асыл қазына.

Фотоальбомның 26 беттік алғы сөзінде Бөкей ордасындағы мектептер жан-жақты әнгімеленіп, арнайы түсірілген 26 фотосуреттерге нақты түсініктеме берілген. Реті келгенде айта кетерлік, бұл альбомдағы суреттерді түсірген Астрахан қаласынан арнайы шақырылған С.Н.Климашевская деген фотограф әйел. Ол туралы алғы сөзде былай деп жазылған: «Альбомның техникалық жағын реттеуге фотограф С.Н. Климашевскаяның көп еңбегі сінді. Бізбен бірге он бес күн бойы (5-20 қазан аралығында) Хан ставкасын шаршамай-шалдықпай аралап, мектептер мен оның оқулықтарын бейнелейтін суреттерді түсірді».[2, б.2]

Альбом Бөкей ордасындағы оқу ошақтары тарихынан толық мағлұматтар беріп, статистикалық көрсеткіштер келтірілді. Мысалы, бірнеше суретте Орда қаласында 1841 жылы 6 декабрь күні (ескі жыл санау бойынша) ашылған орысша-қазақша училищенің оқу үйі бейнеленген. Бұл Қазақстандағы тұңғыш ашылған орысша-қазақша оқу орны. Осы жылдан бастап Бөкей ордасында мектептер мен оқушы қазақтардың саны өсе бергені туралы альбомның алғы сөзінде жақсы айтылады. Альбомның 6-бетіндегі мына бір дерекке назар аударыңыз – Ордада 1841 жылы бір ғана училище болса, 1868 жылға дейін тағы да 7 мектеп ашылған. Ал 1883 жылы қазақ қыздарына арналып орысша-қазақша училище және олар тұратын интернат ашылды. Бұл училищенің оқу үйі Орда қаласында әрі бар, мемлекеттік қорғауға алынған тарихи орын. Альбомның 14-бетіндегі таблицадағы мына бір деректерге де назар аударсақ, Ордадағы 2 училище мен 14 бастауыш мектепте 1896 жылы 270 ер бала және 37 қыз бала білім алған.[3, б.14]

«Бөкей ордасындағы мектептер альбомынан» басқа альбомдағы бір суретте, мерзімдік баспасөздерге арақидік жарияланып жүрген (Соның ішінде «Қазақстан әйелдерінде» да жарық көрген) тарихи фотосурет фотограф ұстаз бен шәкірттерін киіз үйдің ішіндегі суретке түсіруінің де өзіндік мәні бар. Өйткені Хұсни-Жамал Зұлқайнарқызы Нұралыханова-Қаратаеваның атақты мектебі міне осы алты қанат киіз үй. Кейбір

зерттеушілер Хұсни-Жамал мектебін Ордадағы қыздар училищесімен шатастырып, 1883 жылы ашылды деп жаңсақтыққа барып жүр. Дұрысында Хұсни-Жамал мектебін 1894 жылы ашқан.

Хұсни-Жамал Зұлқарнайқызы Нұралыханова 1872 жылы Бөкей ордасындағы сұлтандар әулетінде дүниеге келген. Әбілқайыр хан әулетінен шыққан, Нұралы ханның шөбересі, Жәңгір ханның немересі, әкесі -Зұлқарнай Шөкірұлы Нұралыханов. Әкесі 1851 жылы белгілі қайраткерлер шоғыры болған Ш.С. Бабажанов, М. Бекмұкамедов (Мақаш әкім), М. Жантөрын секілді қазақ жастарымен бір жылда Орынбордың Нюплеев корпусын бітіріп шыққан. Бөкей жерінде 415 ордасында әкімшілік-басқару жұмысына араласады.1887 жылы Жаңақалада өз қаражатына мешіт салдыруға Астрахан губерниялық басқармасынан ресми рұхсат алады.

Зұлқарнайдың әкесі Шөкі сұлтан байбақты руын билеген, кейіннен орданы басқару кеңесінің кеңесшісі болған белгілі тұлға. Зұлқарнайдың өз балалары – Сәлімгерей Алаш қозғалысындағы қайраткері болса, Сейткерей кеңес өкіметін орнатуға араласқан. Қызы Хұсни-Жамал қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш мұғалім.

Хұсни-Жамал Нұралыханова өткен ғасырдың аяқ шенінде сіңлілілеріне арнап 1894 жылы Бөкей ордасында мектеп ашқан, талай талантты шәкірттер тәрбиелеген ағартушы апамыздың өмір жолы әрі тарих, әрі дастан. Қазақ қайраткер қыздары – Алма Оразбаева, Рәзия Мендешова, Әмина Мәметова Сұлейменқызы Хұсни-Жамалдың мектебінен өткен шәкірттері.

1923 жылы Хұсни-Жамал Алма Оразбаевамен Орынбор қаласында жолығысып қалады. Ол кезде Алманың бүкілодақтық ОАҚ-нің жанындағы ұлт республикалары оқу ағарту жұмысын қаржылындыру комиссиясынан. РК (б) П ОК-нің жұмысшыларымен шаруа әйелдер арасындағы жұмысы жөніндегі комиссияға еңбек етіп жүрген кезі еді. РКФСР Жоғарғы Сотының қазақ бөлімі коллегиясының, Қазақ АКСР Заң халық комиссариатының жұмыстарына, әсіресе, қалың малға қыз ұзату сияқты ескінінің қалдықтарына қарсы күресумәселелеріне араласып жүрген еді. Осыларға қоса Қазақ облыстық және Қазақстан өлкелік комитеттерінің әйелдер арасында жұмыс жүргізу жөніндегі бөлімінің де меңгерушісі еді. Қазақстан өлкелік саяси ағарту бас басқармасының төрағасы сияқты ондаған жауапты жұмыстарды атқарып жүрген қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш коммунист әйел, мемлекет және қоғам қайраткері. Осыншама міндеттерді атқарып жүрген шәкіртін көргендегі қуанышын айтып жеткізу қиын еді, әрине бұл сияқты қуанышты сәттерді өз өмірлерінде ең бақытты кезеңім деп есептейтін ұстаздардың өздеріне тән қасиет. Бұл жайында, Зияда Қаратаева жырдай ғып айтқанда алдына жан салмайды екен.[4, б. 15]

Алма Оразбаева Бөкей ордасында дүниеге келген. Мемлекет және қоғам қайраткері. Жұмысшы отбасында дүниеге келген. Ордадағы 1 кластық орыс-қазақ мектебінде сауат ашқан. 1909-11 ж. Симбирскідегі чуваш мектебінде оқиды. Әкесінің қайтыс болуына, қаражат тапшылығына байланысты оқуын аяқтай алмай, елге оралып, алдымен Ордадағы жаңадан ашылған осы Хұсни-Жамал ашқан 2 кластық қыздар мектебінде оқиды. Кейін осындағы жоғары бастауыш ерлер мектебі жанындағы 3 жылдық курсты бітіріп, бастауыш класс мұғалімі мамандығын алып шығады.

Ұстаздық жолын Новая Казанка ауылында бастайды. 1917 жылы Мамыр айында С. Мендешевтің бастауымен Ордада өткен, бүкіл оқу жүйесін өзгертуді талап еткен мұғалімдер съезінің жұмысына белсене қатысады. Ордада Кеңес өкіметі орнаған күннен бастап әйел теңдігі, жесір дауы мәселелеріне тікелей араласып, өзінің жалынды сөздермен, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған уытты мақалалармен қазақ әйелдерінің көзін ашуға тырысады.

А.Оразбаеваның ұйымдастырушылық қабілеті қазақтың 1-үлгілі атты әскер полкін құру кезінде ерекше байқалады. 1919 жылы 17 маусымда Қазақ әскери істер жөніндегі комиссариятының бұйрығымен комиссариаттың саяси-ағарту бөлімінің үгітшісі болып тағайындалып, көп ұзамай Мәскеудегі Я.М.Свердлов атындағы Коммунистік университеті жанындағы үгітшілер мен насихатшылар курсына оқуға жіберіледі. 1919 жылы қазанда осында РК(б)П қатарына қабылданады. 1919-28 жылдары РК(б)П Орынбор губкомы қазақ секциясының жауапты хатшысы, Бөкей губерниялық партия комитеті әйелдер бөлімінің меңгерушісі, Қазақ облысы және Қазақстан өлкелік комитетінің, БК(б)П Нижне-Волжск комитеті әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің меңгерушісі, әрі бюро мүшесі, Қазақстан өлкелік саяси-ағарту бас басқармасының бөлім меңгерушісі болып істейді. БОАК-нің мүшесі, РК(б)П ОК-нің жұмысшы және шаруа әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі комиссиясының мүшесі, Қазақ АКСР ОАК-нің әрі президиум мүшесі болып сайланады. Партияның XII, XIII, XIV-інші съездеріне, XIV-Бүкілодақтық партия конференциясына, коммунистік әйелдердің III-ші халықаралық конференциясына, Коминтернінің 5-конгресіне делегат болып қатысады. А.Оразбаеваның қазақ өнеріне, өнерлі жастарға жасаған қамқорлығы да ерекше.

А.В.Затаевич одан халқымыздың 10 әнін («Жайық», «Қосай», «Танысу жыры», «Зейнешім», «Саржан», «Төртпішен», «Ғиндаш», «Айнамкөз», «Қоштасу» әнінің екі түрлі нұсқасын) жазып алып, «Қазақ халқының 1000 әні» жинағына енгізген.

А.Оразбаеваның даусы мен орындаушылық шеберлігін Затаевич : «Алма Оразбаев – жас халық мұғалімі, қазақ әйелін күндіктен құтқару жолында күресуші көрнекті қайраткер. Тамылжыған нәзік (сопрано) даусы бар және әнді нақышына келтіріп мейлінше әсем айтатын музыкаға аса

қабілетті жан. А.Оразбаева менің жұмысыма барынша ықылас білдірген және маған өте құнды деректер берген бөкейлік бірінші қазақ қызы болды» - деп жоғары бағалады. 1928 ж. БК(б)П ОК А.Оразбаеваны Қазақстаннан шақырып алып, Саратовқа жұмысқа жібереді. Ол мұнда Нижне-Волжск өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі және әйелдер бөлімінің меңгерушісі әрі өлкелік колхоз одағы төрағасының орынбасары міндетін қоса атқарды. 1929 ж. Коминтерінің тапсырмасымен Моңғол Халық Республикасына іссапармен барып қайтады. А.Оразбаева өзінің жастайынан ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсіп, көп қызметтер атқарып, талмай еңбек еткен қайратты қазақ қыздарының бірі еді.

Революциядан көп уақыт бұрынғы жылдарда қазақ жерінде қыздардан мұғалім болу, дербес өз алдына мектеп ашу сияқты әрекеттер екенің бірінің қолынан келе қоятындай емес-ті. Қыздардың білім алуының өзі қиынның қиыны болғаны көпшілікке мәлім. Осының бәріне әуелі өскен ортасы, оның тұрмыс жағдайы, ұстаған салт-санасы мен дәстүрінде, екені, солардың ықпал әсері болғандығына ешкімнің таласы жоқ. Олай деуге кезінде ата-анасы мен ағаларының білкім дәрежелерін, қоғамдағы орындарын лайықты пайдаланып, алды-артын бағдарлай білген Хұсни-Жамалдың парасаттылығын пайымдау мүмкін емес.

Хұсни-Жамал білім алып, ғылым үйренудің жолдарына негіз боларлық міндеттерді саралап отырып, методикалық кеңестер шығаруды да мақсат етті. Сөйтіп барып, өзі ұйымдастыратын мектептен бұрын келешек оқушыларын даярлауды көздеді.

Хұсни-Жамал Зұлқайнарқызы жасынан оқуға ынталы, мейлінше ұғымтал болып өседі. Ордадағы мұғалімдерден өз бетімен сабақ алып, білімін жан жақты көтеріп, толықтырып отырады. Әр алуан құжаттарға қарағанда қаражаты барлардың қыз балалары мен жас әйелдері тиісті мұғалімдерден үйлерінде оқып, белгілі мерзімде үлкен қалалардағы оқу орындары мұғалімдерінің алдынан өтіп, емтихан тапсыру дағдысы бар екен. Олардың білім өрісін жан-жақты сынау, бақылау жолдары кәдімгі мектептегі сынақ жүйесінен бірде-бір кемдігі жоқ болған. Және бұл арада ата-ана, туған-туыстарының дәрежелері ескерілмеген. Сөйтіп, аттестациядан өтіп, дипломға ие болғандардың есімдері жазылған тізімдері риза етеді. Ондай жазылу ережелерінде тәртіп сақталып, оқушы туралы мәліметті қай уақытта талап етсең де оңай таба аласың. Сондай архив қазынасының ішінен мына беттердің табылғанына қуандық. Оқу министрлігінің Бөкей губерниясындағы инспекторы А. Вознесенскийдің 1897-1898 жылдардағы есебінде: «Хұсни-Жамал – қазақ сұлтанының қызы, Қазанның Земская мектебін бітірген. Білімді өз үйінде ағаларынан алған Хұсни-Жамалдың жасы 25 шамасында, көркем де сүйкімді. Осы жастағы Ордадағы жалғыз қыз... Орысша тым таза сөйлейді. Оның ерекшелігі – өте ұстамдылығында. Қазір ол өзін орыс мектебінің ісіне арнауға ұйғарып отыр делінген. (ҚазАКСР мемл. Архиві, 5021-тіркеу, 03 іс, 17 бет) [5, б.17].

Хұсни-Жамал оқып жүргенде халқының әдебиеті мен өлең-жырларын үнемі жаттап, сақтауға тырысып отырады екен. Осындай берекелігіне қарай орысша сауат ашуға барынша ұмтылған. Орыс классиктерінің еңбектеріне де мейлінше ден қойған.

Өткен ғасырда, тіпті қазірде де орыстың мәдениетіне берілгендердің алдында бас иетініміз бар ғой, осыған байланысты ол кездегі алдыңғы қатарлы зиялылар семьясында европаша білім алу, бірнеше тілдерінде еркін сөйлей білу әдетке айналған. Бұл сияқты игі істер, көбінесе Жәңгір ханның тұсында соның төңірегіндегілер үшін дәріптелгені дәлелді қажет етпес. Ханның прогрессивтік бағытының бірден-бір көрсеткіші осы бір жерде де көрініп отыр емеспе?

Жәңгір хан Орда қаласын мәдени орталыққа айналдырудың маңайында көп тер төккен. Алдымен осы қалада үлкен кітапхана ашу жөнінде әрекет еткен. Ол үшін орталықтан – Мәскеу, Петербург, Қазан, Уфа сияқты қалалардан шығатын газет-журнал, кітаптарды үнемі алғызып тұрған. Бұған қоса сол кездегі Қазақстан жер-жерлеріне жан-жақты зерттеулер жүргізіп жүрген саяхатшылар, әдебиетші-фолклоршы, тарихшы-этнографтары, т.б. мамандар лек-лектерімен келіп-кетіп, бұл қалаға соқпай аттана алмаған. Олар мұнда өздерінің жұмыстарына қажет мағлұматтарды жинастырып алып, кейің зерттеу мақала мен кітаптарын шығарып отырған. Еңбек жазу үстінде айлап, кейде жылдап қалып қоятындары болған. Бұл сияқты білім жолына түскен оқымыстылардың жергілікті халықпен жақсы қарым-қатынаста болғаны да түсінікті, олардың пікір алысуы, оқып-тоқығандарынан кейбір мәселелерінде ортаға салуларында оғаштық болмаған.

Хұсни-Жамал туып өскен ортаның білім қазынасында еркін болғанына көз жеткізу қиын емес. Сондықтан да оның тиянақты да терең білім алуға мүмкіндігі мол болғаны өз-өзінен белгілі. Осыған орай оны ағалары, әсіресе, Сейіткерей ағасы оқыған азамат, ол Астраханьдағы әйгілі қалмақ базарына басшылық еткен кісі. Ағасының басқа қалалармен байланыс жасауы былай тұрсын, осы қаладағы мәдени ортаға деген ықпалы ондағы кітапхана, басқа мәдени орындармен Хұсни-Жамалдың қарым қатынас жасауы жеңіл еді. Осыдан келіп Хұснидың білім алуға деген құштарлығы арта түскен.

Хұсни-Жамал оқуын тәмамдаған соң, алдына үлкен мақсаттар қойған. Ол – өзі білім алып шыққан оқу орнындай үйде қазақ қыздарына оқытып шығаруға құлшынды.

Оқуға қыздардың қай-қайсысы да ешқандай дайындықсыз келетін. Шетінен жасқаншақ, бұйығы, қорғаншақ. Сондықтан да оқу жүйесінің тәртібіне бірден түсіп кетуі де не ғайбыл. Оның үстіне олардың орыс тілін үйреніп кетерлік қабілетінің жоқтығы қосылып, жанды қатты қинайтын. Сол себепті қыздарды училищеге түсер алдында дайындықтан өткізудің жолдарын тыйымсыз іздеуге тура келетін. Ол үшін жоғарыда айтқандай

ақыл-кеңес берерлік дүниелер шығару қажет еді. Хұсни-Жамал сонымен 1904 жылы арнайы алты қанат киіз үй тіктіріп, осында қыздарды оқытуға кіріседі. Бұдан өзіне тиісті мұғалімдік еңбек ақыны алудан бас тартады. Оқушыларға қажетті оқу құралдары мен басқадай жабдықтарды Оқу министрлігінің инспекторы А. Вознесенскийдің көмегімен алып тұруға келіседі. Хұсни-Жамал апамыз 40 жасында Арон Қаратаевқа, яғни атақты Бақытжан Қаратаевтың інісіне тұрмысқа шығады. Бұған дейін мектебінен, сүйікті шәкірттерінен көз жазып қаламын деген қорқынышпен, өзінің мүддесін ойлауды екінші орынға қойған. Сөйтіп, өз құрбыларынан кейіндеп қалар өкініш ойына келмесе керек. Тіпті тұрмысқа шығып, енді басқа қалаға қоныс аудару қажеттігі туған кезде де толқу сезімінен арылмаған, «... бұл жолы да қатты толқиды. Ақыры мені шақырып алып: «Ең алғыр шәкіртімнің бірі сенсің. Рәзия айналайын, менің бастаған ісімді сен жалғастыр. Балаларға білім берудің өзі үлкен бақыт, соны ұмытпа, айналайын деді. Сосын сәл кідіріп, жүрегінің жартысы осы мектепте қалып бара жатқандай даусы дірілдей айтты» деп жазады Рәзия Меңдешова өзінің естелігінде. [6, б.8]

Оралға келіп жұбайы Аронмен орналасқан соң да Хұсни-Жамал мектебінен қарым қатынасын үзбеген. Әрқашан жағдайларын біліп, жиі-жиі хабарласып тұрса керек.

Қазақтың зиялы адамдарының басына қара түнек орнаған күндер Қаратаевтардың төңірегін де әбден торлаған еді. Соның салқыны жас семьяны да аяған жоқ. Патша үкіметіне сенімсіздердің қатарына ілігіп, басқан іздері есепке алынып, аңдулы болатын. Солай болғанына қарамастан Хұсни-Жамал Орал қаласында өтетін қазақ интеллигенттерінің басқосуларына уақтылы қатысып тұрған. Әсіресе, Оралда екі тілде шығып тұрған «Қазақстан» газетінің уақтылы жарық көруіне қажетті көмегін аямайды. Газетті шығарушылар амалсыз Астраханьға көшкенде, онда тұратын ағасы, Сейткерейге тапсырып қойғанда да Хұсни-Жамал. Сонымен 1910 – 1912 жылдары Хұсни-Жамал нағыз сенімсіз де өте қауіпті адамдардың қатарында қатаң бақылауға алынды. Бұған дәлел болатын суреттегі екі анықтама қағаз.

Оралда шығып тұрған газеттің өміріне ешқандай кедергінің болмауын қолға алған Хұсни-Жамалдың күйеуі Арон еді. Ол зайыбының өтініші бойынша өзінің полицейде істейтін правосын осы мүддеге пайдаланған. Сөйтіп, бұлардың әрқайсысы өздерінің қолдарынан келген жағдайды барынша елінің мақсатына жұмсай алды. [7, б.5]

Хұсни-Жамал өзінің шәкірттерінен көп үміткер еді, сол үміт сәулесін өз көзімен көріп үлгерді. Шәкірттерінің бірі қоғам қайраткері, тағы сол сияқты өз заманының бір кезекті кірпіші болып қаланудағы апамыздың үлесін көріп, бағалау парыз деп білгеніміз жөн. Әмина апайларды ізгілікке үйреткен үлгілер қазіргі жағдайымыздың тілімен айтсақ, методикалық нұсқау сияқты ережелермен таныстыруды мақсат етеді. Онда үйде,

қоғамдық орындарда, түзде қалай жүріп-тұру керек, кісімен сөйлесу, үлкенді тыңдау, құрмет көрсету, кісіге қамқорлық жасау, біреудің сөзін бөлмеу, тыңдап, көрген-естігеннен қорытынды шығару, осыларды өз өмірінде пайдалану, көп оқуға талаптану, сол сияқты киім кию,оның қонымдылығын қадағалау немесе өз бойын күте білу т.б. толып жатқан күнделікті тірлікте керекті әрекеттерді қалыптастыруға бағыт-бағдар берерлік тәрбиеші-ұстаздың атқарған жұмыстары ұшан-теңіз. Осының бәрі біздің бүгінгі күндерімізге де қажет-ақ. Өкініш сол, киінгі 15-20 жылдың ішінде бұл тәртіп-жүйеден жұрдай болып барамыз. Сонда біздер мәдениеттіліктің шыңына шығып болдық па? Шыға қойған, бола қойған жоқпыз-ау...

Хұсни-Жамал тек ақыл айтып қана қоймай, жастардың барар жолын мензеп отырды. Ол анығында әр адам өзінің жас өзгешелігіне қарай қай жерде қалай ұстаулары жөнінде кеңестерін де аямайтын. Белгілі транспорттардың ішінде (автобус, трамбай, троллейбус, поезд, т.б) сондай-ақ оқушылар,оқытушылар үшін де арнаулы кеңес берілетін. Мұндай кеңес аялдамада, жаңағы аты аталған көліктерде жапсырылып тұратын қазір осының бірі жоқ.

«Тегінде адам баласы ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрселерден оздым деудің бәрі де ақымақшылық» дегенді басшылыққа алған апамыз Хұсни-Жамалдың қайткен күнде оқу, талмай іздене түсуді мақсат еткендігінен, өмірдегі өз орнын тапқанын көруге болатындай. Сондықтан мұндай жандардың өнегелі өмірін біле жүру бүгінгі ұрпаққа қажет те, парыз да.

Хұсни-Жамал өмірінің соңында Аронқызы Шахзаданың қолында Алматы қаласы Краснина 51 үйде тұрған, оған дәлел Шахзада Шонанованың тергеу протоколында көрсетілген. [8, б.106]

Әдебиеттер тізімі

1. Ысмағұлов М. Бөкей ордасындағы мектептер альбомы БҚОМ қор. №5. 2 том. 682 іс.
2. ҚР мемлекеттік архиві, қор. 502. 1 тіркеу. 03-іс.
3. БҚОМ қор. №5. 2 том. 682 іс, 14-бет.
4. Зияда Қаратаеваның естелігі. ҚР мемлекеттік архиві, қор 502. 1 тіркеу. 03-іс. 15-бет.
5. ҚР мемлекеттік архиві, қор. 502, 1 тіркеу, 03-іс, 17-бет.
6. Рәзия Мендешованың естелігі // Қазақстан әйелдері № 2. 1989.
7. Рахима Сыздықованың естелігі. Хұсни-Жамал. // Орал өңірі 1992, 7сәуір. №265.
8. ҚР.ҚКОМ. Т1. Іс №06007., 106 п.

**ДОЦЕНТ КАФЕДРЫ ИСТОРИИ РОССИИ
АСТРАХАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА, КАНДИДАТ ИСТОРИЧЕСКИХ НАУК**

**О РЕАКЦИИ КАЗАХОВ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ НА
ВЫСОЧАЙШЕЕ ПОВЕЛЕНИЕ ОТ 25 ИЮНЯ 1916 Г. (К 100-ЛЕТИЮ
ВОССТАНИЯ В РУССКОМ ТУРКЕСТАНЕ И СТЕПНОМ КРАЕ)**

Первая мировая война ускорила процесс назревания общего кризиса имперско-монархического устройства Российской империи, одним из проявлений которого явилось восстание 1916 г. в Азиатской России. Непосредственным поводом к восстанию явился Высочайшее повеление Николая II от 25 июня 1916 г. «О привлечении мужского инородческого населения Империи для работ по устройству оборонительных сооружений и военных сообщений в районе действующей армии, а равно для всяких иных, необходимых для государственной обороны работ». Набору подлежало мужское население в возрасте от 19 до 43 лет включительно. Целью повеления являлось обеспечение рабочей силой оборонных объектов и военных предприятий. Это распоряжение не могло не вызвать сопротивления со стороны туземного инородческого населения, до сих пор освобожденного от военной службы и военных повинностей.

Восстание охватило большую часть Азиатской России, прежде всего Русский, или Западный Туркестан и Степной край (т.е. территорию Средней Азии и Казахстана). Отчасти затронуло оно и казахов Букеевской Орды Астраханской губернии. Букеевская (Внутренняя, Киргиз-Казачья, Киргиз-Кайсакская) Орда как государственное образование, возникла в начале XIX в. и просуществовала до середины столетия. В 1801 г., с разрешения императора Павла I (указ от 11 марта 1801 г.), в междуречье р. Волги и р. Урала, на освободившиеся после ухода калмыков (1771 г.) земли переселились казахи - выходцы из Младшего Жуза (Киши Жуз). Это переселение продолжалось до 1803 г. Основным инициатором казахской миграции был султан Букей, сын хана Младшего Жуза Нурали. В Волго-Уральское междуречье он привел 5000 кибиток (семей), а затем прибыло еще 1265 кибиток [1, с. 52; 2, с. 153, 155].

Букеевская Орда, хотя и пользовалась внутренней автономией, находилось в прямой зависимости от Российской империи. Территория, на которой находилось ханство, являлось собственностью России, а хан считался находящимся на службе у русского императора. В 1812 г. в г. султан Букей, уже провозглашённый ханом представителями родовой знати, был официально утверждён в этом статусе имперской администрацией в г. Уральск [3, с. 91-92, 97-98]. После смерти Букея в

1815 г. ханством управлял в качестве регента при малолетнем сыне Букея Джангире султан Шигай, брат Букея. В 1824 г. в ханское звание был возведен Джангир (Джихангир), правивший Ордой до своей смерти в 1845 г. И хотя ханская власть после него не восстанавливалась (для управления казахами был создан «Временный комитет по управлению киргизской ордой»), вопрос о назначении нового наследника хана не снимался в правительственных органах вплоть до середины 1850-х гг. С этого времени можно говорить об окончательном упразднении Букеевского ханства и начале нового периода в истории Букеевской Орды. С середины XIX в. и до 1876 г. Букеевская Орда подчинялась в административном отношении оренбургскому генерал-губернатору, а с 1876 г. вошла в состав Астраханской губернии [1, с. 54; 2, с. 156; 3, с. 16, 18; 4, с. 4, 94; 5, с. 292].

Уже в июле 1916 г. среди казахов Букеевской степи Астраханской губернии начали проявляться волнения по поводу указа от 25 июня 1916 г. Так, в телеграмме астраханского губернатора И.Н. Соколовского из Астрахани управляющему земским отделом от 20 июля 1916 г. говорится: «Среди киргизов (т.е. казахов. – А.С.) явилось несколько тревожное настроение по поводу предстоящего призыва в отряды рабочих на фронт. По произведенному расследованию, виновником смуты является киргиз Кулманов... Кулманов при посещении мною орды 8 июля, когда я объявил высочайшее повеление о призыве киргизов в отряды рабочих, явно обнаружил стремление выговорить совершенно не вызывающиеся потребностью льготы для киргизов, получив с моей стороны отказ и внушение. Ныне, по сведениям моим, Кулманов, собрав с киргизов большие деньги, отправился в Петроград с целью ходатайствовать об освобождении киргизов от призыва» [6].

В дополнении к этой телеграмме губернатор далее уведомлял: «... для исходатайствования отмены реквизиции киргизов из степи выехала в Петроград депутация в составе Гайдула Мукашева, киргиза Торгунской части, уволенного от должности правителя части, Джумгали Карагаева, киргиза Таловской части, также уволенного от должности правителя части; также Батырхана Ниязова, киргиза Таловской части, помощника присяжного поверенного округа саратовской судебной палаты, лишённого права практики, и Мендыханова, уволенного от должности помощника правителя части и ныне служащего во временном совете... Для подавления агитации в степи в распоряжение ордынской администрации мною отправлено три взвода казачьего полка» [6].

При «привлечении» инородцев возникали проблемы, связанные с их перевозом. Материалы официальной переписки астраханского губернатора И.Н. Соколовского свидетельствуют: «... Было приказано в кратчайший срок произвести призыв инородцев для формирования рабочих партий на фронт, я привлек к делу все имевшиеся в моем распоряжении силы и средства и приступил с 10 июля к призыву, но должен был отменить свое

распоряжение, так как ... оказалось, что военное ведомство решительно затрудняется осуществить перевозку принятых инородцев... Мною был объявлен призыв соответствующих инородцев, и к набору таковых уже было приступлено, но сегодня я получил от уездного воинского начальника заявление о приостановлении приема инородцев впредь до получения им плана перевозки от военного ведомства, почему сегодня я вторично вынужден был приостановить набор инородцев. За короткое время я принужден дважды объявлять призыв и дважды его отменять. Продолжать призыв и накоплять на своих приемных пунктах инородцев свыше того, на что эти пункты рассчитаны, я не могу, отменять же призыв считаю крайне нежелательным по следующим причинам: первое - взятый из дома инородец, коему до пункта нужно пройти иногда до 300 верст и затем с пути вернуться, несет совершенно напрасные экономические потрясения; второе - при существующем недовольстве инородцев вообще призывом такие отмены могут вселить предположение о колебании власти и быть использованы личными агитаторами ... для еще большего смущения инородцев. Посему прошу зависящего распоряжения, чтобы военные власти округа давали окончательные и точные заявления о дне и числе инородцев, в кои они на каждый из четырех для Астраханской губернии пунктов воинских начальников могут принять инородцев, и чтобы эти заявления не подвергались изменениям. Подобные заявления военные власти должны давать не менее как за десять дней до приема ими инородцев, так как ранее этого срока призвать инородцев и выполнить все санитарные требования, включая пятидневный карантин, невозможно» [6].

Значительную роль в инициировании и организации казахских волнений в Орде сыграли некоторые представители казахской интеллигенции. Среди них: Б. Кулманов, С. Мендешев, Н. Залиев, М. Сарсанбиев.

Упомянутый выше Бахтыгирей Кулманов (1858-1919) - султанчингизид, общественный деятель, депутат Государственной Думы Российской империи I и II созыва от казахов Букеевской Орды, член Мусульманской фракции, титулярный советник. Закончил Восточный факультет Санкт-Петербургского университета, работал в штате астраханского губернатора, в 1903 г. был назначен советником Временного Совета по управлению Внутренней Киргизской Ордой. Был правителем Камыш-Самарской части Букеевской Орды [7]. В 1916 выслан из Астраханской губернии за призывы к уклонению казахов от тыловых работ. Из стенограммы закрытого заседания Государственной думы от 13 декабря 1916 г.: «Кулманов был выслан из пределов Астраханской губернии по распоряжению губернатора за то, что 8 июля в Ханской Ставке («столице» Букеевской Орды. – А.С.), поднося хлеб-соль Астраханскому губернатору, просил от имени киргиз предоставить им

разные льготы, вызываемые бытовыми условиями их жизни» [8, с. 359]. Это и стало формальным поводом для его высылки. Впоследствии Б. Кулманов был одним из лидеров партии «Алаш», принимал активное участие в работе правительства Алаш-Орды.

Сейткали Мендешев (1882-1938) - государственный и общественный деятель. В 1903 г. окончил Казанскую учительскую семинарию, затем 13 лет работал учителем в аулах Букеевской степи. Тогда Сейткали занялся революционно-пропагандистской работой, распространял политическую литературу, участвовал в организации маевки и демонстраций. Мендешевым было организовано общество народных учителей Букеевской орды, которое ставило перед собой не только профессиональные, но и политические задачи. Сейткали был также членом Астраханского общества взаимопомощи учителей. Летом 1916 г. выступал против мобилизации казахов на тыловые работы в поддержку народных масс, говорил о нежелательности участия казахов на тыловых работах. Вместе с Н. Залиевым, М. Сарсанбиевым проводили агитацию среди населения против царизма, войны, призывали вооружаться и оказывать сопротивление властям. За подстрекательство казахов к неповиновению власти С. Мендешев был заключен на три месяца в астраханскую тюрьму. Отсидев три месяца (с июля по октябрь 1916 г.), он вернулся на родину и поступил на работу счетоводом в потребительское общество в с. Новая Казанка. Впоследствии С. Мендешев стал видным советским партийным и государственным деятелем, первым председателем ЦИК Киргизской (Казахской) АССР в составе РСФСР со столицей в Оренбурге [9, с. 518; 10].

Часто волнения букеевских казахов были ответной реакцией не столько на Высочайшее повеление, сколько на злоупотребления со стороны местных властей, пользующихся сложившимися обстоятельствами для получения взяток. Материалы заседаний Государственной думы в 1916 г. свидетельствуют о «безобразиях, которые творили уполномоченные по набору киргизов Таловской и Камыш-Самарской частей Астраханской губернии Аракчеев, правитель Камыш-Самарской части Карабай, врач Тихомиров, учитель Карабаев, волостной старшина шестой волости Таловской части Хараджан». Ими была установлена «такса за освобождение - от 500 до 10000 руб. Идя навстречу требованиям своего народа, некоторые акасакалы возбуждали ходатайства перед представителями власти о принятии мер, соответствующих условиям их быта. Эти ходатайства в большинстве случаев встречали оценку отрицательную, а сами ходатаи подвергались административным

взысканиям, арестам и ссылкам» [8, с. 358]. Примечательно, что среди имен взяточников фигурируют как русские, так и казахские.

В целом, можно отметить, что восстание 1916 г., хотя и сопровождалось некоторыми волнениями букеевских казахов, не привело к их массовому выступлению, вследствие, видимо, удаленности Орды от основных очагов восстания, «внутренним положением» в составе Российской империи, отсутствием русских переселенческих поселений, оперативных действий местных властей.

Список литературы:

1. Евреинов А. Внутренняя или Букеевская киргиз-казачья орда // Современник. СПб., 1851. № 10. Т. XXIX. С. 52
2. Небольсин П.И. Очерки Волжского низовья. СПб., 1852.
Білім беру реформасының бастапқы концепциясы Жәңгір хан сөзімен айтқанда: «Біздің қазаққа да бір нәрсеге ден қойып, білім алып, қаранғылық халден шығатын кез жетті, бұл істің бастамасын мен мектеп ашу арқылы жүзеге асырғым келеді» - деуге болады.

Бұл, Жәңгір ханның ағартушылық саласына еңгізген алғашқы реформасы. Алайда, бағдарламаға сай емес, орыс тілің білмейді деген түрлі сұлтауды негіз қылған патша әкімшілігі қазақ балдарын жоғары оқу орындарына оқуға рұқсат бермейді. Соңдықтан, Жәңгір хан қазақ-орыс мектебін ашуды қолға алады және осы жолда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізеді.

1840 жылы, мектеп ғимараты бой көтерген мен, байлар мен жайсандар, төре мен қожалар, старшындар мен рубасы ақсақалдар, билер мен батырлар өз балдарын оқуға жібермеген соң 1840-1841 оқу жылы басталмай жатып, жабылып қалады. Сондықтан, Жәңгір хан үгіт насихат жұмысын қолға алады. Аға тумасы Шоқа Нұралихановқа жазған хатында: «Егер ғылым да үлкен пайда әкелетін болса, біздің ұрпақтарымыздың білімсіз өмір сүруі мүмкін емес. Егер барлық еңбек пен қаржы жасөспірімдердің білім алуына жұмсалса, берер жемісі де жүз есе болмақ.» - дей келе, Жәңгір хан ел арасында түсінік жұмыстарын жүргізуді міндеттейді. Сөйтіп, алғашқы қазақ-орыс мектеп жұмысын бастап кетеді.

Екінші кезең, 1841 жылдың 6 желтоқсанында хандықта тұңғыш қазақ балаларына арналған мектептің ашылуынан бастап, 1868 жылы діни білім беретін мектептерге шектеу қойылып, орысша-қазақша білім беретін бастауыш мектептер ашуға дейінгі аралықты қамтиды. Оның ерекшелігі деп көп ғасырлық қазақ хандарының тарихында білімсіз елдің болашағы жоғын жақсы түсінген Жәңгірдің Ордада халық ағарту ісіне ерекше қамқорлық жасауы. Оның Орда халқын сауаттандырып, өркениетті елдердің қатарына шығарсам деген арманы өзіне маза бермеген. Елге үлгі көрсетіп, алты ұлы мен екі қызына орысша-қазақша білім беріп, қарауындағы елдің де балаларын оқытуға үгіттеген және көмектескен.

Осы жерде, Абайдың 41-ші қара сөзін ақыл-оймен сараласа. 1897 жылы Абай қырық бірінші қара сөзінде: «Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі нәрсе керек. Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп, бірін бұл жолға салу керек, дүниеде көп есепсіз ғылымның жолдары бар, әрбір жолда үйретушілерге беріп сен бұлжолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хәтта қыздарды ең болмаса мұсылман ғылымына жіберсе, жақсы дін танырлақ қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді.

Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек. Аталарын паралап, балаларын алып, бастапқы айтқандай жолға салып, тағлым берсе, сонда түзелер еді. Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып көндіретілік күш-қуат ешкімге бітпейді. Ол баланы қазақтың бәрін паралап көндіретілік дәулет бір кісіге бітуге мүмкін емес. Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен не жырлап, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін

емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтімен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген.

Өздерінің ырбаны бар ма, пыш-пышы бар ма, гуілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма – сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе деп ойламайды, ойласа да бұрыла алмайды, егер сөз айтсаң, түгел тыңдап тұра алмайды, не көңілі, не көзі алаңдап отырады. Енді не қылдық, не болдық!»

Жәңгір ханның ағартушылық саласындағы кезекті реформасының оң нәтиже беру себебі, осы аталмыш екі нәрсе болғандықтан болар. Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында болды. Екінші - қарамағындағы халықтан бірегей салық жүйесі арқылы, яғни тек қана зекет және соғым жинау арқылы қазнасы мол, дәулетті хан болды. Есепсіз бай болмаса да, қолында дербес саясат жүргізуге, ел билеуге жеткілікті қаражаты болған. Саясаткер, дипломат, меценат және ғылымды дамытуға үлес қосқан, жеті жұрттың тілін білген азамат – Жәңгір ханның барлық ой-арманы тек қазақ халқының өркендеуі, дамуы жөнінде болды.

Жәңгір хан мемлекет қайраткері және дипломат ретінде әртүрлі мекемелермен және тұлғалармен 6 мыңға жуық хат жазып, хат алысып отырған. Оның бәрін хан кеңесі арқылы өткізген. Бұл кең көлемдегі хат жазысу, бүгін Жәңгір ханның мемлекет қайраткері ретінде көп мәселемен айналысқандығын дәлелдейді.

Ал, үшінші кезең 1868 жылдан 1917 жылғы ақпан-қазан төңкерістеріне дейін қазақ жастарының орысша білім алуға қарқынды жүргізілген кезеңі деуіміз керек. Бөкейлік қазақтар балаларын оқытып, білім берсе, оларға өмірлік азық екенін түсінген. Сондықтан, Орданың көптеген ірі елді-мекендерінде бір сыныптық орысша-қазақша аралас оқитын мектептер ашылып, оларды педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіп, материалдық-әлеуметтік жақтарын жақсартуға жағдай жасаған.

Сондықтанда болар оның туған топырағында еуропалық білім беретін бастауыш мектеп ашу ниеті 1826 жылдың өзінде басталған. Орынбор шенеуніктеріне, әдейі Орынбор әскери губернаторы П.К.Эссенге, Ордада қазақ балаларына арнап орыс тілінде білім алатын мектеп ашу қажеттігін дәлелдеп әлденеше рет хат жазған. Жәңгірдің ойы бойынша ондай мектеп қазақ балаларының Қазан университеті мен Орынбордағы Неплюев кадет корпусына, Ресейдің басқада оқу орындарына оқу үшін дайындық беруге тиіс болған. Жәңгірдің көптен ойлаған арманы іске асып, 1841 жылы 6 желтоқсанда Ордада екі кластық мектеп шаңырақ көтерді. Ол архив құжаттарында училище деп жазылғанмен халық аузында «Жәңгір мектебі» болып аталып кетті.

Осы мектептің табалдырығынан 25 оқушының алғаш аттағанына биыл 175 жыл толады. Бұл аз уақыт емес. Өкінішке орай кеңестік шектеу кезінде Ордадағы алғашқы ашылған мектеп Жәңгір ханның тікелей беделімен, жеке қолдауымен ашылып, халық аузында «Жәңгір мектебі» деп аталғандықтан кеңес дәуірі тарихында оның атын шығармай қойған.

Жәңгірді қазақ жерінде мектеп ашқандардың алғашқыларының санатына жатқызбаудың да басты себебі, оның хандық лауазымы болса керек.

Қазақстанда алғашқы мектепті Ыбырай Алтынсаринге дейін ешкім де аспаған, мектеп болмаған деген пікір қалыптасқан. Ал Ы.Алтынсариннің өзі «Жәңгір мектебі» ашылған жылы дүниеге келген. Торғайдағы Ыбырай ашқан мектеп 1864 жылы 23 жылдан кейін қазақ тілінде оқитын қазақ балалары үшін ашылған. Осыдан келіп төмендегідей ой туады. Алтынсарин мектеп ашу жұмыстарымен Орынбор әскери генерал-губернаторлығына барып-келіп жүргенде, Жәңгір ашқан мектептің оқу-бағдарламасымен, құрылымымен, оқу базасымен танысып, оның тәжірибелерін пайдалануы әбден мүмкін. Өкінішке орай Ыбырай Алтынсарин де Жәңгір мектебі туралы ешбір дерек қалдырмаған секілді. Мүмкін кеңестік үкімет тұсында ол деректерге көңіл бөлінбеген болар немесе олар жарияланым көрместен жоғалып та кетуі мүмкін. Сөйтіп, қазақ даласында қазақ балаларын алғаш рет оқу-білімге шақырған ұстаз Ыбырай болып қалды. Әрине оған шек қоюға, шүбәленуға болмайды, бұл да шындық. Бірақ Жәңгір ашқан мектептегі шәкірттердің басым көпшілігі дерлік қазақ балалары екенін ескерсек және ханның да көздеген мақсаты қазақ балаларын оқу-білімге тарту сияқты ізгі ниет болғанына түсінікпен қарасақ, сайып келгенде, Жәңгір ханды да қазақ даласында білім мен ілімді таратушылардың бірі деп түсініп, қазақ балалары үшін алғашқы орыс тілінде оқитын мектеп ашқан, өлкенің бір бөлігінде білім дәнін сепкен деп, тарихи шындықты мойындағанмыз абзал. Бұл Ы.Алтынсариннің де, сол тұстағы басқа да ағартушылар мен зиялылардың да беделін бір мысқал төмендетпейді.

Жәңгір бұл мектепті тек ақсүйектердің балалары үшін аспаған. Шәкірттердің бай қуатты ата-аналарының өздері балаларын ақылы оқытудан бас тартқасын барлық шығынды хан қазынасынан шығарып оқытады. Қарапайым халық ішінен шыққан білімге құмар, зерделі жастардың оқуына жол ашқан. Мектепте негізінен арифметика, жағрапия, тарих, орыс тілі, физика т.б. пәндер өтілген. Сонымен қатар шығыс халықтарының мәдениеті мен өнерінің тарихы, араб, шағатай тілдері оқытылған, діни дәрістер тыңдалған. Осы жерде бір аңықтама артық етпес деймін. Ресей және Еуропадан келген зерттеушілерге шығыс тілдері, соның ішінде шағатай тіліде татар тілі деп таңылғаны рас. Қазан, Орынбор, Петербург, Астрахан қалаларынан білімді ұстаздар шақырылып, оларға хан толықтай жағдай жасаған. Арнайы мектеп үйін салдырып, оқулықтармен қамтамасыз еткен, оның бірінші меңгерушісі, әрі мұғалімі болып К.Ольдекопты тағайындайды. Патша әкімшілігі малды емде деп әдейі жолдаған ветеринарға, малды ықылым заманнан бері өзіміз емдедік, әлі де баптармыз десе керек. Сол кездегі құжаттар мен деректерге сүйенсек, Жәңгір хан мектептегі оқу сапасын, тәртіп, тәрбие жайын үнемі бақылап, жөн сілтеп отыруды, шәкірттердің сабақтарына, емтихандарына

қатынасуды кішілік санамай, кісілікпен зор ықылас қойған. Жәңгір хан ордалықтарға оқу-білімнің пайдасы жөнінде өзінің ойын жеткізіп, олардың ұмтылыстарын кеңінен қолдап, шәкірттер мен ұстаздарды ынталандыруға қаржысын аямаған.

Бастапқы ойымызды әрі қарай сабақтасақ Жәңгірдің еңбегі еш кетпей, мектеп табалдырығын аттаған шәкірттердің бәрі дерлік жақсы оқыған. Мектепті аса үздік бітіргендердің көбі Орынбор, Петербург, Саратов, Қазан, қалаларындағы жоғарғы оқу орындарын бітіріп, мамандықтары бойынша басым көпшілігі туған топырағында еңбек етсе, кейбіреулері империяның басқа да өңірлерінде қызмет етті.

Жәңгір хан кейде үздік оқыған шәкірттерді шетелге оқуға жіберіп, оларға өз қазынасынан арнаулы стипендиялар төлеп тұрған. Мәселен, жеті шәкірт Стамбулдағы діни семинарияны бітіріп шығады. Осы дәстүр, кейінде өз жалғасын тауып отырған, Ғабдолғазиз Мұсағалиев деген жас азамат Мысыр қаласындағы университетті бітіріп, шығыстағы сегіз елдің тілін меңгерген.

«Жәңгір мектебінде» оқып, кейін ерекше дарындылығымен көзге түскен, үлкен лауазымды дәрежеге жетіп, халқына қызмет еткен зиялы азаматтар аз болған жоқ. Олардың ішінде ел құрметіне бөленгендердің есімдері тарихи деректерде сақталып, халық жадында қалған. Мәселен, Дәулеткерей Шығаев - әйгілі күйші, Бөкей Ордасы ноғай руының билеушісі, қалмақ бөлімінің әкімі; Шәңгерей Бөкеев – аудармашы ақын; Ғұбайдолла Жәңгіров - кезінде Ресейдің телеграф департаментін басқарған, қазақта тұңғыш армия генералы атағын алған; Мұхамбетсалық Бабажанов - Бөкей Ордасын басқару жөніндегі Уақытша Кеңестің кеңесшісі, ғалым, Орыс Жағрапия қоғамының мүшесі; Мұхаметжан (Мақаш) Бекмұхамедов - Бөкей Ордасының I және Теңіз округінің әкімі, этнограф, күйші; Бақтыгерей Құлманов - Бөкей автономиясының басшысы, Уақытша үкіметтің комиссары, I және II Ресей Мемлекеттік Думасының мүшесі, Шығыс тілдері бойынша 1888 жылы қазақтың тұңғыш ғылым кандидаты болған т.б. осындай абзал азаматтардың есімдерін атап қастерлеу тек тарихи жадымызды қайта жаңарту ғана емес, кейінгі ұрпақтардың оларға деген ілтипаты деп те қараған абзал. Бөкей Ордасынан, оның ішінде Жәңгір мектебінен шыққан, халқына адал қызмет жасаған мұғалімдер мен дәрігерлер, заң қызметкерлері мен агрономдар жүздеп саналады. Бұлардың әрқайсысы туралы жай ғылыми мақала немесе баяндама жазу емес, жеке еңбектер жазуға да болады және оған олардың еткен ерен еңбектері сай. Солардың бірі - Қазақстаннан шыққан ғалым-этнограф - Мұхаммедсалық Бабажанов. Оның қазақтар жөніндегі зерттеулері, тарихи мұралары туралы басылымдары жоғары бағаланып, 1862 жылы орыс жағрапиялық қоғамының медалімен марапатталды. Жәңгір мектебінен білім алған жүзден астам ғалым-зерттеушілер шыққан. Олардың ішінде Асан Тайманов сынды жиырмадан астам академиктер

шықты. Жәңгір хан өзінен бұрынғы ата-бабасының алмаған білімін кейінгі ұрпақтарына дарыту бағытында орасан зор еңбек сіңірген адам. Ол өзі өлгенге дейін мектеп шәкірттерінің ұлттық құрамын берік сақтаған. Жәңгір өлгеннен кейін оның мектебін 1848 жылы мемлекет өз қарамағына алып, жыл сайын қажетіне 1404 сом ақша бөліп тұрған. Осы жылдан бастап мектепте орыс балалары да оқи бастаған.

Жәңгір хан дүниеден өткеннен кейін де ол ашқан білім бұлағының арнасы кеңейіп өсе береді, көптеген қазақ зиялылары осы мектептен білім алды. 1849 жылы Орал облысында 44 болыстық қазақ-орыс мектептері жұмыс істеді. Оның жетеуі «Жәңгір мектебінің» негізінде жаңадан ашылды. Оқушылардың жалпы саны 2 мыңға жеткен. 1879-1880 оқу жылына «Жәңгір мектебі» аты өзгертілмей халық Ағарту Министрлігінің қарамағына өтіп, екі сыныптық ауылдық училище болып қайта құрылды. Халықтың білімге деген құштарлығы жыл сайын өсіп, бұрынғы оқу орындары тарлық жасап, жаңадан тағы да мектеп ашу қажеттігі туды. 1895 жылы «Жәңгір мектебінің» негізінен ашылған мектептердің саны 14-ке жетті.

Орда мектептеріне бақылау мен басшылықты одан әрі жақсарту мақсатында оқу ісі инспекциясы құрылып, оның басшылығына ғалым А.Е.Алекторовтың тағайындалуы Ордадағы халық ағарту ісінің жедел қарқын алуына үлкен әсер еткен. 1883 жылы Ордада, қазақ даласында тұңғыш рет Хусни-Жамал Нұралиханова басшылық еткен қазақ қыздары үшін бастауыш училищенің ашылуына көп еңбек сіңірген де осы А.Е.Алекторов болған. Бұл училищеде 1883-1889 жылдар арасында оқыған қыздардың саны мынадай: 1883 жылы 7 қазақ қызы, 15 орыс қызы, 1885 жылы 6 қазақ қызы, 16 орыс қызы, 1886 жылы 4 қазақ қызы, 14 орыс қызы, 1888 жылы 4 қазақ қызы, 14 орыс қызы, 1889 жылы 3 қазақ қызы, 13 орыс қызы. Жеті жыл ішінде барлығы 96 қыз оқыса, оның 24 қазақ қызы, 72 орыс қызы.

«Қазақ қыздарының оқуға деген қабілеті, ынта-зейіні, үлгерімі керемет айтарлықтай болды», - дейді кейіннен Орда мектептерінің бақылаушысы болған Вознесенский. Бұл қыздар мектебінен шыққан түлектер арасынан қоғам қайраткерлері - Аққағаз Досанова, Алма Оразбаева, қазақ қыздарынан тұңғыш металлургия инженері Мәдина Бегалиева, тұңғыш жоғары дәрежелі білімді дәрігер Мүбна Ниязова сияқтылар халқына қалтқысыз қызмет еткен.

Жоғарыда аталған оқу орындарынан басқа, 1898 жылы 4113 оқушысы бар 198 медресе жұмыс жасаған.

Кезінде Жәңгір хан Қазан университетімен тығыз байланыста болған. 1834 жылы 23-ші сәуірде университет басшылары Жәңгір ханды

мәртебелі қонақ ретінде қабылдап, сол кездесуде ол қазақтың тарихы, дәстүрі жөнінде студент жастармен әңгіме өткізіп, дәріс оқыған, өзін үлкен білімдар адам ретінде көрсеткен. Сондықтан да болар Жәңгір хан «Қазан университетінің құрметті» мүшесі атағына ие болған. Қазан университетінің ғалымдары К.Ф.Фукс, А.К. Қазымбек алысқан хаттарында ол қазақ халқының шежіресін жазып жүргендігін, аяқтағаннан кейін университетке жолдап, ғалымдардың нақты сын-ескертпелерін тыңдап, тарихи, ғылыми деңгейі жоғары жинақ етіп шығарғысы келетінін ескертіп жазған. Бірақ, ол арман орындалмады. Деректерге қарағанда шежіре қолжазба күйінде Қазан университетінің сирек қорында сақтаулы көрінеді. Бұның ақиқатын анықтау да тарихшы ғалымдарымыздың, кейінгі ұрпақтың бабалар алдындағы парызы. Егер бұл ақиқат болса, мүмкіндігінше түп нұсқасы болмаса көшірмесін алып, қазақ халқының рухани мұрасына айналдырып, ғалымдардың зерттеу жұмыстарына пайдалануға әбден болар еді. Бұл, революцияға дейінгі қазақ халқының сауаттылық деңгейі туралы қалыптасқан жалған тұжырымды жоққа шығаратын да құжат.

Жәңгір хан әкесі аманаттаған Бөкей Ордасының жерін, картасын сыздырып, шекарасын белгілеп, патша үкіметінің талабы бойынша «ішкі қазақ Ордасы» деп атасада, қазақ жері екенін заңдастырып кеткен. Соның айғағы, бүгін Батыс Қазақстан облысының бұрынғы Орда ауданы Бөкей Ордасы ауданы деп аталады. Осы жер үшін өмірінің ақырғы кезіне дейін Жәңгір ханның еңбек еткенін, әсіресе оқу-ағарту саласындағы еңбегін көрсету, өткенге топырақ шашпай, бабаларымызға тағзым ету кейінгі ұрпақтың борышы деп түсінейік.

Бөкей Ордасының тарихы қилы кезеңдердің, сынды саясаттардың бәріне төтеп беріп, елдігімізге берік кірпіштей қаланған киелі жер, бүгінгі тәуелсіздігімізге тәбәрік болып ұласқан ата мекен - Орда жері. Ол Ресей империясы құрамында қала отырып, жергілікті халықтың ұлттық белгілері сақталып, жерге иелік-заңдық мәртебесіне ие болды.

Тағы бір деректерге қарағанда Жәңгір хандық құрған кезеңде Орда өңірін зерттеуге келген Ресей ғалымдарына өз тарапынан қамқорлық жасап, өлкенің табиғаты, жер үсті байлығы, дәрі-дәрмектік шөптер туралы көп мәліметтер берген. 1830 жылы хан инженер Тафаевқа Еділ-Жайық екі өзен аралығының топонимикалық картасын жасатқан. Сол еңбегін жоғары бағалағанына дәлел, Тафаев картаның түпнұсқасын табыс еткенде Жәңгір хан саусағынан ірі ғаухар тасымен әшекейленген «печатка» - жүзігін сол

сәтте сыйлаған екен. Ордаға келген ғалымдар мен саясатшылар өздерінің жұмыстарында осы картаны негізге алған.

Жәңгір хан мектебінің (1841ж.) түлектері өлкеміздің және Қазақстанның қайраткерлеріне, Алаш қозғалысы мен Алаш Орда автономиясының белді мүшелеріне, Ресей мемлекеттік Думасының депутаттарына, ағартушы және ғалымдарға айналды. «Қазақстан» газетін шығарып, бұл сөзді қазақ лексиконына алғаш рет енгізді.

Оның еңбектерімен қазақтың жана заңнамасының жинағы дайындалды. Шарифаттың – «Мұқтасар» нұсқасы араб және аудармасы орыс тілінде жалпы саны 4568 дана кітап, қазақ тарихында алғашқы рет Қазан университетінің баспаханасында жарық көрді. Барлық жаңаны жинай жүріп ол ағарту ісі мен имандылыққа тәрбиелеу негізінде қазақ халқының этникалық ерекшеліктері мен ділін сақтай алды.

Өмірлік ұстанымын мына ой-орамымен өрнектеген Жәңгір хан: «Мен әлемді найзаның ұшымен емес, қаламның ұшымен билеймін. Ол, үшін мектеп ашып ұрпақты білім-ғылымға баулаймын» деген екен.

Осылай, өзге өркениетке енуі және жаһандану қажет еткен өмірдің жаңа талаптарын үйренуі үшін өзінен қажеттінің бәрін жасай келе, қазақтардың дәстүрі мен мәдениетін сақтап қалды.

«Тәуелсіздік таңы арайланған 1991 жылы ғана 150жылдығы мерекеленіп, 1999 жылдың желтоқсанында Жәңгір есімі қайтарылды. Тарихи әділеттілік орнады, ұлтының даналық ұйғарымы нәтижесінде білім ұясы өзінің іргесін қалаған тұлғаның рухымен қайта қауышты.... Иә, Қазақтың әр ханының қасқа жолы бар. Қасым ханның қасқа жолы. Есім ханның ескі жолы. Абылайдың азаттық жолы. Кенесарының күрес жолы. Жәңгір ханның білім жолы!»[1]

Әдебиет:

1. Тілекқали Боранғалиұлы «Жәңгір хан». «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 191-192 бет

ГЕНЕРАЛЬНЫЙ ДИРЕКТОР ТОО "ТАТ-АРКА" Г.АСТАНА

**МЕТРИЧЕСКИЕ КНИГИ ВНУТРЕННЕЙ КИРГИЗСКОЙ
(БУКЕЕВСКОЙ) ОРДЫ**

Метрические книги для мусульман были учреждены в 1828 г. и велись вплоть до 1918г. [1] По Букеевской орде метрические книги встречаются уже с 1860-х годов. Метрические книги Букеевской Орды делятся территориально по 7 округам (Калмыцкая часть, Торгунская часть, Таловская часть, Камыш-самарская часть, Нарынская часть, 1-й Приморский округ, 2-й приморский округ), велись по родам, старшинствам, мечетям или отдельно по имамам.

Известно, что метрические книги Букеевской орды хранятся в Государственном Архиве Астраханской Области [1] и в архиве Оренбургского Магометанского Духовного Собрания в г. Уфа. Возможно метрические книги Букеевской орды находятся на хранение в архивах Алматы, Уральска и Атырау.

Работа с метрическими книгами осложнена тем что они написаны арабским алфавитом, который часто трудно разобрать. Для ориентирования в метрических книгах нужно знать, что Букеевская орда состояла из примерно 20 родовых групп [2]. Официальный учет населения, его обложение и управление велось по родам. Каждый род имел свою уникальную тамгу, в метриках используются тамги описанные в работе А. Харузина [3]. Так же можно использовать информацию из Адрес-календарей Астраханской Губернии [4], где указывались перечень старшинств и волостные старшины Букеевской орды. Очень помогает следующая таблица расселения родов по округам и старшинствам, указанная в статистическом очерке Внутренней Киргизской Орды [5].

Названия родов	Калмыцкая часть	Торгунская часть	Таловская часть	Камыш-самарская часть	Нарынская часть	1-й Приморский округ	2-й Приморский округ
	Номера старшинств						
Султанский	2, 7	3	4, 5, 8	1, 3	7	-	1, 7, 10
Ходжинский	2, 7х	-	4	1, 7	10	15	10
Кете	1, 2, 5, 7	5, 9	1, 2	-	-	8	7, 13х

Кердери	5	2, 5, 11	1, 3, 4, 6, 8	10, 13	-	8, 15	-
Байбакты	1	3	1, 6, 7	1х, 2, 7, 11х, 16	8, 9, 10х, 11	-	8
Адай	1, 2, 7	3, 5	1, 5, 6, 8	3, 5	-	4х, 5, 6, 15, 16, 7, 9, 10	-
Берш	1, 2, 3, 5, 6	3, 5, 10, 11, 12	1, 6, 8	2, 3, 5, 10, 14	1, 2, 4, 7	1, 2, 3, 7, 11, 12, 13, 14, 15	6х, 10, 11, 14
Алаша	1	5	1, 3, 4, 5	2, 3, 5, 6, 11, 12, 13, 14	1, 6, 12	8, 15	5, 7
Ысык	1, 2, 5	5	4, 6	2, 4	-	-	7, 12, 14
Шеркеш	1, 2, 4, 5, 6, 7	1, 7, 8, 9	1, 2, 3	2	-	-	1, 2, 3, 4, 7, 14
Жаппас	2, 4х, 5	5, 6	1, 2, 3, 4, 6, 8	12	-	8	7, 9, 10
Кызылку рт	-	10	-	3	3, 5	-	11х
Маскар	1	5	5	15х	8	-	6, 9, 13
Есентеми р	1, 2	-	2, 6, 8	-	-	9, 15	14
Тана	-	3, 5, 10, 11, 12	4, 5, 6	2, 3, 6х, 7, 8, 9, 13, 14	-	-	-
Тама	2	-	2, 3	3	-	8, 15	9
Табын	1	11	4, 8	14	-	15	10
Каракалп ак	7	5	1, 4	-	-	-	-
Ногай	1, 3	1, 2, 3, 4, 5, 11	1, 2	-	-	-	10

Примечание: х около номера старшинства означает, что род преобладал в этом старшинстве; жирный шрифт означает, что старшинство состояло исключительно из этого рода.

Содержание метрических книг Букеевской орды

Титульный лист

На титульном листе метрической книги указано:

- Порядковый номер метрики;
- Ведомство по управлению Внутренней Киргизской Ордою;
- Округ Букеевской Орды;
- Номер старшинства, иногда род (ру) и подрод (тайфа);
- Имя муллы;
- Год

Рождения

Часть первая о родившихся					
Место	Родители	Дата	Имя	Девочка	Мальчик

Место – Указывалось место где кочевало отделение рода (старшинство) на момент рождения.

Родители – Указывался род (ру) и подрод (тайфа) отца родившегося, имя и отчество отца, имя и отчество матери, иногда указывался род матери. В более поздних метриках род уже не указывается, вместо него указывался номер старшинства из которого были отец и мать.

Дата – В ранних метриках указывались названия месяцев из иранского солнечного календаря (hamal, sawr, dzhawzd, saraton, asad, sonbala, mizan, aqrab, qaws, dzhadi, dalvae, hut). В более поздних применялся уже григорианский календарь.

Далее указывалось имя, пол ребенка и порядковый номер записи.

Браки

Часть вторая о браках					
Имам	Условия брака	Свидетели и представители	Дата	Имена жениха и невесты	номер

Имам – Указывалось имя имама. Указывались род (ру) и подрод (тайфа) к которому был приписан имам (чаще имам был из этого же рода).

Условия брака – Указывался размер калыма. Чаще всего в качестве калыма шли верблюды, коровы, лошади, бараны.

Свидетели и представители – Указывались имена представителей жениха и невесты, чаще всего это были их отцы или близкие родственники. Так как брак обычно регистрировался в старшинстве невесты, то свидетелями брака приглашались мужчины из этого же старшинства. Иногда бывало, что были свидетели и из старшинства жениха. Свидетели ставили тамгу своего рода.

Имена жениха и невесты – Первым указывались род и подрод невесты, её отец и возраст невесты. Далее род и подрод жениха, его имя, отчество и возраст. Иногда в метриках встречается указание первый или не первый брак жениха или невесты.

Дата брака – дата брака указывалась по иранскому солнечному календарю, а позднее по григорианскому календарю.

Разводы

Часть третья о разводах					
Имам	Свидетели	Причина	Дата	Имена разводившихся	номер

Имам – Указывалось имя имама. Указывались род (ру) и подрод (тайфа) к которому был приписан имам (чаще имам был из этого же рода).

Свидетели – Указывались имена свидетелей их родовая принадлежность. Свидетели ставили тамги своего рода.

Причина – Указывалась причина развода. Наиболее частыми причинами развода назывались утрата любви и непослушание.

Дата - дата брака указывалась по иранскому солнечному календарю, а позднее по григорианскому календарю.

Имена разводившихся – Первым указывались род и подрод мужа, его имя и отчество. Далее род и подрод жены, её имя и отчество.

Смерти

Часть четвертая об умерших						
Место	Причина	Возраст	Дата	Имя	Женщина	Мужчина

Место - Указывалось место где кочевало отделение рода (старшинство) на момент смерти.

Далее указывалась причина смерти, возраст покойного.

Дата - дата брака указывалась по иранскому солнечному календарю, а позднее по григорианскому календарю.

Имя – Указывались имя и отчество умершего. Если умирала женщина иногда еще указывалось имя её мужа.

В конце ставился порядковый номер записи.

Концевой титульный лист

Указывался год, в который велись записи, ставилась подпись муллы количество листов. Метрическая книга прошивалась и опечатывалась сургучной печатью канцелярии.

Метрические книги помогут установить даты и места рождения или смерти известных личностей Букеевской орды живших в период с 1860-х по 1916-е года.

Изучение метрических книг помимо восстановления генеалогической информации дает возможность определить более точные места кочевок родов, какая была продолжительность жизни, насколько высока была рождаемость, от чего умирали, взаимодействие родов друг с другом (на основании данных о браках) и другие статистические данные.

Литература

1. Р.М. Атнагулов, Краткий обзор магометанских метрических книг, <http://www.bastanovo.ru>
2. Электронные описи ГКУ АО "Государственный архив Астраханской области" <https://archive.astrobl.ru/page/gku-ao-gosudarstvennyy-arhiv-astrahanskoy-oblasti> (Ф-115 Временный совет Управления внутренней киргизской орды Астраханской губернии);
3. Списки населенных мест Российской Империи, Астраханская губерния, Спб. 1861 г.;
4. А. Харузин, Киргизы Букеевской орды (Антропо-Этнологический очерк), Москва 1889г. (стр. 150.);
5. Адрес-календари Астраханской губернии 1910-1916 г.;
6. Внутренняя Киргизская Орда (краткий статистический очерк), Астрахань, 1891 г. (стр. 4-5).

**ТАРИХШЫ, ӨЛКЕТАНУШЫ, ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР
ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ**

«БӨКЕЙДЕГІ ТҰНҒЫШ ҚАЗАҚ ҮКІМЕТІ»

Тұнғыштардың отаны саналған өлкеміз – Бөкей Ордасында санқилы тарихи оқиғалардың өткені белгілі. Солардың қатарында күні кешеге дейін жан – жақты жазылып та, айтылып та келген Кеңестер Үкіметінің 1917 жылы 2 желтоқсанында өлкемізде тұнғыш болып орнауы еді. Менің 1993 жылы Абай атындағы Алматы Мемлекеттік Университетінің тарих және құқық факультетінің бітірген кездегі жазған дипломдық жұмысының негізгі тақырыбы мен басты бағыты осы – «Бөкей Ордасындағы Совет үкіметінің орнауы және нығайуы» болатын. (Т.Шәріпқалиев тарихшы – өлкетанушы) Бірақ одан бір жыл бұрын дәлірек айтсақ, 1917 жылы 21 сәуірінде ұлт зиялыларының ұйымдастыруымен Бөкей ордасы қазақтарының алғашқы съезі өткізіліп, сол съез шешімімен – «Бөкей ордасы Орталық Атқару Комитеті» құрылған еді. Енді тарихымыздың осы әлі зерттеліп ашылмай жатқан «ақтаңдақ» беттеріне қолдағы бар мұрағат құжаттары мен сол оқиғаға қатынасқан адамдардың естеліктерін және кейбір зерттеушілердің еңбектерін пайдалана отырып, оқырман назарына жаңа қырынан ұсынуды жөн көрдік.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін патша тақтан тайдырылып, елдегі билік Уақытша Үкіметтің қолына көшкені белгілі. Бодандықтың бұғауының босаңсыған осы бір тұсында көкірегінде ұлттық намысы бар қазақ оқығандары қол қусырып отыра алмады. Ұлттық саяси – қоғамдық ұйым – қазақ комитеттерінің өмірге келуі, тұнғыш ұлттық саяси «Алаш» партиясының құрылуы мен автономия үшін күрес, Құрылтай жиналысына дайындық сияқты оқиғалар тізбегі осы Ақпан төңкерісінен кейінгі қазақ зиялыларының атқарған шаралары болатын.

Ресей империясының басына келген Уақытша Үкімет алғашқыда ұлттық аймақтардың өзін-өзі билеу құқығын мойындап, барынша қолдау көрсеткенімен, іс жүзінде барлық ұлттық аймақтарда бұрынғы патша үкіметінің басқару жүйелері сақталып қалды. Жергілікті жерлердегі бұрынғы патшалық әкімшілік құрылымдар Уақытша Үкіметтің жергілікті жерлердегі билік органдары болып танылып жатты. 1917 жылы Астраханда жұмысшылар мен солдаттардың қатынасуымен митинг өтіп, бұрынғы патша үкіметінің таратылуын талап етеді. Олар қалалық буржазия өкілдері мен эсер партиясы өкілдерімен бірлесе отырып казак генерал-майоры Ляховтың төрағалық етуімен губерниялық атқару комитетін

құрып, Астрахан губерниясында және оның барлық аймақтарында Уақытша Үкіметтің билігін халық атынан өз қолдарына алғанын жариялайды. Осы комитеттің шешімімен Уақытша Үкіметтің Астрахан губерниясындағы комиссары болып, жергілікті казак корпусының генералы Бирюков тағайындалады. Соған сәйкес, ол Астрахан губерниясындағы Уақытша Үкіметтің саясаты жүргізіле бастаған болатын. (Х.Ирмуратов «Октябрь в ауле. Волгоград. 1967 ж) Бұл тұста Астрахан губерниясына қарап келген Бөкей ордасын бұрынғы патшалық әкімшілік – «Уақытша Кеңес» басшылық ететін еді. Уақытша Үкіметтің Астрахан губерниясындағы комиссары Бирюков Бөкей ордасын басқаратын Уақытша Кеңестің төрағасы И.Г.Подгорскийге жеделхат жолдай отырып оның Уақытша Үкіметтің жергілікті жердегі комиссары болып тағайындалғанын соған сәйкес, жергілікті жерде сол үкіметтің саясатын жүргізуді хабарлайды. Соған орай, Бөкей ордасындағы бұрынғы Уақытша Кеңес ел ішіндегі Уақытша Үкіметтің жергілікті жердегі билігін атқаратын өкілетті органы болып танылды. Бірақ, казак даласындағы бүкілказактық съездер өткізу, онда болашақ казак елінің басшылық билігін айқындау жөніндегі өзекті мәселелер алда өткізілетін Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының еншісіне қалдырылғандықтан, комиссар Подгорский мен ол басқарған Уақытша Кеңес тарапынан қандай да бір нақты шаралар атқарыла қоймады. Жалпы комиссар Подгорский казак даласындағы отаршылдық саясатты жүргізуші бұрынғы патша үкіметінің билік органының өкілі болғандықтан мұндай жаңа істерді жүргізуге мүдделі емес те болатын. Сондықтан, Бөкей ордасының жергілікті халқы тарапынан Астрахан губерниялық комиссары Бирюковқа комиссар Подгорскийді қызметінен босату оның орнына басқа халыққа беделді адамды тағайындау жөнінде жазбалай арыздар түсіп жатқан еді. (С.Сүйінов «Қайраткер. Құлманов» Алматы. 1997ж) Осы жағдайларды тексеріп анықтау үшін Астрахан губерниялық комиссары Бирюков өзінің көмекшісі Абдолла Каримовты Бөкей ордасына жібереді. Ел ішіндегі шиеленісіп келе жатқан саяси жағдайларды жіті танысып, тексерген А.Каримов комиссар Бирюковқа «Бөкей ордасының халқы Уақытшы Кеңесті мойындап отырған жоқ. Оның төрағасы Подгорскийді Уақытша Үкіметтің жергілікті жердегі комиссары етіп тағайындағанымыз біздің басты қателігіміз. Осындай келеңсіздіктерді жою үшін комиссар Подгорскийді қызметінен алып, оның орнына казактардың ішінен беделді бір адамды тағайындау қажет. Ондай адам бұрынғы Дума депутаты Бақтыгерей Құлманов» деп жеделхат жолдайды. Осы хабарды алған комиссар Бирюков Подгорскийге тез арада қызметін тапсырып, Ордадан кетуін талап еткен екен. Соған орай, Уақытшы Кеңестің төрағасы Подгорский мен оның екі кеңесшісі Климов пен Болдырев қызметерінен шеттетіліп, Орданы тастап кетеді. Бірақ, Бақтыгерей Құлманов жасының егде тартып шығармашылық жұмыспен

отырып қалуына байланысты келісім бермей Уақытша Үкіметтің жергілікті жердегі комиссарлығына заңгер Батырхайыр Ниязов тағайындалады. А.Каримовтың комиссар Бирюковқа жолдаған келесі жеделхатында «Объезжая степь, констатирую, что чувствуется уж абсолютное спокойствие и весьма радостное настроение. Везде эти несчастные, оплеванные, бесцеременно обобранные, забытые нуждой и унижением киргизы дали клятвенные слова сохранить должное спокойствие и выражали готовность всеми силами поддерживать новое правительство. Они ради устранению бывших руководителей, «виновников бесконечных зол»* делінген екен (Сонда: С.Сүйінов «Қайраткер. Құлманов» Алматы. 1997ж). Мұрағат құжаттарынан куә болғандайымыздай, Бөкей ордасының зиялылары болашақта жоспарланған Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын күтіп отырмай-ақ, барлық қисымдары мен округтерінің делегаттары мен Ордадағы өзге ұлт пен ұлыстардың өкілдерінің қатынасуымен өздерінің съезін өткізеді. Съез 1917 жылдың 21 сәуір күні Ордада басталған, съезді, Уақытша Үкімет комиссары Батырхайыр Ниязов ашып, съездің Президиум мүшелері болып: врач Мәжит Шомбалов, Қазан Университетінің студенті Шафхат Бекмұхамбетов, хатшылығына; мұғалімдер Сейтқали Меңдешов, Ғабдулғазиз Мұсағалиев сайланып, төрағалығына бірауздан заңгер Уалидхан Танашев сайланған. Съез, Президиум төрағасының ұсынысымен, молла ахун Қажығали Гайсиннің намаз оқуымен ашылып, онда азаттық жолында қаза болған азаматтарды еске алады. Съезде Бөкей ордасы дәрігерлері атынан М.Шомбалов, Астрахан губерниялық атқару комитетінің атынан Конюхов, солдат Бударин, Орда мұғалімдері атынан Ш.Ақбаев, Астрахан революционер – офицерлері атынан подпоручик Львов, Астрахан мұсылмандар тобынан А.Каримов, Қазан мұсылмандары атынан У.Танашев, Хан Ордасы мұсылмандары екінші приходасынан Мусин құтықтау сөз алып, Торғай облысы қазақтары мен «Қазақ» газеті редакциясы ұжымының, Басқұншақ тұс өндіру промысылы қазақтарының құттықтау – телеграммалары оқылған екен.

– Сонымен бұл Бөкей қазақтарының съезді өткізуі ондағы көздеген мақсаттары не еді? Кейбір зерттеушілеріміздің еңбектерінде келтіріліп жүргендей тек автономия құру мен шектеліп қалу ма еді?

– Мұрағат құжаттары мен сол оқиғаны көзімен көріп, қатысқан ардагер ағаларымыздың еңбектерінен куә болғанымыздай, съезде алдымен бұрынғы Уақытша Кеңес таратылып, құрамы әр түрлі 14 әлеуметтік топ өкілінен жасақталған Бөкей Ордасы Орталық Атқару Комитеті құрылады. Комитет қазақ халқын басқарушы бұрынғы жоғарғы органын алмастыра отырып, өз ісін жеке жүргізуші орган болып танылған. Съез делегаттарының ұсынысымен, Орталық Комитетке жергілікті учаскелік, ұлыстық комитеттермен қатар, жергілікті өзін – өзі басқару, ауыл шаруашылығы, почта, қаржы, жер бағытында жүргізілетін жұмыстардың

жобаларын әзірлеу және әр учаскелік комитеттерде милиция бөлімдерін құру мен басшыларын тағайындау және құрамын жергілікті халық саны мен аумағына байланысты айқындау жүктелген. Сонымен қатар, съез делегаттары Орталық Комитетке жергілікті учаскелік, ұлыстық комитеттермен бірлесе отырып қазақ халқын болашақта өтетін Құрылтай жиналысына дайындау тапсырылған, бұл тұста съез делегаттары болашақ Қазақ елін тең ұлттық Федеративтік Республика түрінде құрылуын қалаған. Осы съезде Бөкей ордасы комиссары болып жоғарғы білімді, халық арасында беделі бар I Дума депутаты Бақтыгерей Ахметұлы Құлманов сайланады. Халық санының көптігі мен жер көлемінің көптігіне байланысты оған көмекшілікке мұғалім Ишанғали Меңдыханов сайланады. Комиссар Б.Құлмановқа Бөкей Ордасы Орталық Атқару Комитетіне басшылық жасау жүктелген. Сонымен іс жүзінде бұл Бөкей Ордасы Орталық Атқару Комитеті аз уақыт өмір сүрсе де жеке дербес Үкіметі деңгейінде қызмет атқарған еді. Бұлай деуіміздің себебі ол тұста қазақ жерінің көп жерлерінде, атап айтқанда Орал, Торғай, Семей, Ақмола облыстарында қазақ съездері өткенімен оларда қаралған мәселелер маңыздылығы жағынан Бөкей ордасы қазақтары съезіндегі қаралып, қабылданған мәселелерден қалыс қалатын еді. Аталған облыстарда өткен съездерінде Алаш зиялылары үшін бірден–бір ұлттық автономия жариялау, земство сайлауын өткізу, милиция жасақтарын құру сынды өзекті мәселелер қаралып қабылданғанымен, Уақытша Үкімет пен большевиктердің қатаң бақылауында болғандықтан оларды іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндіктері болған жоқ. Сонымен біргі, осы съездерден кейін дүниеге келген қазақ комитеттерінің қолында қандай да бір билік пен күш болған жоқ, олар тек сол кездегі қазақ халқының мүддесін қорғау жөнінде құрылған қоғамдық ұйымдар болғандықтан көп жағдайда екі жақты Уақытша Үкіметтің жергілікті органдары большевиктердің ұйымдарына тәуелді болатын.



Бақтыгерей Ахметұлы Кулманов
Бокей Ордасы орталық атқару комитетинин торагасы, комиссары

Ал, Бөкей Ордасында жағдай бұлай болған жоқ, ел ішіндегі саяси, әлеуметтік өзге де жағдай толық ұлт зиялыларының қолында болды және солардың қадағалауымен өрбіді. Комиссар Б.Құлмановтың басшылығындағы Орталық Комитет алғашқы күннен елді ұлттық дербестік пен саяси тәуелсіздікке қарай бұрған екен. Бұған осы Комитетті құру жөнінде өткен 1917 жылдың 21 сәуір күні съездің қабылданған хаттамасының 10 бабындағы – «Центральный Комитет, заменяя высшие, местные органы прежнее управление Киргизским народом, является учереждением самоотсвенным в делах управления Киргизским народом*» – деген жолдар дәлел бола алады. Тағы да бір оқиға, 1917 жылдың шілде айында Астрахан губерниялық жер комитеті мен Бөкей Ордасы Орталық Комитеті арасында жер дауы болып, сол жөнінде Астраханнан келген губерниялық комиссияға Бөкей Ордасы комиссарының көмекшісі И.Меңдыханов «Бөкей ордасы өз алдына бөлек бөлініп кеткенін, сондықтан да Астрахан губерниялық жер комитетінің билігі бұларға жүрмейтінін» мәлімдеген. Мұнан бұрынғы бір құжатта Бөкей Ордасының комиссары Б.Құлмановтың «ешкіммен санаспай, ешкімге бағынбай өз бетінше билік жүргізіп отырғанын. Өзінің Астрахан өлкелілік билігіне бағынбайтын мәлімдегені» көрсетіліпті. Осының өзінің, комиссар Б.Құлманов пен ол басшылық жасаған Бөкей Ордасы Орталық Атқару Комитеті өз алдына дербес Үкімет деңгейінде болған еді. Өкініштісі сол, Бөкей Ордасында құрылған бұл қазақ Үкіметінің тағдыры аса ұзақ болмады 1917 жылдың 1 желтоқсанынан 2 желтоқсанына қараған түні Ордада большевиктік ұйымның астыртын жиналысы өтіп, онда осы бір–ақ, Бөкей Ордасы қазақ Үкіметін құлату жөнінде мәселе талқыланьпты. Сол түні қарулы большевиктік ұйым мүшелерінің күшімен Бөкей Ордасы Орталық Атқару Комитеті құлатылып, барлық жерге тән билік большевиктердің қолына көшкен еді. Оған алғашында осы үкіметті құруға атсалысып кейін большевиктер жағына шығып кеткен Сейтқали Меңдешов, Нұғман.Залиев пен Астраханнан қарулы отряд бастап келген Сейдігерей Нұралиханов сынды зиялыларымыз да өз үлестерін қосқан еді.

– Сонымен, бұл Бөкей Ордасы Орталық Атқару Комитеті сол кездегі қазақ даласындағы алғашқы құрылған Қазақ Үкіметі екенін және аз уақыт қызмет етсе де, қазақтардың өз алдына ешкімге тәуелді болмай өмір сүре алатынын дәлелдеп кетті.

*Мұнда да негізгі құжатта орыс тілінде берілгендіктен қате кетпесін деп сол тілде беріп отырмыз.

*2016 ж 13-15 қазан айында Бөкей ордасы ауданында
өткерілген «Шежіре тұнған құт мекен»
Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның*

РЕЗОЛЮЦИЯСЫ

1. Осындай ғылыми деңгейдегі Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын Хан Ордасында бес жылда ұйымдастырылып өткізу.
2. Конференция жұмысында жасалған және жіберілген баяндама мен мақалалар Жинақ болып баспадан шығару.
3. Қазақстанның ағарту саласындағы алғашқы мекемесі 1841 жылы 6 желтоқсанда Хан Ордасында ұйымдастырылып ашылғаны ғылыми тұрғыда дәлелденді.
4. Бөкей Ордасы қазақ ұлтының қалыптасу тарихында және мемлекеттік басқару институттарын дамытуда алатын орыны ғылыми тұрғыда дәлелденді.
5. Бөкей Ордасы тарихи-мұражай кешенінде, өлкенің ежелгі тарихын зерттеу мақсатында археологиялық нысандарды тауып және оларды зерттеу үшін арнаулы бөлім, ал табылған жәдігерлердің негізінде экспозиция ашу.
6. Бөкей Ордасы тарихи-мәдени мұралар мен табиғи ескерткіштерді зерттеп, насихаттау мақсатында «Бөкей Ордасы энциклопедиясын» жасақтап, баспадан шығару.
7. Бөкей Ордасының тарихи-мәдени және табиғи мұрасын терең, әрі тұғырлы зерттеу мақсатында ғылыми-зерттеу орталығын ұйымдастырып, ашу.

МАЗМҰНЫ

КАЛМЕНОВ М.Д. АЛҒЫ СӨЗ 4

АБДРАХМАНОВА Р.Л. СТАНОВЛЕНИЕ СЕТИ НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ НА ПРИМЕРЕ РАЗВИТИЯ РУССКО-КАЗАХСКИХ ШКОЛ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ 5

АМАЛОВА С.О. ҚАЗАҚСТАНДА АЛҒАШҚЫ ОҚУ-АҒАРТУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ 12

АХМЕДЕНОВ К.М. БАЛЬНЕОЛОГИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ СОЛЕННЫХ ОЗЕР ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА 16

АХМЕДЕНОВ К.М. СОСТОЯНИЕ ПАСТБИЩНЫХ УГОДИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ 22

БАЛЫКОВА А.М. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨНІРІНДЕГІ ҚАЛАЛАНУ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕСІ 27

БАДТРУТДИНОВА М.Ш. ХАН БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ ЖАНГИР – ПОЧЕТНЫЙ ЧЛЕН КАЗАНСКОГО ИМПЕРАТОРСКОГО УНИВЕРСИТЕТА 34

БАДТРУТДИНОВА М.Ш. ПРАВНУК ХАНА ЖАНГИРА – АСКАР АЛИЕВИЧ ШЕЙХ-АЛИ – ИЗОБРЕТАТЕЛЬ ПИШУЩЕЙ МАШИНЫ НА АРАБИЦЕ 41

БАТЫРХАНОВ А.К. ОТТЫ ЖЫЛДАРДАН ОРАЛМАҒАН ОРДАЛЫҚТАР 48

БЕГАЛИНА О. А., НАЛИБАЕВА Г.Р. ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ОҚЫТУ ОРЫНДАРЫ 56

БОРАНБАЕВА Б.С. ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ БӨКЕЙ ӨЛКЕСІ ТАРИХЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ 61

ГОЛОВАЧЕВ И.В. ПЕЩЕРА КЕНЕНБАЙ 66

ДАУЕСОВА А.Ж. ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ГЕНЕРАЛЫ - ШӘКІР ЖЕКСЕНБАЕВ 73

ДУЗБАСОВА А.Ж. БӨКЕЙ ОРДАДАН ШЫҚҚАН ҒАЛЫМ – ДӘРІГЕР
78

ЕРТЕМИРОВ А.С. XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ
БАСЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІ 83

ЗАЛМУКАНОВА А.М. АЛМА ОРАЗБАЕВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН
ҚЫЗМЕТІ 89

ИГСАТОВА Д.З. ИСТОКИ СОЗДАНИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ
ДЛЯ ДЕВОЧЕК В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ (КОНЕЦ XIX – НАЧАЛО
XX ВЕКА) 92

ИШМУХАМБЕТОВ Р.В. ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ
СУБЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП В СОСТАВЕ ЗАПАДНЫХ КАЗАХОВ:
НОГАЙ-КАЗАХИ, КАЛПАКИ, КАРАГАШНОГАИ, ТУЛЕНГУТЫ
97

ҚҰРМАНАЛИН С.Б. ИСАТАЙ МЕН МАХАМБЕТТИҢ ҚАЗАҚ ҰЛТ-
АЗАТТЫҚ КҮРЕС ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ 112

КУРУМБАЕВ А.Ш. КУРУМБАЕВА Ж.Ш. ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ
ГРУППЕ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ НОГАИ – КАРАГАШИ 116

ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ Қ. «ДҰРЫСТЫҚ ЖОЛЫН» ПАРАҚТАСАҚ
120

МЕНДИКУЛОВА Г.М. МЫ ИЗ ОРДЫ: ИЛИ ВСПОМИНАЯ
ВЫДАЮЩИХСЯ СЫНОВ, СРАЖАВШИХСЯ ЗА РОДИНУ ВО ВТОРОЙ
МИРОВОЙ ВОЙНЕ 130

НУРКЕЕВА Л.С. ҚЫРЫМДА ҚАЛҒАН ШЫҢҒЫСХАН НЕМЕСЕ
ҒҰБАЙДОЛЛА ЖӘҢГІРОВТИҢ ТАРИХИ БЕЙНЕСІ 136

СИДАХМЕТОВ С.Е. ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫ ЖӘНЕ ИСАТАЙ
ТАЙМАНҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС 142

СҮЙЕУҒАЛИЕВА Б.Б. ЖӘҢГІР ХАН ТҰСЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ 149

СҮЛЕЙМЕНОВА Д.Д. БӨКЕЙ ОРДАСЫНАН ШЫҚҚАН ҰСТАЗ –
ХҰСНИ-ЖАМАЛ ЗҰЛҚАРНАЙҚЫЗЫ 154

СЫЗРАНОВ А.В. О РЕАКЦИИ КАЗАХОВ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ НА
ВЫСОЧАЙШЕЕ ПОВЕЛЕНИЕ ОТ 25 ИЮНЯ 1916 Г. (К 100-ЛЕТИЮ
ВОССТАНИЯ В РУССКОМ ТУРКЕСТАНЕ И СТЕПНОМ КРАЕ) 162

СЫЗРАНОВ А.В. ИСЛАМ «НОРМАТИВНЫЙ» И «НАРОДНЫЙ»
У КАЗАХОВ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ 167

TABULDIN GIZAT WORLD GENEALOGY OF CHINGIZIDS 173

ТӨЛЕПОВ Н.Ж. ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ АРАЙЛАНҒАН ЖЫЛЫ 182

ТУРЕМУРАТОВ И.А. МЕТРИЧЕСКИЕ КНИГИ ВНУТРЕННЕЙ
КИРГИЗСКОЙ (БУКЕЕВСКОЙ) ОРДЫ 191

ШӘРІПҚАЛИЕВ Т.М.

«БӨКЕЙДЕГІ ТҮНҒЫШ ҚАЗАҚ ҮКІМЕТІ»
196

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ **КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ**
РЕЗОЛЮЦИЯСЫ 201